



ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

12+

1934 жылы
10 қаңтардан шыға бастады

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

www.qazaqadebieti.kz



№6 (3899)

16 ақпан, 2024 жыл

ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ЖАЗҒАНЫН ҚОЗЫБАЕВ ОҚЫМАҒАН БА?..



14 ақпан күні Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиет үйінде «Қазақ тарихына соны көзқарас, жаңа қадам» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Тарихшылар, ғалымдар мен тарихқа қызығушылығы зор қала тұрғындары қатысты. Жоғарыдағы тақырыпты талқылауға себеп тудырған тағы бір дүние — қазақтың ұлы тұлғаларын өзгеге таңып, ұлт тарихын бұрмалауға көшкен бейнекөрініс болды. Көпшіліктің айтуы бойынша, бұл бейнекөріністегі өтірікке толы мәлімдемесін жариялап отырған — журналистика, тарих салаларында елеулі қызметтер атқарған ғалым, ұстаз Сағымбай Қозыбаев көрінеді. Түркіге ортақ бірқатар ғұламаларымызды еліміздің руханиятынан алшақтатып көрсеткен академик ойын:

«Қазақтан бірде-бір айтарлықтай ірі тұлға шықпаған», — деп түйіндеген. Сөз ішінде оның ұлттық намысқа тиетін тіркесті қолданғаны да ешкімді бей-жай қалдырмады. Жиынның кіріспе сөзін Одақ төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Мереке Құлкенов бастап берді. Конференция тізгінін қолға алған Одақ төрағасының орынбасары Нұржан Қуантайұлы келесі сөз кезегін осы жиынның ұйымдастырылуына түрткі болған «Аманат» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, өлкетанушы, зерттеуші Бакытжан Мергенбаевқа ұстатты.

Тарихи еңбектердің көбі қатеге толы екенін алға тартқан зерттеуші қазақ хандары жайлы мәліметтер толыққанды жазылмайтынын ашына сөз қылды. Жалған деректермен ұлт санасын улаудың қаншалықты қауіп төндіретінін, кез келген көлденең көк атты ұлт тарихының мазмұнын мансұқтай бастағанын тілге тиек еткен ол: «Тарихшыларымыз не істеп жүр? Бейнекөріністегідей өтіріктерге, өтірікшілерге қалай тосқауыл жасаймыз?» — деген сауалды ортаға тастады.

(Жалғасы 2-бетте)



4-5 бет

Тұңғышбай әл-ТАРАЗИ:
МИКРОСКОППЕН БӘЛЕ ІЗДЕМЕЙ,
ЛУПАМЕН СӘУЛЕ ТҮСІРЕЙІК...



10 бет

КҮРЕСКЕР ИЛЬФА



12-13 бет

СҮТЕЙ ҰЙЫҒАН БАЯН-ӨЛГЕЙ



18 бет

БӨРІСЫРФАҚ

Ағалығын, азаматтығын, турашылдығын, тура сөйлеп, тура жүретінін бек құрметтеймін. Әдебиет сыншысы, әдебиет мәселесінде ақсарағат ағам деген құрметімнен әлі де танбаспын. Бірақ сол ағам өткенде қазақ әдебиетінің сыншысынан гөрі нәумездеу оқырманға тән мінез көрсеткені...

Алдымен біз пақырдан бір әңгіме оқығанын, әлгі әңгіменің өзіне ұнағанын риза көңілмен баян етіп отырған. Ағаның адамға жағайымсып жағасына май жұқтырғанын көрген де, естіген де емеспін. Сондықтан: «Әңгімем жайында пікір айтса, риясыз көңілімен айтты ғой», — деп, суырмамда жамбақтап жатқан кітабымды ұсына қойдым. Ұсынғаным бар болсын, алақанына мен шоқ салып жібергендей сыншы ағамның шоршып түскені: «Әй, інім, сені бекер мақтаппын. Мен кітап оқымаймын ғой. Қазір атаққа шыққан «пәленбай» деген жазушының кітабын түгіленбай жылдан кейін оқып: «Әй, сен өзі тәп-тәуір жазады екенсің ғой», —

ҰСТАСЫЗ «ҰСТАХАНА»

деп, таяуда ғана лепес білдірдім. Сенің кітабыңды да оқысам, кейін оқырмын, інім. Қап, бекер мақтаған екенмін...».

Сыншы ағам мен шіркін кітабымды мақтату мақсатында емес, толық оқып шығып толайым пікір айтсын, тіпті сынасын деген оймен берген едім. Ойымды айтып үлгермедім, үнемі асығыс жүретін ағатайым: «Қап, сені бекер мақтаған екенмін», — деп күйіп-пысып кете барды. Сол кезде мен де ішімнен: «Қап!» — деппін. «Қап, білікті, білімді, кемел сыншылар бүгінгі ақын-жазушылардың шығармаларын оқымаса, оқып төрелік айтпаса, қазақ әдебиетінің не болғаны?».

Кітап оқылуы керек. Оқылмаған кітап — жетім. Ал сыншы оқымайтын кітаптың соры жетімнен де әрі шығар... Сын — әдебиеттің ұстаханасы. Жасырып қайтеміз, қазақ әдебиетіндегі ұстасыз ұстахананың ұсқыны кетіп-ақ тұр. Жаксы мен жасығы бар, шатты-бұтты шырма-шагу шығармалары және жетіп-артылатын бүгінгі қазақ әдебиеті сын

көрмей, ұстахананың көрігінде қақталмай өзінше өмір сүруде.

...Пассионарлық рухта, авангардтық ойлардың жетегінде жүретін сыншы апайым мені көрген сайын көзінің қарашығы көзәйнегінің ар жағынан тесіліп: «Қазақ әдебиеті» газетінде сынды күшейту керек қой», — дейді. Мен сонда сынға да, сыншыға да зәру екенімізді айтып зарлай жөнелемін. Апайым өмірінде сын жазып көрмегендей немесе әдеби апталықтың сыншыға зәру болып отырғаны өзіне қатыссыз жайтай тесіле қараған көзінің қарашығына жылт жүгіртіп басқа әңгімеге ауысады. Мұнысы несі, мені мұқатқаны ма, әлде «қазақ әдебиетіндегі сынның дәуірі бізбен аяқталды, енді сыншы іздеп әуре болма» дегені ме?

...Тағы бір кезекте әдебиетке қатысты «ұлы жінгір» жиын өтіп жатқан. Мінберге алқын-жұлқын атып шыққан әдебиет сыншысы: «Бізге тез арада әдебиеттану мен сынның аражігін ашып алу керек», — дегені. Сонда мен:

— Не айтып кеттіңіз, көке? Сын — әдебиеттанудың төл баласы емес пе? Әдебиеттану

дегеніміз — әдебиеттің тарихы, әдебиеттің теориясы, әдебиеттің сыны ғой? — деуім керек еді, дей алмадым, өйткені сөз кезегі дөйдалаға лағып сөйлейтін көкала қыртқа тиген еді.

Әрине, бүгінгі қазақ әдебиеті — сынсыз, сын сыншыларсыз қалған жоқ. Қазақ әдеби сынының жас оғындары: Біржан Ахмер, Арман Әділбек, Ерлан Жүніс, Әсия Бақдәулетова, Айнұр Ахметова, Әлібек Байбол, Абзал Сүлеймен, Дүйсенәлі Әлімақын, Арай Жүндібаева, Акерке Асан, Тілеубек Батыс, Тілек Ырысбек, Жаная Тұрмағамбет қатарлы интеллектуал сыншылардың беталысы бізді ерекше қуантады. Олардың өресі — бөлек, өрісі — кең. Олар жайындағы әңгімеміз де — бөлек. Әзірге айтарымыз, қаламы бұрынғы сынға төселген, аға буын сыншылар қауымы, «сын жоқ» деп бізді сынай бергенше, жазыңыздар! Жаза алмасаңыздар — сіздерге, жариялай алмасак, бізге сын болсын!

Дәурен ҚУАТ

ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Facebook желісіндегі парақшасында министрліктің кітап шығару ісіне қатысты жаңа ережелерді бекіткені жайлы бейне-үндеу жариялап, қаламгер қауымын ұлт әдебиетін сапалы кітаппен, нағыз көркем шығармалармен толықтыруға шақырды. Жаңа ереже бойынша, біраз талаптардың өзгергенін көруге болады. Енді мемлекеттік тапсырыспен шығатын әдебиеттерді іріктеу кезінде тәуелсіз комиссия мен сарапшылардың тексеруінен бөлек, оқырман пікірі мен әлеуметтік зерттеулердің, кітап дүкендерінің статистикалық мәліметінің де назарға алынатынын айтқан министр бұған қоса әр авторға қаламақы емес, грант берілетінін ескертті. Сонымен қатар сараптаудан өткен, мемлекеттік тапсырыспен шығарылған кітаптың авторлық құқығы да бұрынғыдай мемлекеттің меншігіне өтпей, автордың өзінде қалады. Талаптар барысында аударма мәселесі де жүйеленген. Алдағы уақытта баспагерлердің де тәржімаланған озық туындыларды мемлекеттік тапсырыспен шығаруға мүмкіндігі бар.



Оқырман назарына Аида Ғалымқызының үндеуде айтқан сөзінің толық нұсқасы мен осы ережеге қатысты қаламгерлердің көзқарасын ұсынып отырмыз.

Аида БАЛАЕВА, Мәдениет және ақпарат министрі: КІТАП – АДАМЗАТ ҮШІН ЕҢ ҚҰНДЫ ҚАЗЫНА

Мемлекеттік тапсырыспен шығарылар кітаптардың іріктеу ережесі

Кітап – адамзат үшін ең құнды қазына. Мәдениет және ақпарат министрлігі кітап шығару жұмысын күшейтуді қолға алуда. Бұл ретте осы саладағы тың бас-тамалармен таныстыруды жөн көрдім.

Біріншіден, кітап басу ісі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан бұл саланы дамыту үшін жаңа ереже қабылданады. Кітаптар бірнеше сараптамалық сатыдан өтіп, тек үздіктері ғана жарық көреді.

Өтінімдер жылына 2 рет қабылданады. Келіп түскен құжаттарды тексеруге – 10 күн, қоғамдық талқылауға – 15 күн, арнайы құрылатын тәуелсіз комиссияның тексеруіне – 15 күн және сарапшылардың қорытындысын дайындауға 2 ай мерзім беріледі. Осы уақыт аралығында оқырмандардың пікірінен бөлек, отандық ғылыми-зерттеу орталықтарының әлеуметтік зерттеулері, кітап дүкендерінің сатылымға қатысты статистикалық мәліметтері, баспагерлердің басылым рейтинг тізбесі назарға алынады.

Міне, осыдан кейін ғана өкілетті орган нақты шешім қабылдайтын болады.

Екіншіден, бұрын қолжазбаларға қаламақы төленетін болса, биылдан бастап жаңа әдеби туындыларға грант тағайындалмақ, яғни биылдан бастап, қаламгерлердің бір парақ жаңа туындысына 6 ең төменгі жалақы мөлшерінде (МРП) грант төленеді. Мәселен, орташа есеппен алғанда, 160 беттік кітапқа 4 млн теңгеден астам қаражат беріледі. Грант министрлік жанынан құрылған сараптамалық комиссияның шешімімен тағайындалады.

Ал кітапты басып шығару және сатылымға шығару құқығы автордың өзінде қалады. Егер ол кітап бір жыл көлемінде жарыққа шығып, кітап дүкендері арқылы жақсы сатылым көрсетсе, оның келесі басылымы мен таралымын мемлекет өз мойнына алады.

Үшіншіден, сондай-ақ, аударма әдебиеті бойынша ҚР мәдениет туралы заңына бірқатар өзгерістер енгізу көзделіп отыр. Мемлекеттік тапсырыспен басылып шығатын әдебиеттердің электронды нұсқасы Ұлттық электрондық кітапханасында жарияланады. Бұл, өз кезегінде электрондық нұсқаларын жариялаудағы авторлық-құқықтық шектеуліктеріне сәйкес, әлемдік танымал туындыларды басып шығаруға мүмкіндік бермей отыр. Кітап басып шығаруға берілетін өтінімдер аясын кеңейту мақсатында, бұл тармақшаны толығымен алып тастауды ұсынамыз.

Төртіншіден, бестселлерге айналған әлемдік әдебиеттің классикалық және заманауи туындыларын қазақ тіліне аудару қазіргі таңда жеке баспагерлер арқылы реттелуде. Енді баспагерлер авторлық құқығын алып, қазақ тіліне аударған белгілі шетелдік туындыларды мемлекеттік тапсырыспен басып шығара алады.

Бесіншіден, жаңа ережеде сараптама комиссиясының әдебиеттерді оқып, қорытынды пікір жазу уақыты екі айға қысқартылатын болғандықтан, жұмыстың күрделілігіне қарай өтемақы көлемін екі есеге ұлғайту қарастырылатын болады.

Алтыншыдан, «Мәдениет туралы» заңда жазушы мәртебесін айқындау ұсынылады. Бұл заңның толық жұмыс істеуіне септігін тигізеді.

Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырар рухани өсиеті. «Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік»... Көрнекті жазушы Ғабит Мүсіреповтің бұл сөзінің уақытқа тәуелді мерзімі де, заманға тәуелді рухани өлшемі де жоқ. Өйткені кітаппен дос болғанның білімге, ізгілікке, көрегендікке жаны құмар болатыны анық. Сондықтан оқырмандарға ой салатын сапалы кітап шығарып, әдебиетті дұрыс қорытуды әзірден бастағанымыз абзал болмақ. Бұл – басты құндылық.

(Кітап шығарудың жаңа ережесіне қатысты пікірлер топтамасын 11-беттен оқи аласыздар)

ҚОЗЫБАЕВТЫҢ жазғанын ҚОЗЫБАЕВ оқымаған ба?..

(Басы 1-бетте)

Сөз кезегін алған Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары Шәмеке Баянұлы: «Тарих жазылмай жатыр, тарихшылар не істеп жүр?» – деп бір жақсы айтуға негіз жоқ. Тарихшылар тарихымыздың терең қатпарына дендеп кірісті, қазақ тарихы жазылып жатыр. Әуесқой тарихшылар мен кәсіби тарихшыларды шатастыруға болмайды. Елімізде тарих ғылымы ХХ ғасырда қалыптасқан. Мықты-мықты тарихшыларымыз өткен. Ғылыми тарихты жазудың арнайы методологиясы бар. Біз сол жүйеге сүйенеміз. Бір тарихшы бүкіл тарихты білуге міндетті емес, ол мүмкін де емес. Әр кезеңнің өз тарихшысы бар. Жалпылай келгенде, қай саланың шаруасы болсын, сол саланың маманы айналысқаны дұрыс. Тарих «мен мынадай сенсация жасадым» деген құр желеуді көтермейді. Ғылыми негізі жоқ дүниелермен ұлтты адастырмауымыз қажет. Бейнекөріністе кісінің айтқаны – жалған. Ол өзінің ағасы Манаш Қозыбаевтың ұлттық тарихқа қатысты керемет еңбектерін оқымаған сияқты. Неліктен мұндай мәліметтерді айтқаны да түсініксіз.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақ тарихының ежелгі дәуірден күні бүгінге дейінгі кезеңдерін қамтитын академиялық негіздегі 7 томдық даярланып жатыр», – дей келе қай томның қай институттар мен қандай ұжымдардың тарапынан әзірленгеніне де жеке тоқталды.

Сонымен қатар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих факультетінің деканы, профессор Досбол Байғұнақов Сағымбай Қозыбаевтың бейнекөріністегі сөздерін мүлде қолдамайтынын, ғалымға сол қате тұжырымы үшін оқу орнынан да сөгіс жарияланғанын атап өтті. «Қоғамда дурдараздық туғызатын пікірлер айтылғанда бір нәрсеге мән беру керек, мұндай олқылық сол дурдараздыққа арқау болған кезеңнің мамандары жетіспеуінің де білдіреді», – деді ғалым талқылауға түсіп отырған профессордың зерттеу нысаны мүлде басқа бағытта екенін де қаперде ұстау қажеттігін жеткізіп.

Жиын барысында тарих ғылымдарының докторы, доцент Арман Жұмаділ де ешқандай шындыққа қабыспайтын мәліметке қарсылығын білдіріп, ел тарихы ұлт болып қорғайтын құндылық екенін ескертті. «Қазақ тарихында бұрмаланған дүниелер баршылық. Советтік империяның бұғауына қалай түстік, солай тарихымыз да бұрмаланып оқытылды. Отар елдің тарихы сүйкісіз көрінеді, өйткені оны жазатын – отаршылар.

Бүгінде заман өзгерді. Отарсыздандыру мақсатында жасалып жатқан жұмыстар жоқ емес. Алайда советтік-тоталитарлық жүйенің өнімі, сарқыншағы әлі де қалмай келеді. Түбі ақиқат орнайды. Әлі талай деректер ашылады, дереккөздері жетеді.

Бізбен іргелес отырған елдің саясаткерлері тарихты білмейді дейсіз бе? Біледі. Біле тұра: «Қазақ мемлекет болмаған», «Қазақ – қолдан жасалған ұлт» деген жалған мәліметтерді таратып ел ішінде алауыздық туғызады. Тарих дегеніміз – идеология. Идеологиялық майданда біз жеңілмеуіміз керек.

Бала санасы жоғары оқу орнына келгенше қалыптасып қояды. Ұлттық рухта жетілдіру де, теріс идеологияны сіңіру де мектеп қабырғасында басталады. Өзіміз сабақ беретін студенттердің арасында түрлі сенімдегі балалар кездеседі. Барінің іргетасы мектепте қаланған. Сол үшін мектеп бағдарламасындағы ұлттық негіздегі тарихты жақсылап оқытуымыз қажет әрі тарихтың қалай оқытылатынын қадағалаған жөн. Естиміз, тіпті кейбір жекеменшік мектептер Ресей оқулықтарымен оқытылатын көрінеді. Бұл – дұрыс емес.

Қазір тарихымызбен ғана емес, мәдениетімізбен де алысатындар шықты. «Қазақтың домбырасы – харам», – дейді текесақалдылар, шолақбалақтылар. Арабтың шертпе музыкалық аспаптары – халал да, біздікі харам болып шығады. Қысын қайда? Әр адастырушының артында теріс пиғылды саяси күштер тұр. Соның бәрі – идеологиялық шайқас, идеологиялық күрес. Осындай кер тартпалыққа бой алдырмау үшін жан-жақты жауапкершілікті күшейтуге тиіспіз. Ұлттық сананы, ұлттық болмысты қалыптастыратын екі пән бар, біреуі – әдебиет, екіншісі – тарих», – деді ол тарихқа, тарих пәніне қатысты мәселелерді тарқата сөйлеп.

Жиынның қорытынды сөзі Абылай хан, Әбілхайыр ханға қатысты, өзге де тарихи зерттеу еңбектерін, бірнеше томдық өз қаржысына шығарып, тарих ғылымына айтарлықтай үлес қосып жүрген Болатбек Нәсеновке берілді. Зерттеуші хандар тарихынан деректер келтіріп, елдік мақсат тұрғысында жұмыла жұмыс істеуге, бірлікке үндеді.

Саралу кезінде көпшілік арасында әртүрлі пікірталасулармен қатар, ой қайшылығы да туындады. Алайда алқалы басқосуға жиналғандардың барлығының дерлік көздегені ұлттық тарихты әйгілеп, ұлттық болмысты жандандыру екені аңғарылып тұрды.

P.S. Жиын барысында есім-рихшы, журналист Сағымбай Қозыбаев бұл талқылауға қатысқан жоқ, келген жоқ. Оның алдағы уақытта айтар уәжі, пікірі болса, газет бетінде жариялайтын боламыз. Дегенмен баршамыздың көкейімізде «белгілі тарихшы Манаш Қозыбаевтың еңбектерін інісі Сағымбай Қозыбаев расымен оқымаған ба?» деген жауабы беймәлім сұрақ қалды.

Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН
ТУРАЛЫ ҮЗДІК РОМАН ҮШІН
жыл сайынғы МЕСЕНАТ.KZ
әдеби сыйлығы Қазақстан
туралы роман жазуға
КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ.



Қаламгерлердің барлығын байқауға
қатысуға шақырамыз.
Толығырақ www.mecenat.kz сайтында

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

Мектеп шәкірті шағымызда, жаздыкүні, ауыл ортасының о тұсы мен бұ тұсындағы көгалда 3-4-тен мәжіліс құрып отырған ақсақалды жағалап, әңгімелерін тыңдайтынбыз. Батырлар, хандар, билер, Қожанасыр, Алдаркөсе туралы.

Сондайда бір күні Дәулетбек қарт: – Оның бәрі жөн ғой, ал осы біздің қаратаяқтар кеше малымызды қырған Көлешөкін (Голошекин) «халық жауы» деген жаламен азаматтарымызды қырған Мырзаян (Мирзоян) деген сұрқиялар туралы шындықты неге айтпайды, неге жазбайды? Азаматтарымыздың құнын төлеттіру керек қой Мырзаянға! Ол қанқұмар қазір қайда екен?! – деді.

Мектепті тәмамдап, облыстық «Коммунизм туы» газетінің редакциясына (*Шығыс Қазақстан*) жұмысқа орналасқанда әкем: «Балам, қалам қызметінді бастадың. Батыл бол, әділ бол. Құрманбай атаннан бастап, осындағы қайран қазақтарды қаматып, аттырып есалаңдаған Мырзаян деген бірінші басшы болған. Оның бүкіл Қазақстанды қанға бояғанын естіп жүрміз. Егер дәтің болса, сол зәлім туралы жазатын бол. Заман түзеліп, ондайларды әшкерелеу басталды ғой», – деді.

1964 жылы Алтайдан қоныс аударып, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына жұмысқа алынып, әңгімеміз жарасқан жазушы ағаларымыздың үшеуімен тіл табыстым. Олар: «Ең дұрысы – Одақтық, республикалық партархивтерге ресми хат жазып, Мирзоян туралы құжаттардан көшірме сұра», – десті. Солай істедім.

Бір күні «Егемен Қазақстан» газетінде Назарбаевтың Левон Мирзоянның ұлын қабылдағаны, Қазақстанды «өркендеткен» марқұм әкесіне бүкіл халқымыз риза екені, көшелерге аты берілгені, енді Астанада ескерткіш орнататындары туралы айтқаны хабарланды. Өйдә-ә-ә!..

Президент Н.Назарбаевқа, Астананың сол кездегі әкімі И.Тасмағамбетовке әлгі масқаралыққа қарсылық хат жазып, қолымдағы ресми құжаттардан көшірмелерді қоса жібердім. Апта өте бере қандықолдың Астанадағы көшесі – академик Қаныш Сәтбаев көшесі, Алматыдағы академик Шағи Шәкин көшесі болып түзетілді. Бірақ нем-

НЕМКЕТТІЛІК



Ғалым Смағұлдың карикатурасы

кеттілік жайлай бастаған қоғамымыздан: «Мирзоян қазақты қашан, қалай жарылқап еді?!» – деген дауыс естілмеді.

Немкеттілік...

Енді сөзім «Қазақ әдебиеті» газетінде 1994 жылы шыққан «Бір «қызык» деген мақалама қатысты. Ол «Жазушы» баспасынан 1993 жылы шыққан «Абылай хан» атты жинақты оқығында «алған әсерім» туралы. Жинақтағы мақалалардың «деректерін» қысқа қайырайын:

«Абылай атанғанға дейінгі Сабалақ Тәшкеннің бір шайханасында су тасып, отын жарып жүрген; Әбілмәмбет төренің түйесін баққан; Төле бидің түйешісі болған; Жасы жігіттікке жете бере басқыншы қалмақтарға қарсы жорыққа қатысып, ғажап ерлік жа-

саған; Үш жүзге белгілі батыр Олжабай Абылайдың ең сенімді серігі болып, ала туын ұстап жүрген; Үш жүздің бас биі Төле бидің айтуымен, Қазыбек би мен Әйтеке бидің қостаумен Абылай ақ киізе отырғызылып, қазақтың ханы болып сайланған».

Жәделік, Абылайдың туы ақ болған, Олжабай Абылайдың «ең сенімді серігі, ту ұстаушысы» делінбеген. Ал Абылайдың хан сайлануы жөнінде Сүйінбай да, Шәді төре де жалғандыққа ұрынған.

Сүйінбай Аронұлының «Үш жүзге би Төле еді» деп аталған қысқа толғауында:

*Үш жүзге би Төле еді,
Заманында сол Төле
Тәшкенге бір күн келеді.
Сенің атаң Абылайды,*

*Әбілмәнсур атанып,
От жағып жүрген жерінде
Шайханадан көреді.
Сол құлдыктан құтқарып,
«Сабалақ» деген ат қойып,
Төле би алып кеп еді.
Ел түйесін бақтырып,
Қызметін көпке жақтырып,
Кірме екенін айтқызбай,
Хан қойған бабам сол еді.
«Хан қойған» мен «қойдырысқан»
дар» туралы ресми дерек:*

Төле би Әлібекұлы – 1663-1756 жылдары;

Қазыбек би Келдібекұлы – 1667-1764 жылдары;

Әйтеке би Байбекұлы 1644-1700 жылдары өмір сүрген, яғни Абылайдың 1771 жылы күзде хан сайлануынан:

Төле би – 15 жыл бұрын;
Қазыбек би – 7 жыл бұрын;
Әйтеке би 71 жыл бұрын бақилық болыпты!

Сонда Абылайды ақ киізге отырғызған жұртшылық арасында үш биіміздің үшеуі де болмаса, Шәді төре мен Сүйінбай ақын нені, кімді жырлады?

Абылайды сайлауды көкшетаулық Қанай би ұйымдастырыпты. Ол Абылайдың Бас биі екен. Парасатымен абыройлы Қанай би – ақын Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанындағы бір кейіпкер.

Жоғарыда аталған мақалама: «Тарихшыларымызға құлаққағыс», – деп қосымша тақырып қойғанмын, бірақ бір «құлақ» көрінбеді.

Жинақты құрастырғандар да, кітап етіп шығарғандар да көпе-көрінеу кереғарлықтарға, жалғандықтарға көңіл бөлмеген. «Е, ештеңке етпес...». Баяғы қазақы «азбас, тозбас» НЕМКЕТТІЛІК. Соның салдарынан тарихымыздың қай саласында да нақты ақиқат түйін жасалмаған мәселе әлі де баршылық.

Мен атаған оқиға-жайттардың бәрі ортақ мүдде үшін кезінде газет-журналдарымызда жарияланды, алайда зиялы қауымдағы дос-жолдастарымның, құрдас-інілерімнің ешқайсысы не «дұрыс екен», не «бұрыс екен» деген жоқ. Немкеттілігіміздің ең бір «ғажабы» бұдан 5-6 жыл бұрын 70-ке жуық кісіге «академик» атағын бірден берілгені болды ғой Ол не? Ол – ғылымды «майлық-сулыққа» айналдырғандық! Ол жолы да: «Бұлары несі?» – деген сұрақ естілмеді.

Жазушы Әнуар Әлімжанов айтқандай, бабамыз әл-Фарабиден ұрпақтарына мына бір сөз де қалыпты: «Сен досыңнан сезіктенбе, қатты болса – сатып кетер. Сен жауыңнан именбе, қатты болса – атып кетер. Сен немкеттіліктен сақтан, түбіңе сол жетер».

Егер «Қазпошта» бөлімшелеріне барып жазылуға уақытыңыз болмай жатса, газетімізге «Kaspi Gold» арқылы (8 707-821-93-97 Атиркул. Б.) жазыла аласыз. «Kaspi Gold» арқылы ақша аударар кезде «Сообщение получателю» деген жолаққа кімге екенін (толық аты-жөніңізді), қайда екенін (облыс, аудан/қала, ауыл, көше, үй нөмірі, индекс және ЖСН (ИИН) нөмірін) нақтылап көрсетуді ұмытпаңыз. Немесе осы нөмірге қоңырау шалып, ескерте салыңыз.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН.
ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ – «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»**

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

«Казпошта» АҚ бойынша	Жеке жазылушыларға: Қалаларда: 3 айға – 1554 т. 45 т. 6 айға – 3108 т. 90 т. 10 айға – 5181, 50 т.	Аудандар мен ауылдарда: 3 айға – 1610 т. 31 т. 6 айға – 3220 т. 62 т. 10 айға – 5367, 70 т.	Кәсіпорындар мен ұйымдарға: Қалаларда: 3 айға – 3294 т. 45 т. 6 айға – 6588 т. 90 т. 10 айға – 10981, 50 т.	Аудандар мен ауылдарда: 3 айға – 3350 т. 31 т. 6 айға – 6700 т. 62 т. 10 айға – 11167, 70 т.
	Жеке жазылушылар үшін: 3 айға – 1263 теңге 6 айға – 2526 теңге 10 айға – 4210 теңге.	Кәсіпорындар мен ұжымдар үшін: 3 айға – 2223 теңге 6 айға – 4446 теңге 10 айға – 7410 теңге.	«Әврिका пресс» ЖШС бойынша Жеке жазылушылар үшін: 3 айға – 1155 теңге 6 айға – 2310 теңге 10 айға – 3850 теңге.	Кәсіпорындар мен ұжымдар үшін: 3 айға – 2115 теңге 6 айға – 4330 теңге 10 айға – 7050 теңге.

Хабарландыру

Құрметті қаламгерлер!
Қазақстан Жазушылар одағында сәуір айында дәстүрлі Әдеби жыл қортындысына арналған жиын өтеді. Осыған байланысты 2023 жылы жарық көрген кітаптарыңызды (2 данадан) 5 наурызға дейін Қазақстан Жазушылар одағына, 2 қабат 25 бөлмеге әкеліп тапсыруыңызды сұраймыз. Аймақтарда тұратын қаламгерлер кітаптарын мына мекен-жай бойынша пошта арқылы жіберулеріңізге болады: 050000 Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 105 үй, 25 кабинет.

Қазақстан Жазушылар одағының хатшылығы

Актер, режиссер, театр педагогы, өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» және «Достық» ордендерінің иегері Тұңғышбай Әл-Тарази төмендегі сұхбатында бүгінгі қазақ театры мен кино өнерінің ахуалы туралы әңгімелей келіп, «Шығармашылық деген – бөлек әлем. Ол ноқтаға көне алмайды. Ноқталанған жүйріктің бәйгеден озып келері бос сөз» деген байлам жасайды.

Тойқұмар қазақтың қазаны біреу емес қой

– Тұңғышбай аға, жақында әлеуметтік желі арқылы Асанәлі Әшімовпен татуласқаныңызға куә болдық. Бұл жай қол алысып, арқа қағысу секілді татуласу болған жоқ. Бұдан қазақ екенімізді айғақтайтындай дәстүр көрінді. Бір жерден «қамшы – тәрбие құралы. Өмірінде бір рет арқасына қамшы тиіп көрмеген еркек жетіскен күйеу, арқалы аға, ілтипатты іні болып жарытпайды. Қамшы – еркектің бойына намысты, жігерді, шыдамдылықты оятатын құрал» дегенді оқып едім. Сіздің қамшыға арқаңызды тосқаныңыз маған осыны ұғындыра түскендей болды. Дегенмен қазақ театр және кино өнерінің қос майталманы мұндай көрініс арқылы елге шын мәнінде не айтқысы келді? Өз аузыңыздан естісек деп едік...

– «Асекеңмен арамыз алыс-алашпыз» дегенді кімдер таратып жүргенін білмеймін. Менікі – жасы үлкен ағаның айғайынан аулақ жүру ғана. Ол кісінің мен туралы «ойында» жұмысым жоқ, патша көңілі білсін. Әлгі сіз айтқандай, «татуласу» өмірімізде талай болған-ды... Немістерше «брудершафт» жасап, стакан соғыстырып, талай төс қағыстырғанбыз. Алдымыздағы аға болған соң, еркелігі мен тентектігін көтеру – ініге парыз. Сіз мән берген «мизансценамыз» – кейінгіге құлаққағыс, үлгі екені хақ. Сыйлыққа қиып әкелген қамшысын қорабынан ағытып жатқанын көріп, үрдістің аржағын жалғастыру үшін арқамызды тосқанымыз – жасамаған күнәмізге кешірім сұрау емес, ағаның жадау көңілін аулау еді, өзі аса құмарлық танытатын «сахналық» әрекетінің нүктесін қою болатын... Қазақ ұрпағына қамшы салмайды, қамшымен ұрмайды, намысын, жігерін қамшылайды деген сөз бар. Екеуіміздің басымызды бір қазанға сыйғыза алмай жүрген ағайынға айтарым, екеуімізге екі қазан қиыңыздар. Тойқұмар қазақтың қазаны біреу емес қой.

– Бір қойылымда, өзіңіз айтқандай, қолыңызға бұғау, аяғыңызға кісен салынғанда қиянатқа қылыштай жарқылдап қарсы тұрдыңыз. Қандай жағдайда да адам өз ұстанымынан таймау, басына түскен сынаққа сынбау керектігін көрсет-

тіңіз. Алла берген абыройыңызды өзіңіздің рухыңызбен, қайсарлығыңызбен қорғай алдыңыз. Дегенмен осындай сәтте көңіліңізді қалдырып, жүрегіңізді мұздатқан шәкірттеріңіз алдыңызға келсе, сіз де оларды қамшыңызбен тартып тартып жіберер ме едіңіз?

– Жок. Ондайларға қасиетті қамшыны қор қылып, кепіетін қашырғым келмейді. Айыбын біліп, арқасын тосар ол да жок. Өйткені сатқындықты бір жасаған адам екінші рет те ойланбастан жасайды. Қателікті кешіруге болады.

Тұңғышбай ӘЛ-ТАРАЗИ:

МИКРОСКОППЕН БӘЛЕ ЛУПАМЕН СӘУЛЕ

Ал сатқындықты – жок. Екі дүниеде ұстазды сатудан асқан пенделік жоқ. Көріп жүрсіздер, ақталмақшы болған ардың-гүрдің сұхбаттарында онысы үшін ұялғаны, қиналып қынжылғаны көрінбек түгілі, одан әріде сол баяғы әдетінде жүргені анық байқалады. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген рас сөз... Қазақтың «алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» дегеніне назар салыңыз, «құнын» дейді... Сатқындығын емес.

– Түсінікті. Тұңғышбай аға, қазір нендей шаруамен айналысып жүрсіз?

– Бүгіндері қайда жүруші едім, ой-орманында жүрмін... 75 жасым мемлекеттік деңгейде аталып өтті. Оған ризашылығымды білдіремін. Жүргенов академиясы халықаралық ғылыми конференция өткізді. «Өнегелі өмір» сериясымен мен туралы 21 баспа табақтық кітап шығарды, басты рөлдерді кейіптеген фильмдерімнің апталығын өткізді. Ал М.Әуезов театры менің режиссурам мен актерлік жұмыстарымның апталығын өткізді. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен қала жұртшылығы мен зиялы қауымы тамашалаған Абай атындағы опера театрында 29 қараша күні үлкен шығармашылық кеш ұйымдастырылды. Жыл аяғында туған жерім Таразда да кеш өткізіліп, «Абылай ханның ақырғы күндері» спектаклін көрсеттік. Өзім ғылыми консультанты ретіндегі Тараздың Дулати атындағы университетінің өнер факультеті менің құрметіме арнайы аудитория ашып, безендіріп қойды. Белгілі себептермен 70 жасымда өзім дайындап, бас кейіпкерін «сүрген» «Қуыршақтар» моноспектаклінің премьерасын өткізуге төл театрымның Кіші залын да қимаған кез болып еді. Ол заман да өтті бастан. Ескі елде еркінсіген мәдениеті төмен жандар жаңарған тұсымызда да тайрандап жүр. Кездесіп қалса, құлдырандап келіп қолын ұсынады. Кәпір емеспін ғой, амал жоқ, амандасам.

Қай кездегі министрлердің де «тілін тапқыш» хамелеондардың адам тағдырын тәлкек қылар қарау пиғылдары қауіпті. Жар астындағы жаулар қоғамның жазылуы қиын дерті екенін білсек те, кеңқолтықпыз.



Аллаға шүкір, тұғырдан тайғамыз жоқ, Әуезов театрында келісімшартта актермін, Жүргенов академиясында профессормын. Үлкенді-кішілі фильмдерге шақырылып тұрам. Бәрі орнында, ағайын-туыс түгел, қатын-балам аман, денім сау. Ең бастысы, елім жаңаруда, өткенге – салауат, ертеңім еңселі.

Дәлдүріштен өрелі өнер тумайды

– Тұңғышбай аға, үлкенді-кішілі фильмдерге шақырылып тұрам деп қалдыңыз. Бүгінгі қазақ киноиндустриясының қоржыны жаңа туындылармен толығырақ түсуде. Дегенмен біз солардың ішінен өзіңізді көрмейміз? Неге? Кейде ойлаймын, бәлкім, бұл тарихи фильмдердің түсірілмей жатқанынан шығар. Өйткені сіз көбіне-көп тарихи сахналарда өнер көрсеттіңіз ғой. Бірнеше хан мен патшаның образын өзіңіз арқылы таныдық. Қазақ кино өнерінің кемел тұлғасы ретінде сіздің осы туралы да ойыңызды білгіміз келеді.

– Бүгінгі қазақ киносы туралы айтсақ, екі түрлі жағдайды байқаймыз... Бірі – біздің қоғам кино өнеріне кәдімгідей жаны ауырып, оның болашағына, мәдениетіміз бен өнеріміздің өміріміздегі орнына көңіл бөліне бастады. Екіншісі – «жалпы, осы өнер атаулының бізге қажеті бар ма» деген мырқымбай ой қалыптасып, «осылар бәле болды, қайтсек құтыламыз, қажетсіз, күресінге ығыстыра салсақ тыныш болар ма едік» деген пиғылдың құлағы қылтып тұрады...

Екінші түйткіл жаныңды түршіктіреді. Ескі Қазақстаннан ілесіп келе жатқан өнерге деген еріншек көзқарас әлі де қаперде.

«Жастарға сенім арту керек» деген сылтаумен, сыралғыларды сырғытып, «жан-тәніміз бен ой-пиғылымыздың» иелері, жоғарыға атасы қалдырған мұрасындай жайғасқан шен-шекпенділердің оң жағынан алшақтамайтын, айтқандарынан алыстамайтын, шідер үзбейтін ноқтаға көңгіш, айдауға жүргіш

сарауыздардың табыла кетуі оңай емес. Содан болар әрқилы асығыс тағайындау етек ала бастағандай. Олары тапырақтап бір орыннан тиянақ таба алмай, аккөт торғайдай әр ағашқа қонақтап жүр... Ал қатігез уақыт сәт сайын алға ұмтылып, ұпайын асыруда. «Жас өспей ме, көкейінді теспей ме» деген тәмсіл так-таласқа қисынсыз сөз. Жас адам тез өсуді, сөйтіп, «обоймаға» ілінді үшін ғана тырбанады. Барған жерінің бағын ашу қаперінде жоқ.

Хо-о-ш деңіз... Осылай ескі мен жаңаның ортасында талтайып тұрған тәрсіз кезде қайдағы тәрлі өнер?! Аш адам алдымен қарнын ойлайды, өнерпаздар да ет пен сүйектен жаралған... Мұхит Мералының «жалғыз сиыры» тәлім емес, ол сұмдық – сол заманның емес, ұлтымыздың бетіне жағылған қара күйе! Оны айтасыз, екі сиырға қаратпақ болған заман да өтті соры қалың қазақтың басынан! Абай хәкімінің өзі «майлы ас жемей» қалам тартпаған шығар... Төбе шашыңның тік тұрары – өнер жайлы солақай ойлайтын одыранбайлар әлі де бар екен! Түркістан облыстық мәслихаты депутатының: «Театрға неменеге көп ақша бөлінеді? «Келіндер көтерілісі» деген не ол?» – деген дүмбіл сөзін қараңыз.

«Қазақфильмнің» қай қоржынын тілге тиек етіп отырсың, қарағым? Қазақты қорлап, жамандап, шетелдік шыырларға жария ететін, етегімізді ашатын, сөйтіп, сөлкебай сүйретіп келген, қағынан жеріген құландардың қыртымбай киноларын айтып отырсың ба? Жерге қаратпашы, қайран көңілді қалдырмашы, қарағым. Экранымызды жаулап алған түріктің, парсының, кәрістің киноларын қарашы, қағанатын қалай асқақтатады, тарихын қалай тәпсірлейді. Олар өнерге бөлінген ақшаны іздеп микроскоппен қарамайды, ұлттық санаға лупамен сәуле түсіреді, ұрпағына ұлтжандылықты шегендеп, есіне салады. Сол қасиетті қағбаға кететін қаражатты біздегі бүйіріне пышақ айналмайтын берекесіз шенділер сынды өңештен өтіп, үй артындағы қалажайға нәжіс боп түскен қаржыны шұқылап, бөк ішінен қазбалап қылмыс іздемейді. Ертеңін көздейді. Жылап ішіп, шынғырып дәрет сындыратын дәлдүріштен өрелі өнер тумайды. Сен

көтеріп отырған мәселенің төркіні менің экраннан көрінбей жүруімде емес, жоғарыда мен жылтып айтқан жөн-жосықта! Алайда ауызды құр шөппен сүртпейік, бірді-екілі туындылар бар ғой! Бірақ тым аз.

Үмітім үзілмей тұрғаннан ғана тірі жүргендеймін

– Аға, біз жалпы сіздің аузыңыздан «ішімде өттеген-ай деген шер жатады» дегенді жиі естиміз. Тіпті бір әніңіз-де: «Шашыма ақ кіргенде ой талаған», – дейсіз. Бұдан өзге қандай шеріңіз бар, бөлісіңізші...

– Ой, қарағым-ай! «Қайсы бірін айтайын, шандыр бетім тартайын»

ІЗДЕМЕЙ, ТҮСІРЕЙІК...

деген екен заманынан теперіш көріп, запыран шеккен әжелеріміз. Қайсы бірін сұрайсың, бір басымызға жетерлік шер мен шөппен жатыр ғой ішімізде. Біразын жоғарыда айттым, қоғамды қарадүрсіндік жайлап, қымбаттың – арзандағаны, арзанның аспанға шығуы, тілдің құрдымға кетері, ділдің тұманда қалуы, айтылған сөздің ем болудан кетіп, ауыздан шыққан жел есебінде болуы, «ақша» деген әзірейілдің үстемдік құруы, ұлдың – жетесіз, қыздың кепиетсіз қылығы, басымыздан өткен ең отты, қуатты боларлық отыз жылынды жемқорлар жетегіне алып билікті жайлағаны, қалған өміріңнің өкінішпен өтері – қайбір жақсылық дейсің... Ертенін ескермеген еліңнің кешегі шенділерінің сыйқы – анау! Шер емей немене, шөппен емей немене?! Ел-жұртымды ессіз сүйгеннен ғана, жінішкерген үміт әзірге үзілмей тұрғаннан ғана тірі жүргендеймін. Ален Делон деген өмірді шайқап өткен, әлемдік деңгейге көтерілген өнерпаз айтыпты: «Мына қасиеті мен кепиеті кеткен заманды жек көремін, ана дүниеге алаңсыз кеткім келеді», – деп. Менің де сол ойда жүргеніме біраз болды...

– Құдай сақтасын! Сіздің әлі қазақ театр және кино өнеріне береріңіз көп қой. Мәселен, мені бесінші кітабыңыз мазалайды. 400 беттен асып қалғанда тергеушілер компьютеріңізден өшіріп алды. Қаншама еңбек, маңдай тер, ұйқыны ұрлаған түндер сонымен бірге өшіп кеткендей болды ғой. Енді ондағы дүниелер қайта сол күйінде қағаз бетіне түспесі анық. Біз осы кітабыңыз жайлы білгіміз келеді. Ондағы жарық көрмей қалған ойлар мен әңгімелер не жайлы еді?

– Несін айтам, өтті-кетті. Қайта жазылғандай болып жатыр. Бірақ қайдам... Басқа кітап болатын шығар. Ащысы көбейіп барады, қайта-қайта өшірем. Алдыңғысында арман тәттілеу еді, ал мұнда запыран көп. Қанатым қиылды ғой, қарағым... Бұл шөппенді жаза бергім келмейді, қайткен күнде

елім ғой, өзегім ғой. Ескі Қазақстан болса да өз елім ғой. Елімді жамандағаннан не ұтамын, қай ұшпаққа ұшамын? Бәлкім, жоғалтуларым жайлы болар, арманда кеткен дос-әріптестерім жайлы болар. Керегі кем боп қалған өнер теориялары жайлы болар. Білмеймін...

Артистерді алтыншы сорттың адамы қатарына түсірген өзіміз

– Аға, қазақ киноиндустриясынан бөлек бір сұрақ қойсам деп едім. Өнер жолында жүрген артистер жайлы. Бүгінгі әншілерге бұрынғының сал-серілері

секілді құрмет көрсетпейміз. Тойға ән айту үшін келгендерді тойхананың төріне емес, бір бұрышында тұрған үстелге жайғастырамыз. Неге бұлай болып барамыз?

– Бұл жайлы талай айтқанмын. «Айтқанның аузы жаман, жылағанның көзі жаман». Біраз жыл бұрын Құрманғазы оркестрінде шәниіп отырған шетінен хан қалпақ киген домбырашы-кісәпірлерді тәубеге келтіргендей болып, біраз сынға алып едім. Әйтеуір, бүгіндері бөрік киетін болыпты. Артистерді «әртис» деп мазақтап, алтыншы сорттың адамы қатарына түсірген өзіміз. Тойларда мөлііп, нәпақа тілеп тұрған әнші іні-қарындастарыма жаным ашиды, амалым не... Қаржы қазанында қалған қаспаққа зар қылып қойған отыз жыл қор қылған қорқау заманды қарғағаннан не пайда? Бұрынғының былығын, төккен қанын тазаламақ боп жанұшырған бүгінгі Мемлекет басшысының қолы байлаулы, оны мен солы – ордалы жыланның құйрықтарының жыбыры. Мешіт ішіне – Құдайдың үйіне жиылып алып сес көрсеткен, қырық кесе де кесірткелік ірілігін жасырмаған «жамағат» – анау.

Сен әншілердің халін айтасың. Мен заманның зарын айтам. Бәрі соның кесірі... Кесір басымызды жарды. «Бәрі аштығын білдірмес, сыртқы жүнін кампайтар» дейтіндей, қор қылған жерге бармай, тектілік көрсету жоқ болса, қайтеміз. Олардың да тамағы – тесік, қара қазан, сары баланың қамы...

– Осыдан бірнеше жыл бұрын Мемлекет басшысының қабылдауында болып, өнер адамдарының әлеуметтік жағдайын жеткізгеніңізді білеміз. Содан бері не өзгерді?

– «Көрмес түйені де көрмейді». Өзгеріс ілгерілеу бар, өнерпаздардың зары жетті, алқаланды, атақтар қайтты. «Мұсылман болу әсте-әсте, кәпір болу бір пәсте» деген кестелі сөз бар. Отыз жылғы оңбағанды оңдыру бір пәстің ісі емес. Теренге тартқан тәртіпсіздікті түзеу, тәртіпке келтіру оңай шаруа ма? Көріп жүрсіздер, естіп жатырсыздар. Асыққан сайтанның ісі. Бір анығы

– бүгінгі басшы асығыс шешім жасамайтын дипломат! Адам! Ақылман! Адал! Соған сенейік, сонынан ерейік. Бәрі дұрыс болады. Қоғам түзелсе, бәрі орнына келеді. Үміт үзбейік.

– Қазақстан Театр қайраткерлері одағының шырақшысысыз. Оның жағдайы қалай? Жоғарыға жан дауысыңыз жете ме? Не тірлік жасап жатырсыздар?

– Бұл өзі қоғамдық ұйым ғой. Бұрындары әжептеуір сөзі өтерлік абыройы бар еді. Бүгінгі шенділер шеттетеді, бірде – құлақ асып, бірде – тыңдамайды. Әйтпесе, бұл одақ – Рабиға қарағым, білгенге, бүкіл өнерпаздардың шығармашылық жағдайларының барометрі.

Шығармашылық деген – бөлек әлем. Ол ноктаға көне алмайды. Нокталанған жүйріктің бәйгеден озып келері бос әңгіме ғой. Әлеуметтік жағдай бір бөлек те, шығармашылық өре – бір бөлек. Актерлердің әлеуметтік жағдайын жетістіріп отырған шенеунік те шамалы. Там-тұм жалақысын білінер-білінбес етіп көтерген болады. Ал онысы қарқ кылардай қаражат емес, тақыл-тұқыл, ілдәланған тиын-тебен. Нанға жеткенмен майға жетпейді. Дегенмен «бас жарылса, бөрік ішінде» дегенді мықтап санамызға сіңірген момындармыз.

Ал шығармашылықтың проблемалары жетерлік. Оқу, үйрену, тәжірибе алмасу, суреткерліктің қыр-сырын терендей түйсіну, әлемдік жетістіктерге ұмтылу, актерлік шеберліктің жаңа биіктеріне ұмтылу. Жаңа режиссерлік қалыптарды бағамдау. Сонымен бірге өзгенің қаңсығына таңсық болмай, өз қанымыздан айнымау, ұлттық ренкіміз бен дәстүр-салт құндылықтарымызды тәрк етпеу сияқты толып жатқан мәселелер шаш етекпен! Театрдағы репертуар саясаты, драматургия жазу әдістері сияқты өзекті тақырыптарды шенеуніктер көтере алмайды, тіпті білмейді де! Айта берсең – ауыр жүк! Осыларды шығармашылық одақ қана ұғады, одақ қана айналысуы керек. Оған қол қысқа. Ескідегі жады миға әбден сіңген, тек билікке, жоғарыға жәутендеу әдет боп кеткен. Олар төмен түспейді, біз соларға телміруімізді қоймаймыз. Айына екі тілде бір шығарып тұрған ТЕАТР KZ журналын шығару да қиынға соқты. Өткен-кеткен шенеуніктер шығармашылықтың қамын күйтейтін одақтың қанатын қайырған, үй ішінен үй тігіп «ассоциация құрып», жарыстырып ерегестіріп қойған. Заманында артымен диірмен айналдырған бір мықтының қолбаласы болған «ассоциация» түк бітірмесе де, жоғарыдан қолдауға ие. Көбіне солардың сөзі өтеді, ал біз «әй, кәпір» санатындамыз. Сонда да арпалысып келеміз. ТМД елдеріндегі әріптестерімізбен тығыз байланыстамыз, актерлар мен режиссерлерімізді екі айлық оқуға, тәжірибе алмасуға жіберіп тұрамыз. Еліміздегі 70 театрдың барлық жай-күйімен таныспыз. Жыл сайын «Еңлікгүл» сыйлығымен марапаттау рәсімі үзілген емес. Мүмкіндігінше, барлық әріптесіміздің мерейтойын ескеріп, жаңа жұмыстарын барып көріп, аралас-құраластамыз. Үй-жай алып бере алмасак та басшыларға жеткізіп саларды шешу мәселесімен де айналысамыз.

– Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға көп рахмет.

Сұхбаттасқан
Рабиға АҒМАНОВА,
Қазақстан Театр қайраткерлері
одағының жауапты хатшысы

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТОҒЫСТЫРҒАН «ҚҰЛАГЕР»

БАЙҚАУ ТӨМЕНДЕГІ 7 НОМИНАЦИЯ БОЙЫНША ӨТЕДІ:

1. Үздік поэзия;
2. Үздік проза;
3. Үздік балалар әдебиеті;
4. Үздік комикс;
5. Үздік драма;
6. Үздік деректі проза;
7. Үздік фантастикалық/мифологиялық шығарма.

Әр номинация бойынша жеңімпазға 2 000 000 (екі миллион) теңге көлемінде қаржылай сыйақы және байқаудың кәдесыйы мен диплом табысталады.

– Байқауға ҚР азаматтары қатысады;

– Қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды;

– Байқауға қатысатын жұмыстар ұлттық спорт түрлеріне арналуы шарт. Конкурстық шығармалар Ұлттық спорт қауымдастығы құрамына ресми түрде кіретін «Теңге ілу», «Бәйге», «Жамбы ату», «Аударыспақ», «Көкпар», «Тоғызқұмалақ», «Құсбегілік», «Садақ ату», «Асық ату», «Жорық» спорт түрлерін басты тақырып етуі керек.

– Прозалық шығармалар – 10-60 беттен, поэзиялық шығармалар 200 жолдан аспауы керек;

– Шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында (14 кегельде (шрифты), жол арасы 1 интервал, Times New Roman қарпімен) ұсынылуы қажет;

– Шығармалар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады;

– Жинақтарда, мерзімді басылымдарда, сайттарда, әлеуметтік желілерде жарияланған, басқа байқауларға ұсынылған және талапқа сай келмейтін шығармалар қабылданбайды;

– Жеңімпаздарды білікті қазылар алқасы анықтайды;

– Жұлдегерлер 2024 жылдың тамыз айының екінші жартысында марапатталады (уақыты қосымша хабарланады).

Байқауға қатысу үшін үміткерлердің өтінімдері (үлгідегі кестеге сәйкес аты-жөні, жұмыс немесе оқу орны, байланыс телефондары көрсетіле отырып, жеке куәлігінің көшірмесімен қоса) және шығармалары 2024 жылдың 22 қаңтарынан бастап маусым айының 22-не дейін <http://qulager.ultsport.kz/> сайтында немесе qulagerultsport@gmail.com электронды мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты qulagerultsport@gmail.com электрондық поштасы арқылы ұйымдастыру комитетінен немесе көрсетілген байланыс телефондары арқылы білуге болады: +7 -727 -261-12-72 (Жұлдыз Оразымбет), +7 701 516 5584 (Хадиша Ерсеитова).



Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,

Ұлттық Ғылым академиясының академигі

(Жалғасы. Басы өткен сандарда)

Дана қазақтың қамқорлығын Айтматов ұмытқан жоқ. Араға жылдар салып, жазушы бұл туралы: «Мұхтар Әуезов мен үшін алыстан мұнартқан әлдебір академиялық тұлға десем, әрине, ағат айтқаным: өзім көріп, өзім білгендер ішіндегі ең ұлы суреткер десем, мұным да — жалпылама сөз. Мұхтар Әуезов — маған әкедей қамқор болған кісі», — деп ұстазын ерекше ілтипатпен еске алып, қазақ кемеңгерінің өзіне ғана емес, бүтін қырғыз халқына жасаған қамқорлығы туралы: «Мұхтар Әуезовті қырғыздар аса зор құрметпен өзіміздің туған перзентіміз деп таниды. Біз Әуезовтің көзі тірісінде солай дейтінбіз, қазір де солай дейміз», — деп ұлы жазушының екі халыққа бірдей шуағын төккен айрықша құбылыс екеніне назар аударады. Айтматов «Абай жолы» туралы ойын: «Өз халқына тән парасат, ғұрып пен рухтың кескін-кейпі ретінде Абай — сөз жоқ, дүниежүзілік дәрежедегі ұлттық жетістік!» — деген көтеріңкі лепеспен түйіндейді («Біздің Мұхтар». А., 1976, 71-74 беттер).

Жылжып жылдар өткенде түркі халқының тағы бір өкілі, бауырлас башқұрт әдебиетінің классигі Мұстай Кәрім де Лениндік сыйлыққа жетті. Кейбіреулер «мұның Мұхтар Әуезовке қандай қатысы бар» деп ойлауы әбден мүмкін. Дала данышпанының нұры «жанам» деген жүректердің бәріне от берген. Енді Мұстай Кәрімнің өзін тыңдап көрейік. Ол: «Судьба подарила мне десяток лет хотя не постоянного, но близкого общения с Мухтаром Омархановичем. Его благосклонное отношение к моей работе в литературе меня немало ободрило. Меня неизменно восхищает высота видения мира Мухтаром Ауэзовым, его вещее внушение, что за безбрежным морем есть еще безбрежный океан. Только поняв это, можно воспевать речку, что протекает возле твоего аула», — деп жазады (М.Ауэзов в воспоминаниях современников», А, 1997, с. 22-23). Иә, башқұрт суреткері айтқандай, буырқанған бұлақтар мен тулаған теңіздерден кейін айдыны кең алып мұхит басталады. Оның аты — Мұхтар Әуезов.

Мұхтар Әуезов Кеңес Одағындағы туысқан халықтар әдебиеті өкілдерін ғана емес, Азия және Африка, Үндістан мен Таяу Шығыс, түркі-мұсылман дүниесінің айтулы қаламгерлері еңбектерін қалт жібермей қадағалап отырған. Жазушы өзінің 1955 жылы Үндістанға барған сапарында азаттық үшін күресуші Азия халықтары жазушыларының ынтымағы мәселесін көтереді. Азия және Африка елдері жазушыларының 1958 жылы қазан айында Ташкентте өткен конференциясында Орталық Азия және Қазақстан жазушылары атынан тебірене сөз сөйлеп, түбі бір туысқан халықтар әдебиетінің келелі мәселелерін қозғайды. Оның бұл сөзі қос континент қаламгерлеріне қатты әсер еткен. Шығармаларын француз тілінде жазған белгілі Камерун

жазушысы Бенжамен Матип: «Мұхтар Әуезовтің тамаша кітабын ағылшын тілінде оқып шықтым. Қазақтар — неткен ғажайып халық! Осы керемет «Абай» романында қалай тамаша суреттелген! Сіздің бақытты халыққа мен шынайы көңіліммен қызығамын, ал сіздің өзіңізді өлмес туындыңызбен құттықтаймын!» — деп жазады.

Кезінде «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Мұхтар Әуезов» энциклопедиясын баспаға дайындау барысында ұлы жазушыға Лениндік сыйлықты тапсыру сәтін бейнелейтін фотосуретті іздегеніміз бар. Әдетте, мұндай сыйлықты мемлекет басшысы тапсыратыны белгілі. Таппадық. Оның себебін осы эссеге қатысты материалдар жинау барысында қазақтың талғампаз қаламгері Тәкен Әлімқұлов ағамыздың сыйлық берілген соң «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Достар лебізі» мақаласынан ұшыраттық.

Тәкен ағамыз: «Жақында Москвада Мұхтар Әуезовке Лениндік сыйлық



Мұхтар Әуезов қос қанаты Мұрат және Ернармен бірге

«ҚОҢЫРДЫҢ»

(Эссе)

тапсырылды. Әдетте үлкен сыйлықтар кеңзалда, көптің алдында табыс етіледі. Бұл жолы ол дәстүр сақталған жоқ», — деп жазады. Себебі Мұхтар сыйлық берілер сәтте сырқаттанып, ауруханаға түскен. Сауығып шыққанда Лениндік сыйлық беру жөніндегі комитет төрағасы Николай Тихонов бастаған Кеңес Одағының әйгілі мәдениет және әдебиет қайраткерлері Мұхтар жатқан «Москва» қонақүйінің 659-бөлмесіне келіп, мәртебелі марапатты өз қолымен кемеңгердің кең кеудесіне жарқырата тағып: «Мұхтар Әуезовтің жиырма жылға созылған сабырлы, тындырымды, қажырлы еңбегі жемісті аяқталды. «Абай жолы» роман-эпопеясы бүкіл совет әдебиетінде үлкен де тың оқиға болып отыр. Шығарманың дүниежүзіне жедел тарап кетуі де тегін емес», — деп замана шындығына сай әділ бағасын берген екен («Қазақ әдебиеті», 1959 жыл, 19 маусым).

Т.Әлімқұловтың бұл мақаласы да Әуезов туралы ешбір жинаққа енбепті. Білмекке құмарлар үшін арнайы келтірдік.

Ұлылыққа тағзым

Мұхтар қолданған оннан астам бүркеншік есімнің өзіне ерекше ұнайтыны Қоңыр болғанға ұқсайды. Бұл — оның сәби күнінде-ақ құлағына майдай жаққан сөз. Содан болар, Абайға қарата айтылған «қоңыр қозымды» Мұхтар Зере өженің аузына салады. Зер сала оқыған жанға «Абай жолында» «қоңыр жел», «қоңыр кеш», «қоңыр күй», тіпті «қоңыр төбел атқа» дейін бар.

«Қоңыр» — Мұрат Әуезге де ерекше ұнайтын ұғым. Ол әкесі туралы «Воплотивший степь в бессмертное слово» атты мақаласында: «Қоңыр — из числа сокровенных слов казахского языка. Слова, ведомые қоңыр, называют идеальными для взора, слуха, плоти, души и разума человека», — деп жазады («Литературная газета Казахстана», 2007, №12).

Орайы келгенде айта кетейік, Мұхтар Абай Құнанбаевтың айтпаған, айтса да бізге жетпеген асыл ойларын кейіпкер Абайдың аузына салады. Бұл туралы ол Тәкен мен Зейін інісіне жазған хатында: «...Мына кітапта ойшыл болған Абайлардың аузында Абай өзі айтпаған, бірақ айтуға мүмкін нелер шебер, терең философиялық афоризм толғаулар бар», — деп өзі ашып көрсетеді.

Алпыс жылдығын әлем жұртшылығы алдында мандайын жарқыратып өткізген Қоңырдың өмірі ендігі жерде тірліктің қоңыр күзіне қарай аяқ басты. Өзіне тиісті сыбағасынан сан мәрте қағылып, түндігі теріс айналған кесепат заманда қазақ деген қара орман жұрттың ішінен суырыла шығып, жарты әлемге билік жүргізген Кеңес Одағындай алып империяның ең мәртебелі марапатына ие болғаннан кейін Әуезов байсал тауып, сараман жолға түседі. «Болдым-толдым» демей, егей тірлігін ешкімге міндет етпестен ежелгі дағдысымен қалам мен кітапқа деген қызметін адалынан жалғастырады.

Сыйлықты тапсырушылар мен «құтты болсын» айта келген қошеметшіл қауымның соңы саябыр тартқан соң, Мұхтар Қырғыз Алатауының салқын сабат жайлауында орналасқан Шолпан Атадағы саяжайына оралады.

Ұзақ жылғы талас-тартысқа толы тірліктен соң, бұл нағыз дем де, ем де алатын кез еді, бірақ жазушы қаламға қызмет етуін бір сәтке де тоқтатпайды. Бұл туралы суреткер өмірінің кейінгі жылдарында машинистка қызметін атқарған Ғазиза Бисенова апамыз да естелік қалдырған екен. Көз жіберіп көрелік:

«Мұнда да Мұхтар жұмыс тәртібін қатты ұстады. Ертенгі сағат алтыда тұрып, екі сағат бойы көл жағасында сейілдейді. Дачадан ұзап, өзі оңашаланып, бірнеше шақырым жүріп қайтады. Сағат сегізге қайтып оралып жуынады, қырынады. Осыдан кейін бүкіл үй-іші болып сағат тоғыздың кезінде шайға отырады. Оңа кетер-кетпесте жазушы диктовкаға кірісіп кетеді. Бағана көл басында серуендеген кезде жазушы басына ұялаған ой телегесі тасқан судай ағыла жөнеледі», — деп жазады Ғазиза апамыз.

Бұл дәйекті екі түрлі себеппен келтірдік. Біріншісі — қаламгердің жазу машығын білсін дегендіктен. Екіншісі — естелікте айтылатын «диктовка» жайынан хабардар ету үшін.

Әуезов шығармашылығына мін тағушылардың үлкен бір тобы оның ұзақ жылдар бойы ұстанған дәл осы дағдысын сынға алады. Әрине, мұндай әңгіменің шет-жағасын Әуезов жақсы білген және ол туралы ресми сұхбаттарында болмаса да достарына жазған хаттарында оның себеп-сырын өзі ажыратып берген. Мұхтар «Абай

жолының» орысшаға аударылуы хақында 1956 жылы 7 тамызда іні-достары Т.Әлімқұловқа, З.Шашкинге жазған хатында: «Бұл іске Фаизова біраз қырсық жасап жүр деп естимін. Оны қазақ тілінің қасиетін білмейтін себепті мен браковать еткен соң, әсіресе шаптығатын көрінеді. Мені «диктовать» етіп жазады, асығыс стенограмманы ұсынады, тілі нашарлап кеткен, «испиться еткен» деп те орыс адамдарына, редакцияларға сөйлейтін көрінеді», — деп жазады.

Жазушының елу томдығында жарияланған бұл хаттың түсініктемесінде Фаизованың кім екені көрсетілмеген. Ол туралы «Мұхтар Әуезов» энциклопедиясында да дерек жоқ. Енді осы жайға аз-кем анықтама беріп өтейік.

Әуезовтің хатында Фаизованың есімі Разия екені, оның татар ұлтынан шыққаны көрсетілген.

Татар ағайындар — өз тарихына өте ұқыпты халық. Фаизованы біз ұмытсақта, олар ұмытпай жержүзіндегі татар тарихына азды-көпті үлес қосқандарын түгел қамтыған ұлттық энциклопедиясында: «Фаизова Разия Зиятдиновна (1916-82), переводчица. Перевела на рус. яз. произв. Г.Ибрагимова, Г.Баширова, А.Расиха», — деген тілдей мақала берген (Татарский энциклопедический словарь, Казань, 1999, 606-бет).

Татар халқына, әсіресе олардың қыз-келіншектеріне жақын жүретін Әуезов басына пәле болып жабысқан Разияны кезінде өзі тандаған екен. Ол хатының басқы жағында: «Осының аудармасын В.В.Смирнова ауырып қалып, қатты созып кетті. Кейін соған көмек етсін деп Фаизова Разияны біз атап едік. Артынан ол араласпасын деп өзім қайтып алдым, себебі ол қазақшаны түсінбейді, танымайды екен», — деп жазады.

Мұхтар Р.Фаизовамен Қазақстанда танысқан сияқты. Разия бір кездері азербайжан әдебиетінің классигі Мамед Кязим Алекпероглы Алекпероглыға күйеуге шыққан. Алекпероглы 1937 жылдың репрессиясында «халық жауы» ретінде ұсталып, 1938 жылы атылып кеткен соң Разия Мәскеуге оралып, Әдебиет институтындағы оқуын жалғастырып, қолынан келгенше әдеби аударма жасап, нәпақа

тауыпты. Соғыс басталған 1941 жылы Қазақстанға эвакуацияланып, 1944 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық газетінде жауапты хатшы, редактор қызметін атқарыпты. Кейін Мәскеуге қайтып, өзін татар, азербайжан және қазақ әдебиетінің білгірі ретінде жариялап, аударма, рецензент жұмыстармен айналысқан көрінеді.

Татар әйелдері қаншыл болады. Разияның бұл «қасиетін» Әуезов те байқап: «Өзінің ертеден кешке дейін мақтайтыны татар әдебиеті, татар жазушылары болатын да, менің өзгерлерден басқарак абырой-жәйімді қызғанатын кеселі де бар-ды», — деп Разия ханымды «жақынырақ» танитынынан хабар береді.

Разия ханымның әсіретатаршылдығының да мәні түсінікті. Шындығын айтқанда, Иван Грозный қанға бөктіріп Қазанды алғаннан кейін-ақ Ресей ықпалына ертерек түскен татарлар оқу-білім жағына келгенде ХХ ғасырдың басына дейін қазақтардан озық тұрды.

КҮЗІ



Ой үстіндегі оқымысты

Алаш қайраткерлерінің азаттық рухымен қуаттанған қазақ қоғамы тез оянып, аз ғана уақыт ішінде әдебиет пен мәдениет жетістіктері жөнінен озық елдердің қатарына қосылды. Мағжан Жұмабаев өзінің ғажайып жырларымен орыс поэзиясының таңдаулы өкілдерімен иық тірестіргенде, Мұхтар Әуезов жиырмасыншы жылдардағы әнгімелерімен еуропалық әдебиет биігіне көтерілді. Бұл кезде татар әдебиетінің ең көрнекті өкілдері сол баяғы ағартушылық сарынның төңірегін шиырлап жүрген. Фаизова болса, ертеректе қалыптасқан осы астамшыл пікірдің көленкесінде қалып қойған.

Разиядай кінәмшіл аудармашының кілтіме пікірі Әуезовтей алыпқа көп кіпарат әкелмесе де, әжептәуір әбігерге салыпты. Мұны да кейінгілер білсін деп жаздык.

Әуезов хатына қайта оралып, әлі күнге дейін жазушының соңынан қалмай келе жатқан «диктовка» жайына ойысар болсақ, оның да орнықты жауабын Мұханның өзі беріпті: «Менің диктовать еткенімді айтса, мен анау «Абай» романының қажарымын — жұрт сүйсініп жүрген қажарымын да солай жазғам. Мен диктовать еткелі 14 жыл болды. Заманында Марк Твен, Лопе де Вега, талай жазушы тәжірибе ала келе жазған-ды. Қазір Симонов та

солай жазады. Вообщем, бұл — не был-шыл, не сандырақ!... Жай бір кездегі біздегі ит қызғаныштан шашыраған танту-қанқу сөз болса, ол — кімге дәлел, неге дәрі?!» — деп жер қозғалса оңайлықпен қозғала қоймайтын Әуезов ашулана, ашына жазады.

Таңғажайып бұл хатта Әуезовтің шығармашылық лабораториясынан хабар беретін біраз мағлұмат бар. Жазушы диктовкамен 14 жыл бойы айналысып келе жатқанынан хабар береді. Егер хаттың 1956 жылы жазылғанын ескерсек, ол мұндай машыққа 1942 жылдан бері көше бастаған.

Әуезов жазып отырған Марк Твенді кеңес балаларының бәрі дерлік Том Сойер мен Гекльберри Финнің кіндік әкесі ретінде өте жақсы біледі. М.Твен балалар жазушысы ғана емес, үлкен ойшыл, философ қаламгер еді. Әлем әдебиетінің қос алыбы Фолкнер мен Хемингуэй Марк Твенді американ әдебиетінің атасы санаған.

Марк ақсақал көп туындыларын Мұхан сияқты диктовкамен жазыпты. Оның өсиеті бойынша қайтыс болғаннан кейін 100 жыл өткенде, тек 2010 жылы ғана толық нұсқасымен жарық көрген «Ғұмырбаянының» алғысөзін жазған Гарриет Элинора Смит оның ең алғаш диктовканы 1873 жылдан бастап, 1885 жылдан тұрақты түрде

бәрі жазушы мұражайында толықтай сақталған.

Осыған қарап, «Мұханның 1942 жылдан бергі шығармалары түгелдей диктовкамен жазылған екен» деген пікір туындамаса керек. Ол диктовканы өзі жазатын шығармаларын ұзақ жылдар бойы ойланып-толғанып, әбден жетілген кезінде ғана пайдаланған.

Жазушы өмірбаянының мына бір ерекшелігіне айрықша назар аударған жөн. Ол — Мұханның ағыны қатты дариядай ағып тұрған шешендігі. Мұны Әуезовтің алдын көрген, дәрісін тыңдаған академик Зейнолла Қабдолов бастаған шәкірттері төгілдіре жазады. Кезінде Әуезов лекцияларынан жасаған конспектін жазушы Сәкен Жүнісов жеке кітапша етіп те шығарды.

Мұндай сөйлеуі мен жазуы бірдей ділмәр адамға диктовка жасау өте қойлайы. Оның үстіне әңгіме өзі алты жасынан бастап, санасына әбден сіңірген Абай туралы болса. Сөздің ығыты келгенде айта кетейік: жазушының шығармашылық ерекшеліктері туралы қалам тартқан әуезовтанушылардың жас буыны қаламгердің осы бір айрықша машығы туралы тереңдете текстологиялық зерттеулер жасаса, сауабы мол іс орнынан қозғалар еді. Ақпараттық технологиялық заманда бұл аса қиын шаруа емес.

«Жас тұлпардың» кіндік әкесі

Алатаудың төрінде, Ыстықкөлдің жағасында жан жадыратар жақсы демалыстан соң Америкаға баратын сапарға тиісті құжаттарын рәсімдеу үшін Мәскеуге оралған Мұхан 1959 жылы қарашаның 14 жұлдызында Фатимаға кезекті хатын жолдайды. Әрине, олар бұдан кейін де хабар-ошар алысып тұрған, бірақ бұл — мұрағатта тіркелген соңғы хат.

Хатта Кеңес Одағының тізгінүзді жастарымен білім бәйгесіне түскен ұлы Мұраттың жағдайына тоқталады. Мұхан: «Оның дені сау, менімен жиі көрісіп, келіп тұрады. Бір күн өзім машинамен тұратын жері Черемушкинге апарып салып, үйлеріне де кірдім. Төрт студент бір бөлмеде, бөлме үлкен, жап-жайлы, таза», — деп алыстағы ұлына алаң болған Фатиманың көңілін сабасына түсіреді.

Ана атаулының алаңдайтыны баланың үстіндегі киімі, ішер тамағы, денінің саулығы екенін жақсы білетін жазушы бұл жайлы да мол мағлұматтар беріп:

«Мұраттың үстіне бірнеше жақсы киім әпердім. 2500-ге пальто алды. Әрі күздік, әрі қыстық. Астарымен қаракөл жағасы бар. Керегінде ала бөлек алынатын боп тігілген. Күзде жаға салатындай ұсақталы астарын қабаттамай киеді. Күн суық болса соларын қосып киеді», — деп баласын Мәскеудің қысына қапысыз дайындағанын жеткізеді.

Өзі Мәскеу мен Ленинград театрларының әрбір премьерасын бос жібермейтін драматург-жазушы мұны да назардан тыс қалдырмай: «Екінші жақсы көк костюм әпердім. Кешкі уақыттарда жиынға, театрға барса, кешкілік киім болсын дедік. Ақ көйлектері, галстук те бар. Әдемі қара бантик те алдык. Енді соларын түгел кигенде көркем, сыпайы, өнерлі жігіт болып шыға келеді», — деп соғыстан кейін қоңторғай тіршілік кешкен мәскеулік жастармен салыстырғанда ұлының ең жас дендилер қатарына қосылғанын мақтанышпен хабарлайды.

Жас күнінде ат жалында өсіп, кейін Семейдегі тұңғыш футбол командасы «Ярыштың» құрамында ойнаған Мұхан спорттан да құралақан болмаған. Әуезов бұл жағын ұмытпай: «Саушылығыңды көп ойла, бір жағынан, демалыс, таза ауа, тәуір тамақ, спорт сияқтылардан қол үзбе дедік.



Мәскеулік жас денді Мұрат Әуезов

Соңғысы, әсіресе Мәскеу ауасында аса қажет», — деп буыны бекіп, бойы ұзарып, азамат қатарына қосылған ұлының құлағына спортпен айналысу керегін де құя түседі.

Шындығында, Әуезовтей мейірбан екенің дәл осындай қапысыз қамқорлығы, ақыл-кеңесі, жылы киім, тәуір тамақтануға жасаған жағдайы болмаса, нараулау туған Мұраттың Мәскеудің қытымыр ауа-райын бірден көтеріп кетуі де қиындау болар еді. Мұхан ұлының тұрмыс-тіршілігін ғана емес, оқуының жай-күйінен де молырақ хабар беріп: «Сабағы жақсы басталған тәрізді. Маған қытай иероглифтерін жазып та көрсетеді, сөйлеп, айтып... Жақсы менгеріп келе жатқан беті», — деп баласының үлкен ықыласпен қытай тілін менгеруге кіріскенін риза-хош көңілмен баяндайды.

Ары қарай Мұраттың болашағы туралы зор жоспарлары барын аңғартып: «Аман болса екі жыл осында төселіп алған соң, қалған үш жылын Пекинге жіберіп зағраницада оқытсақ деген ойым бар. Сонда бұл ғылым саласына мейлінше жетігіп шығады», — деп жазады.

Мұхан ұлының келешегін ғылымнан көргісі келетіні осы хаттың соңғы сөйлемінен айқын аңғарылып тұр. Алысты болжайтын жазушы мұны қалай жүзеге асыруға болатынын да алдын ала жоспарлап қойған. Ол: «Студенттерді жыл сайын Мәскеу — Пекин арасында айырбастап алу дәстүрі бар. Сол ретте баратын болар. Институтта көп оқушы емес, онысы жақсы. Әр профессор әр жеке студентке жақыннан көмек-жәрдем беруге оңай болады», — деп Мұраттың Мәскеу университетіне түскен жылынан бастап, бітіргенге дейінгі барлық атқаратын шаруасының алгоритмін айқындап береді.

Келесі жылы Мұрат университеттің бірінші курсы үздіктер қатарында төмамдағанда Мұхан ұлын жанына алып, бір жағынан — әке, екінші жағынан, МГУ-дің профессоры, ұстаз ретінде ақыл қосып, ой салып, болашағына бағыт-бағдар сілтеген. Арада тағы бір жыл өтіп, бір кездегі алтын балақай Мұрат балаңқы кезенді артқа тастап, ғылым мен білімнің тәжірибесін молырақ жинауға ұмтылған бадалыққа қарай ұмтыла түсті.

Мұхан Мәскеу ауруханасына жатқанда ерте есейген Мұрат университеттің екінші курсы төмамдап, әжептәуір тәжірибе жинақтап, өмірлік ұстанымын қалыптастырып, алдағы бағыт-бағдарын айқындап қалған азаматтар қатарына қосылды. Мұрат әкесімен өзінің ғылым-білім жолындағы мақсат-мұраттарымен қатар, қоғамдық-саяси істерге де белсене араласа бастағаны туралы ой-пікір бөліскен.

(Жалғасы бар)

АБАЙДЫҢ

Жабал ШОЙЫНБЕТ,
Абай атындағы ҚазҰПУ
«Хакім Абай»
орталығының директоры

АКАДЕМИКТЕРДЕН АРТЫҚШЫЛЫҒЫ



НЕДЕ?

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін Абай мұраларын оқытудың мән-маңызы арта түсті. Себебі еліміздің жас ұрпағын тәрбиелеуде қазақ халқының өткені мен бүгінгі күнін саралап, ұлттық құндылықты олардың бойына сіңіруде Абайдың өлеңдері мен «Қара сөздерінің» орны ерекше. Әсіресе Абайдың «Толық адам» ілімін терең әрі шынайы зерттеу мен насихаттау, оны балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында оқытып, жастар тәрбиесінде пайдалану бүгінгі күннің басты міндеті екені анық байқалады. Сондықтан «Толық адам» ілімінің бастауы мен оның өркендеу жолдарын жан-жақты зерделеу қажет.

Абай шығармаларының әрбір сөзінде терең мағына бар, бірден түсіну қиындық тудырады. «Әсемпаз болма әр неге» өлеңін тұтас оқып алып, әр шумағына, әр сөзіне ойлы көзбен үңіле қарасаңыз, үлкен бастауды байқайсыз. Әуелі «Әсемпаз болма әр неге» өлеңін тұтас бір оқып, одан әрі шумақтарын талдауға көшкенді жөн санап отырымыз:

Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,
Барар едің қай жаққа?

Пайданы көрсен бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мінінді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйге алма.

Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегін кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға. (1, 149 б.)

Абайдың «Толық адам» ілімін түсіну үшін «қайрат, ақыл, жүрек» сөздерінің мән-мағынасын білу үшін, бұл ілімнің бастауы осы өлеңде жатқандықтан, тек қана:

Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң, арқалан, –
деген өлең жолының өзінен қаншама

ойлар туындайтынын байқауға болады. «Әсемпаз болма әр неге» де, еліктеуді, оның ішінде құр жалаң еліктеуді терістеп отыр, себебі өнерпаз болсаң, яғни бір нәрсеге қызығып, оны шынайы игеруді мақсат ет дейді.

Абай айтқан ойын үнемі жетілдіріп, толықтырып отырады. «Әсемпаз болма әр неге» дегенінің бір жағымсыз қырын «Көкбайға» деген өлеңінде де көрсетіп кеткен секілді:

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қисайта тартып мұрынын.
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бөлсіп,
Әр нәрсенің орынын.

Керенау, керден, бір керім,
Жақпайды маған сол жерің. (1, 65 б.)
Еліктеген нәрсенің ертеңгі күні пайдасы бар ма, жоқ па деп қарау керек. «Өнерпаз болсаң арқалан», мұнда жан-жақты өнер үйренуді, оны пайдаға асыра алатындай етіп үйренуді айтып отыр. Сонда сен өмірден өз орныңды табуға көмегі болады, дұрыс қаланған кірпіштей боласың. Біз мұны мектептен бастап айтамыз, әр қарай:

Ақырын жүріп, анық бас
Еңбегін кетпес далаға,
Ұстаздық қылған жалықпас

Үйретуден балаға, – деп ұстаздықты дәріптейміз, бұл да – өте орынды айтылған сөз. Үлкен де, кіші де түгел ұстаз алдынан өтеді, тәрбиесін алады, балаға білім пайдасын үйретуден еш жалықпайтын, бар шығармашылық ғұмырын арнайтын – тек ұстаз! Абай сонымен қатар нені үйренсең де, оны тек жеке басыңның пайдасы үшін, атыңды шығару үшін, басқадан қандай да жолмен артық екенін білдіру үшін әрекет жасау өзгенің күндестігін қоздыру болатынын, одан қашық болуды да осы өлеңде ескертіп отыр. Осы айтқандарға қол жеткізу үшін керекті бастап айтылған өлең жолына көп мән бере бермейміз, ол жолдар мынау:

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса, қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,
Барар едің қай жаққа?
Абайдың айтып тұрған алдыңғы екеуі

– қайрат пен ақыл, соңғысы – жүрек. Адам бойындағы қайрат пен ақыл тек екеуі әрекет, онда алға қарай жүрсең – жалынға, артқа қарай жүрсең мұзға тап боласың, қайда барарыңды білмей қаласың. Ал дұрыс жолды табу үшін қайрат пен ақылға қоса жүрек бірге болуы керек. Менің жастарға үнемі айтар

кітаптың тақырыбымызға байланысты жүрек туралы айтқан сөздерінен үзіндісін оқып көрейік:

«Әрбір істі басқаратын орталық бар. Сол секілді адам баласының сана-сезімін басқаратын орталығын «жүрек» деп атаймыз. Жүрек иманға, ар-ұятқа, мейірімге ұяласа, адам баласының бойында имандылық, көркем мінез-құлық көрініс табады. Ал жүрекке күпірлік, қатыгездік мекен етсе, адам бойында имансыздық, ұятсыздық сынды әрекеттер пайда болады. Сондықтан жүрек – жақсылық пен жамандықтың бұлағы.

Қасиетті Құран-Кәрімде жүрек жайлы 132 жерде айтылады. Бұл жүректің маңыздығын аңғартса керек. Сол үшін Жаратқан Алла-Тағала адам баласының иманды яки имансыз болуының, таза яки күнәһар болуының басты себебін адам баласының жүрегіне байланысты екеніне назар аудартады». Абай даналығын айтқанда ол тек қазақ халқына ғана үлгі-өнеге болып қоймайды, бүкіл адамзатқа керек, сондықтан Абайды «адамзаттың Абайы» деп мақтан етеміз. Әрине, ол үшін құрғақ сөз, жалан мақтау көпшілікке жүрмейді, ғылыми түрде нақты дәлел қажет. Біз мектепте академик Павловтың шартты рефлекс, шартсыз рефлексін әлемдік деңгейдегі үлкен жаңалық ретінде оқушыларға оқытып, насихаттаймыз. Ал Абайдың бүкіл адамзат жаратылысында болатын екі мінезді – тән құмары мен жан құмарына терең талдау жасауын, академиктерден кем емес зерттеуге тұрарлық дүние жасағанын әлі күнге оқытып, насихаттауды дұрыс жолға қоя алмай келеміз. Себебі тән құмары мен жан құмарын Абайша ұғынып, біліп алсақ, оның тек ақы ғана емес, жаратылысты терең біліп, сан-саланы ғылымнан хабары мол хәкім екенін жақсы ажырата білген болар едік. Ұстазым Мекемтас Мырзахметұлы екеуіміздің мектепке, университетке абайтану пәнін енгізуге бастама көтеріп, оны жүзеге асыра бастауымыз – бұл пәннің тек әдебиетке ғана қатысты ақын Абай ғана емес, жан-жақты білім мен ілімді меңгерген хәкім Абайды оқыту, яғни Абайтану – қазақтану және біз абайтану пәні арқылы тек қазақ ұлтының тілін, дінін, дәстүрін дұрыс біліп қана қоймай, жалпы адамзатқа тән адамгершілік қасиеттердің қыры-сырын оқушыларға, жастарға дұрыс ұғым, тура жол көрсете отырып тәрбиелейміз.

Абайдың айтуы бойынша, адам баласына тән құмары да қажет, себебі жүріп-тұру үшін, дені сау болып өсу үшін, іс-әрекетті жүзеге асыру үшін, тамақ жеу, демалу, кимылдау үшін, яғни қуатты болу тән құмарына байланысты. Тек тән құмарына жан құмарынан аспайтындай шектеу жасай біліп, орынды пайдалану қажет. Ал жан құмарын, яғни өзіңді, айналандағы жаратылысты білмекке ұмтылу, рухани дамуға ерекше мән беріп, тән құмарын жан құмарына бағындыру – Абай айтқан «толық адам» болуға ұмтылудың басты жолының біреуін меңгеру болып табылады.

Адамзат баласының қазіргі күнгі ең үлкен проблемасы – рухани жағынан құлдырау байқалады. Тән құмарына, анығырақ айтсақ, нәпсіге басымдық берудің нәтижесінде ақшаны «бірінші байлық» деп ұғатын түсінік алға шығып, тән байлығын арттырып, жан байлығын төмендетіп алуда.

Хәкім Абай тән құмары мен жан құмары жайлы қырық үшінші сөзінде қайта тоқталып, тағы да терең талдау жасайды. Абайдың даналығы бір айтқан ойларын қайта-қайта дамытады, тереңіне бойлап, ойынды шындайды. Осы қырық үшінші сөзінен кейін жетінші сөзді қайта оқысаңыз, тың ойлар пайда болады, сөз қуатын осыншалықты құбылта пайдаланған Абайға таңырқайсың.

кеңесім, Абайдың жазғандарын түсіну үшін оның өлеңдері мен «Қара сөздерін» тұтас әрі қайта-қайта оқу керек, сонда ғана хәкім Абай даналығын бірте-бірте түсіне бастайсың. Ал егер де үзіп-шалып өлеңі мен «Қара сөзінің» әр жерін бір оқысаң дұрыс түсіне алмай, қателесуің мүмкін деп ескертіп отырамын. Абайдың шығармасы туралы әртүрлі көзқарастар мен қайшылықтар осындай туындап отыр. Абайдың «Әсемпаз болма әр неге» өлеңін терең түсіну үшін он жетінші «қара сөзін» оқып, талдауымыз қажет. «Әсемпаз болма әр неге» өлеңінде айтқан қайрат, ақыл, жүрек – үшеуін бір-бірімен айтыстырып, таластырып олардың өнерлеріндегі артықшылық оқырмандарына жан-жақты жеткізуді көздейді.

Хәкім Абай он жетінші «Қара сөзіндегі» айтқанын «Әуелде бір суық мұз, ақыл – зерек» өлеңінде қайрат, ақыл, жүрекке тоқтала отырып, қайратқа «шыдамдылық» деп, ақылға «зерек» деп, жүрекке «ыстық» деп анықтауыш сөз қосады. Бұл қасиеттер жеке-жеке адам қасиетін толыққанды ете алмайды, сондықтан ғылымға төрелік жасатып, үшеуінің бірлікте болуын айтқанымен, жолдан тайса, ауырлық жүрекке түсетінін, жүрекке басымдық беру керектігін меңзейді:

Әуелде бір суық мұз, ақыл – зерек,
Жылытқан тула бойды ыстық –
жүрек.

Тоқтаулылық, қалыпты,
шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.

Ақылда ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады
әлек.

Біреуінің күні жоқ біреуіңсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бас мүфтіі Наурызбай қажы Тағанұлының жетекшілігімен «Муфтият» баспасынан шыққан «Ихсан – рухани тәрбие негізі» кітабын оқығанымызда Абайдың жүрек туралы жазған өлеңдері мен қарасөздерінің бастау көзі киелі кітабымыз Құранда жатқаны анық байқалады. Енді осы



«Таң атқалы жорытқаны жұртсыз жон. Тек жаңа ғана тастақ сайдың басындағы жалғыз құдыққа тап болып, ат суарып алды. Көптен бері бұл маңайға ел жуымапты. Құдық маңайының құмалағы қуаң. Астауы да қаңсуға айналыпты. Дегенмен көлденең керуен, бейсауат жолаушылар көп соғады екен, астаудың астына тыққан көн қауға бар боп шықты». Бұл – заманымыздың заңғар жазушысы, сөз зергері Әбіш Кекілбайдың Құрманғазы Сағырбайұлы ғұмырының бір ғана сәтінен сыр шертер «Аш бөрі» атты шығармалары арасындағы ең аз талданған, иісі қазаққа мәшһүр композитордың образы керемет сомдалған кең тынысты әңгімесі.

фабуласы осындай. Мұндағы авторлық баяндау орталық образдың көзімен, ойымен беріледі. Туынды мазмұн мен пішіннің үйлесімі негізінде тумак. Осы тұрғыдан келгенде Әбіш Кекілбай – қос ұғымды тұтастықта қарайтын суреткер және жазушы тұтқыннан босап шыққан жолаушының жолшыбай ел-жер ара-лағандағы тұсын ерекше екпінмен жазғанын аңғармау әділетсіздік болар еді. Дәл сондағы соны пейзаж – тек фон қызметін атқарып қана қоймай, философиялық, символикалық, психологиялық мәнге ие әрі автор ұстанымын ай-

зіледі. Әбіш бейнелеуіндегі Құрманғазы табиғаттан күш-қуат, шабыт алады. Ол аспабының мойнын бір ырғап қойып, көзін жұмып, ерекше бір күйге еніп, баяғының дервиштері ұқсап трансқа түсіп, қос ішекті саусағының ұшымен баппен қаға бастағанда-ақ кара домбырадан үн төгіледі. Қаламгер осынау деталь, ал кей жерінде психологиялық параллелизм арқылы образ жан-дүниесінің ұңғыл-шұңғылына үңіледі: «Сосын ніл көк аспанның бір пұшпағында мүжіліп таусылуға айналған қаймыжық ақша бұлтқа көзі түсіп кетті. Қазір бар дүниені бауырына әкеп тыққан алдамшы сағым жоқ. Көкжиек көл-көсір шалқып, қашықтап кеткен. Тар қамаудан мынандай бостанға шыққан кісінің көңілі өсіп шыға келеді екен». Әр көркем туынды – аяқталған, бас-аяғы бүтін дүние, яғни оны байланыстырып тұратын тұтас желі болмақ. Лирикалық шегініс барысында оқырман көп жайттан хабардар болмақ хәм жазушы оның Қазыын сағынатын жеріне онейрикалық сипат дарытқан: «Анада осындай бір кештен кейін түс көріпті. Өзінің үйінің көлеңке беті. Анасы айран құйып беріп отыр. Айран ашытқан қос құлақты емен күбі шелектің өнез иісі аңқиды. Қасына Қазыи келіпті. Маңдайындағы жалбыраған кішкене кекілін тұмсығына апарып еді. Ыңғай жалаңбас жүретін баланың басы күн иістеніп күнсіп

Әбіш хәм

«АШ БӨРІ»

Әсілі, әңгіме – новелладан гөрі, сюжеттік желісі қиындау құрылатын, өмірдегі алуан-алуан құбылысты ықшамдап түйіндегенімен де, оған аса терең мағына сыйдыра отыра сатылап дамиды жанр. Астында кара аты бар жолаушы бұлкөк жүріспен «жаздай шаң тұтып, күн жеп, сарыала етек боп қалған» даламен келе жатады. Бір уақытта тоқтап, жылқысынан түсіп, ауыздығын сыпырып, ерінің артындағы домбыраны шөп үстіне тастайды-дағы, шалқасынан жата кетеді. Оңашада дауылпаз күйшінің есіне қайдағы-жайдағы түсіп, өткеннің орны толмас өкініші қылаң бергенде «әншейіндегі қаттылығынан айырылып, бойын әлдеғайып әлсіздік билейді». Содан не керек, күн батып, қас қарайып, кешкі салқынның лебі білінген кезде алдынан аруана шығады. Жаңағы жануар «кара жалдың күнгеі бауырына қонған үш-төрт үйлі», аумағы шап-шағын ауылға ат басын тіреуге сеп боп, ортадағы боз үйдің қасына барып тұра қалады. Жолаушы соған жақындағанда қолында шелегі бар әйел шығып, Құдайы қонақты күтіп алады. Құрманғазы қамшысын босағаға қыстырған күйі төрге озып, домбырасын қабырғаға сүйеп қояды. Қаймағы шай-қалмаған құтты мекен. Үйде күйшіден бөлек – Дөнбай, оның бәйбішесі, Әурен, сол үйдің келіні, жас шамасы оннан енді ғана асқан бала бар. Бәрі дастарқан басына жайғасып, жөн сұрасады. Ақсұр шал қонаққа домбыра шертуін өтінеді. Сол кезде тамақ ішуге үстіне – түйежүн шөкпен, басына түлкі тымақ киген Қойбағар келеді. Ол бірнеше күй тартып, ас-ауқат ішілген соң жұрт жатуға ыңғайланады. Күйші ауыл сыртына шығып, атын отқа жібереді де далада ұзақ тұрады. Төсек салынады. Құрманғазы ерте ояна салып жылқысын ерттейді-дағы, таңғы шайын ішіп, қайта жолға шығады. Сонда ту қоянды көріп: «Әттен, осындайда бөрі де жолықпайды-ау», – деп ойлады күйші. Ойына елде жүргендегі жігіттермен бірге қасқыр қуғаны оралады. Күйші көкжиекке қарағанда, «даланы қан-жоса қып батып бара жатқан» күнді көреді. «Оның көкірегінде тағы бір тосын саз қордаланып келеді». Жалпы, шығарма

қындар көркем әдіс. Әсіресе «Аш бөріде» М.Эпштейн классификациясындағы («Постмодерн в русской литературе») ландшафтық, масштабтық, жанрлық-стильдік, идеалды пейзаждардың элементі кездеседі. Әбіш сомдауындағы Құрманғазы антропометриясы мынандай: күректей қол, ісіне қызарып тұрған етті, ұзын салалы саусақтар, самайдан алқымға дейін ұйысып біткен тып-тығыз кара сақал, шарасы зор ала көз, одырайып оқшау біткен жалбыр қабақ, мойнын жұлқына бұрғанда сорайған өндіршек, тамағының астындағы күдірейіп шыға келген күретамыр, күн санап көбейіп келе жатқан шұбыртпа әжім, қайқайған иық, дөң мандай, самайдағы көк қылтанак, сырттан тың тындап отырған кісіше іргеге салған мойын. Осынау сипат сурет өнеріндегі Врубель не мүсін өнеріндегі Донателло шығармаларымен үндесетіндей. Өйткені портреттің хас шебері саналатын Әбіштің «Аш бөрісінде» қою колорит бар, ауқым бар, эпизм бар. У.Эко импрессионистік проза өкілдері есебінде Э.Золя, Г.Мопассан, М.Прустарды атайды. Десек те, олардың романынан таза күйіндегі импрессионизмді емес, өзге де көркемдік әдістерді андау аса қиын емес. Сол секілді бас кейіпкер бойынан да романтикалық бейнелеу тәсіліне тән белгілерді байқадық. Айталық, үйге келгендегі күйші мен әйелдің арасындағы үнсіз байланыс – соның дәлелі. Жазушы шығарма экспозициясында бас кейіпкердің Құрманғазы екенін айтпайды, жасырады, бұл тек орта тұсында ғана белгілі болады. Оған шейін бейтаныс жолаушыны тап басып тани алмай: «Бұл қаймықты болды екен?..» – деп ойға түссін. Автор бәрін шет-шетінен, асықпай-апытқпай таныстырып отырады. Кеңістікті керемет сезінетін Әбіш баяндау, диалогпен монологтарды өз еркіне қоя береді. Құрманғазы күй тартқанда дүн-дүние мүлгіп, тіршілік тоқтап қалғандай се-

кетіпті. «Құлыным-ай», – деп бауырына қыспақ боп ұмтылып еді, үстіне жамылып жатқан кара тоны сусып барып түсті. Тұла бойы оқыс шіміртіп, көзін ашты».

Жазушы қаламы арқылы айнала-маңға жан бітеді: «Құдықтың түстігі тырбық тікенек бұталы қатқыл, терістігі біраз жерге дейін ұры жыраланып барып құздата құлайтын аңғар сай. Жаңа сол аңғар сайдың қалтарыс-қалтарысын тінтіп жүріп, қолқат түбінен өрге тырмысқан жіңішке соқпақ көріп еді, осы құдыктан шығарды. Сайдың ұры мен бөріні қапы қалдырмас қат-қабаты мол сияқты. Бірақ көзіне ештеңе шалынбады». Күйшінің қарағайдан жонып жасаған домбырасына деген ынта-ықыласы алабөтен. Оған көзі түссе болғаны, «сыбыс-сыбдыры жоқ мына өлі дүние былай серпіліп, көкірегінде үн коздайды, көмескі тартқан көп елестер қайта тіріледі». Автор кейіпкерлерінің ішкі күйзелісі, айта алмай жүрген сыры, толғанысы шығарма интонациясына, ритмикасына, әуезіне әсерін тигізетіні рас. Ол шағын эпизодпен-ақ өмір шындығы мен адам тіршілігінің зор өзгерісін шебер шендестіреді. «Сырттан түйе сауып қайтқан әйел кірді. Шелегін бәйбішенің қасына қойып, құман ап, шылапшын әкеп қолға су құйды. Жолаушы алдына келген шылапшынға тізерлеп беті-қолын жуды» немесе «Қара мұртты ішіп болды дегенді ишаралап, кесесінің аузын басты. Шайға бұ да онша құмар емес еді. Кесесінің ернеуінен бұ да қакты. Шал ішіп отырған кесесін сарқып: «Болдым», – деп дастарқанның шетін қайырды». Бұл жердегі этнографизм шығарманы күшейтпесе, әлсіретпеген-ді. Әбіш әр бейненің тұртұғасын, мінез-құлқын штрихтермен даралап шыққан. Сол арқылы оқырманға олардың қандай екенін сездіреді. Әурен – менменшіл, өркөкірек, бәйбіше мен үйдің келіні – биязы, сыпайы, Қойбағар – немкетті, еренсіз, бала – томаға-тұйық, бұйығы. Ал Дөнбай шал әңгімеде былай-

ша суреттелген: «Анда-санда өзінен-өзі бір мырс етіп қояды. Өнінде ұзақ уақыт ел үстінде жүріп, енді тұғырдан тайып шетқақпай қалған кісіге тән салқын қабақ салғырттық бар. Қимылының бәрі – керенау. Кесесін де ерніне енжар апарарды. Бірақ оскырынбайды. Зілді отырыс».

«Күзгі қоңырқай көңілсіздеу дала» – небір қиын кездерді бастан кешкен негізгі кейіпкердің көңіл күйін дәлме-дәл беретін жол. Шығарманы ой көзімен оқыған кісі «әйкел», «індігеш», «топатай», «сарсу», т.б. тек белгілі бір аймаққа қатысты диалектизмдерді көптеп кездестіретіні анық. Қаламгер ұлы сазгер домбырасының күйін келтірген сәтін кестелі тілмен әсерлі жеткізеді: «Жолаушы домбырасының қабын сыпырды. Қалтасынан тиек ап, қондырды. Құлағын бұрап, жолсоқты боп шылдырлап қалған домбыраның күйін келтірді. Әр шекті жеке-жеке шертіп, құлағына тосып, ыңын байқады. Бірте-бірте түзелеп келеді». Бұл – тұлпардың шабар алдындағы шағы. Осы тұста атақты туындының қысқаша тарихы баяндалады. Мұны автордың өз аузынан естийк: «Есіне елде жүргенде бір қызға тартқан күйі түсті. О да тап мына келіншектей ақсары еді, о да бұған шай ұсынып жатып, шәйі көйлектің жеңі сусып, жұмыр білегі жалаңаш қалғанда, жүзі ду ете қалған. Соңына сөз еріп, шетқақпай жүргенде түскен бейтаныс үйдің сұлу қызы күйған шайға көңілі өсіп, күй шығарып еді. Адал көңіл, тәтті шайға шыққан күй де тәтті болсын деп атын «Балқаймақ» қойған». Әңгіме арасында Азғыр, Еділ, Қиғаш, Үстірт, Алатау секілді жер-су атаулары күйшінің жадында жаңғырады. Бұл – ностальгияның нышаны. Шығарма композициясы – жинақы, сюжеті – шымыр. Әбіш Кекілбай әңгімесіне неге «Аш бөрі» деп ат қойып, айдар тақты екен? Қасқыр, бөрі туралы көркем мәтін екі жерде ұшырасады, біріншісі – кара домбыраға қарағанда («Қапталдағы қабақ астынан шыққан аш қасқырдың ұлығына...») екіншісі – қоянды көріп, елдегі бір уақиға есіне түскенде. Сонда Құрманғазы жігіттермен қосылып, қасқыр соғып алу үшін аңға шығады. «Арланды ақыры сойылға жығып, атқа өңгергендегі жігіттердің «қау-қауы» бұның құлағын қытықтайды». Былайғыдағы жайбасар жандар қасқыр көрсе қаны тасып, арқасы қозып, атқа мініп, атой беретін әдеті. «Бұларды осынша желпіткен көк бөріге разы боп, қасқыр өңгерген жігітпен қатарласып, ер артындағы ауызы ырсиған арландың селтиген серек құлағын құшырлана бұрайтын». Солайша, ерекше риза болған жұрт үйіне қайтарда «Аш бөрі» әніне басады екен. «Бөрінің дуылы бірер күнге созылып, о да басылатын. Жігіттер сойылдарын тастап, таяғын, қауғасын арқалап, малын қаузаиды, шаруасын қайлайды. ...Айдалада жалғыз келе жатып анда-санда қотанына тиіп, бөрліктіріп тұратын бөрі болмаса, мына даланың селт ететін түрі жоқ-ау деп ойлайтын». Әңгіме идеясының кілті соңғы сөйлемде жатыр. Бөрі – өршіл рухтын, намыстың, ерік-жігердің, қажыр-қайраттың символы. Өмірде түрлі қиындықты, қысымды көрсе де, ешкімге бас иемей, ешкімнен именбей, қайта еркіндікке шығып, елін оятап, ес жидырғатын аруақты адам, бұл – Құрманғазы. Демек, аш бөрі мен ұлы өнерпаз – бір-бірімен өзектес, егіз түсініктер. Автор ұғымындағы аш бөрі – күйшінің өзі. Бұл ретте аталған әңгіменің алтын арқауы – қазақ тағдыры, елдің езілген еңсесін көтеру, бодандықта жүріп бостандықты аңсаған ұлтының жоғын жоқтау, жыртқың жамау, жоғалғанын табу, сынығын бүтіндеу, жан жарасын емдеу.

P.S. «Әдебиеттің міндеті – сергелдең жүректі басу, бейқам жүректі ояту», – деп айтқан дарабоз дарын өзінің «Аш бөрісінде» табиғаттың әр кездегі көрінісі, қоғамның қайшылықтары, адам жеке басының тағдыр-талайы, қуанышы, өкініші, сезімі, арманы, адалдығы, намысы мен өкісін өрнектеген. Өне бойында жазушы, өнертанушы, ақын, драмашы, аудармашы, саясаттанушы, тарихшы, мәдениеттанушы, көсемсөзші, энциклопедиялық білімге ие ғұлама, ойшылдың таланты тамаша тоғысқан Әбіш Кекілбай – шын мәніндегі құбылыс.

Әлібек БАЙБОЛ
әдебиеттанушы-ғалым

Егемендікке қол жеткен соң, Қазақстанда жыл сайын оқтын-оқтын «шетелдіктерге жер сатылуы керек», «жер жалға берілуі керек» деген мәселе көтеріледі. Өзінің емес, өзгенің қаны төгілген соң, билік тізгінін ұстаған кейбір шенеуніктер жерді сатудан, жалға беруден де бас тартпайды. Жерасты, жерүсті қазынасын оңды-солды сатып біткеннен кейін жер-анаға көз тіккен ашкөздер ынсап пен қанағатты әбден ұмытқан. Құныққандарын күн сайын көріп те жүрміз. Ал мына ұлан-ғайыр Қазақстан үшін сан мыңдаған боздақтың қасық қаны мен көз жасы төгілген. Мұны басқа емес, сол зобалаңды өз көзімен көрген, бастан кешкен, тауқыметті тағдырын арқалаған жандар өте жақсы түсінеді. Олар үшін жер – ар-ұяттан да биік құндылық! Жер деген – атылған әкесі, жер деген – АЛЖИР түрмесінде телмірген анасы, жер деген – аш-жалаңаш майдан өтінде өлген ағасы. Олардың осы жерден басқа несі бар? Байлығы да, қуанышы да, қайғысы осы – қара жер, қазақтың несібесіне жазылған ұлан-ғайыр мына атырап еді.



КҮРЕСКЕР ИЛЬФА

2016 жылы Қазақстан билігі «шетелдіктерге жер сатайық», «жалға берейік» деген мәселені тағы көтеріп еді, қоғам ушығып, дүрліге бастады. Сұрап алған аурудың емі болар ма? Билік сау басына сакина тілеп, ашынып отырған халықтың қытығына тиіп, ызасын келтірді. Ақырында халық өре түрегеліп, жасы бар, жасамысы бар бірі қалмай жаппай алаңға шығып, қарсылық танытты. Жер сатылуға қарсылық митингтері тек Астана мен Алматыда ғана емес, Қазақстанның барлық облысы мен ірі қалаларында өтті. Қазақтың қарақөздері жер үшін өліспей беріспейтінін тағы бір мәрте дәлелдеді. Жер – сонау патша заманынан бері отарланып, құлдық езгіде қалған қазақтың уайымына айналған ең үлкен қасіреті. Жер үшін күрес – тек топырақ үшін емес, қазақ деген ұлттың ұлыс ретінде, ел ретінде болашақта бар болуы мен жоқ болуын айғақтайтын ұлттық мүдде қозғалысы.

Бір уыс топырақ үшін болған сондай ірі митингке таяғына сүйеніп, сексеннің екісіндегі қарт ана келіп, ортаға шығып, көпшілік алдында (оның ішінде билік тыншысы, ҚР ҰҚК өкілдері, Алматы қалалық ІІБ тәртіп сақшылары бар): «Жер сатылмайды да! Жер жалға берілмейді де!» – деп айбат-мінез көрсетіп, қабасын шытып, таяғымен жер тоқпақтап жатты. Бұл – кешегі «халық жауы» деп нақақтан-нақақ атылып, өзінің ұлты мен елін шексіз сүйген жыр-құлагері Ілияс Жансүгірұлының аяулы перзенті Ильфа апамыз (29.05.1935-14.01.2024) болатын.

Иә, Ильфа Ілиясқызы сондай айбарлы кісі-тұғын. Кескін-келбеті тура әкесінің аузынан түскендей еді. Әкесі қазақтың шетсіз-шексіз атырабын, таутасын, өзен-көлін, құмы мен шөлін, сай-саласын түгел жырлап өтті.

Ильфаның өмірі – кез келген репрессия құрбанының балаларының сияқты тұманды тағдыр. Тауқыметті, азапты. Қызықты. Фантастикалық ғұмыр. Екі жасынан бастап әкесінен көз жазып қалып, Алматыда тұру құқығынан айырылып, анасымен, бауырларымен бірге Қапал, Семей, Меркі өтіп, бас сауғалап, сая іздеп, әкесі қорғап қалған, жырлап кеткен ұлан-ғайыр Қазақстанның «сайынан сайғақ құрлы пана таппай», ауыр да мехнатты күндерді басынан өткерген.

Аты өшкір Екінші жиһан соғысы басталып, аспан жерге түскендей қиын шақта анасы Фатима тағы да зарлап қалды. Жолдасынан тірідей айырылған сорлы әйел енді ұлы Жәнібектен көз жазып, «қара қағаз» алып, өксік кешіп жатқан-ды... Осының бәрі – балдырған Ильфаның көз алдында болған қасіретті оқиғалар.

Болмаған, қызығынан қайғысы көп балалық шақ. Азат, Үміт, Ильфа, Болат ерте есейді. Тайғанақ тағдыр оларды балалығынан айырып, күлдірудің орнына жылатып, көз жастарын құрғатпай есейтіп, ауыр уайыммен тұмшалап тастады...



Ильфа есімінің өзіндік сыры бар. Бұрын-соңды қазақ ғұрпында болмаған жаңа есім, таңсық әрі тосын ат. Бұл – екі жүректің бір кеудеде жарасып, асау көңіл тыныштық тауып, арнасынан асып-тасыған, ынтыққан махаббат тұрақтаған сергелдең сезімнен туған есім. Ілияс пен Фатима есімдерінің алғашқы екі әрпінен бас құраған сүйіспеншілік есімі.

Ильфа қалаған, армандаған Көркемсурет институтына оқуға түсе ал-



мады. «Халық жауының ұрпағы» деген жаланы арқалап жүру оңай ма?! Қыз болса да шыдады. Өзі атқан үкіметі әкесін өзі ақтап берген заманды көрді. Оқуға түсті. Өзі сияқты тағдырлас Санжар Жандосовпен отау көтерді. Екі мұңлық та советтің тепкісін жеңді. Социалистік жүйенің сойылы екеуінің де арқасын тілгілепті. Мойымалды. Шыдады. Бес перзент сүйді: Ажар, Динар, Жанар, Фатима, Кенен.

Ильфа – тума талант, сан қырлы өнер иесі. Бойына әкесінің көптеген жақсы қасиеті қонған. Суретші. Салған суреттері қандай! Оның арманы рессам суретші болу еді. Талапкер анасы Фатиманың, інісі Мұраттың портреттерін салған екен. Жеке архивінен көріп, қарадым, шебердің қолынан шыққан туынды ма дерсің. Суретшінің арнайы оқуын оқымаса да табиғат сыйлаған қабілетіне сүйсінесін.

Ильфа – әнші. Дауысы қандай кең әрі ашық еді. Ілиястың көзкөрген тұстастары оның әншілігі мен күйшілігін,

Дорогой Макс!
Поздравляю тебя с наступающим
Новым 2019 годом. Пусть он
станет для тебя ознаменованием
здоровья, стойкости... Я уважаю и ценю
твою деягия, я уверена в их правоте, под-
держиваю твою позицию, болею за тебя.
Я – это и мои близкие люди.
Ильфа Ильясовна
Джанисуровна Джандосова,
Алматы 3 декабря 2018 г.

тастыруда аянып қалмады. Бұл қор тек Ілияс мұрасын ғана емес, әйгілі «Мамания» мектебінің тарихын түгендеді, Біләл Сүлеев пен Мұхтар Әуезовтердің де ұмытылған сөзін іздеп, зерттеді, зерделеді.

2018 жылы да жердің жыры басталды. Екпіні күшті митингті тарқатты. Жергілікті билік халықты алдарқатты. Арада үш-төрт ай өткен соң, ерекше көзге түскен азаматтар торға түсіп, түрмеге қамалды. Солардың бірі – атыраулық Макс Боқаев еді. Белсенді жігіт түрмеге түсіп, сотталғанда сексеннен асқан Ильфа ана: «Дорогой Макс!

Поздравляю тебя с наступающим Новым 2019 годом. Пусть он станет для тебя ознаменованием здоровья, стойкости... Я уважаю и ценю твою деягия, я уверена в их правоте, поддерживаю твою позицию, болею за тебя. И не одна я – это и мои близкие люди.

Ильфа Ильясовна Джансугурова-Джандосова

Алматы, 3 декабря 2018 г.» деп хат жазып қолдап, жігерлендіреді. Сталиннің каншенгелін көрген анаға «нұрланған» жүйенің тозағы не тәйірі?!

Ильфа Алаш жұрты аңсаған тәуелсіздікті көрді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Жолдасы Санжарлауазымды қызмет атқарған мемлекет және қоғам қайраткері еді. Егемен елдің қалай болуы керегін айтып, өзінің оппозициялық көзқарасымен билікке жақпады. 1992 жылы атпал азамат жол апатынан оқыста қаза тапты... Құпия өлім...

Ильфаны сұм өмір молынан сынады. Бақытты, барақатты күндерді көріп, жүректегі жарасын жазам ба деген шағында тағы да зар илеп қалды... Сосын әпкесі Үміт, інісі Болат бірінен соң бірі өмірден кетті. Анасы бөлек демесен, әкесі бір ағасы Саят, анасы бір Мұрат інісі үшеуі ғана қалған. Ілияс, Фатима, Мұхтардың көзі болған үш асыл. Енді Саят та, Ильфа да жоқ. Тек Мұхтардың Мұраты ғана бар. Ильфаның алақанында өскен Мұрат ағамыз – асылдың сынығы аман болсын!

Мандайына түскен әжімі қандай болса, тағдыры сондай қыртыс-қыртыс еді. Ильфа анамыз қайтпас қайсар күрескер болатын. Олай болуы да заңдылық. Оның анасы Фатима «жүрек жұтқан» батыр емес пе! У сойқан уақытта басын қатерге тігіп, КСРО өкіметінің Төрағасы Георгий Маленковқа қаймықпай арыз жазып: «Менің күйеуім қайда?!» – деп сауал тастаған ананың қызы қайтіп осал болсын!

Аяулы Ильфа қарғыс атқыр Советтік заманға нәуменденіп өтті. Токсанның ауылына жақындағанда ардақты анамыз фәни ғұмырдағы сапарын аяқтап, бақиға бет түзеді... Топырағың торқа болғай!

P.S. Тағы да «жер сатайық» дейтіндер шығар... Сол кезде кім күреске шығар екен?! Жер үшін атылғандардың ұрпақтарының да легі күн сайын азайып, сиреп барады... Атасы қандай ұлтшыл болса, өртеңге шыққан гүлі де сондай ұлтшыл болғанын көрдім. Әңгімесін тыңдадым. Көз жасына куә болдым. Мен таныған, мен көрген Ильфа апа кесек те ірі жан еді... Жер сатылмасын! Жер жалға да берілмесін! Елін сүйген, жерін қорғаған батырлар нақақ айыпталмасын. Адамды адам сатпасын!



Дәурен ҚУАТ, жазушы

ЖАЗУШЫНЫҢ ЕҢБЕГІ – ЖАЛПЫНІКІ

Қазақ қоғамы нарықтық қатынасқа көшкелі бері «нәпақадан қағылған» қауым қаламгерлер болған. «Апыр-ау, қыбырлап-жыбырлаған жанның бәрі еңбегіне қарай ақы талап етеді, айлық-ақша алады, сонда бұл ақын-жазушының танды-таңға ұрып жазған дүниесі мына заманда сұраусыз, құнсыз болғаны ма?» — деп, әлі күнге далмыз. Себебі бізде «жазушы жазса, өзі үшін жазады» деген бір доғалдау түсінік мінберге мініп алған. Жә, жазушы өзі үшін ғана жазса, былайғы жұрттың дені қарын мен қалтаның қамы үшін қарекет қылып жүр емес пе? Оныкі — өзінікі. Жазушының еңбегі — жалпынікі. Қазіргі қасаң тілдің қалыбына салып қайырсақ, материалдық емес дүние өндіретін жеке тұлғаның жасағаны (*яғни жазғаны*) мемлекеттің рухани қазынасын толтырады. Әрине, жазарманның бәрі жасампаздардың қатарынан табыла бермейді. Жазарманның да жазарманы бар. Баяғыда «Қазақ әдебиеті» газеті «ғасыр халтуршигі» деген мәселе көтерген. Сондағы көздегені бір адам еді. Жок, халтурщик о заманда жалқы емес-тұғын. Көп еді... Қазір де жетіп-артылады. Сол «халтекеңдер» қалт-құлт еткен шимай бет шығармаларымен баспаларды басып алды. Баспалардың да осы кезде базары жайнап, самаурыны қайнап қоя берді дерсің. Бір кітап — жүз пәленбай мың теңге. «Бажағыстаңыз!» Сөйтіп, баспалар мен халтурщик-графомандар қосылып алды да, кітап патшалығының тоз-тозын шығарды. Мұның сыртында тума таланттардың да кітаптары жарық көріп жатты. Бірақ олардың саф туындылары ормандай ойлы оқырманның қолына тие бермейтін болды. Ақын-жазушылар шығармасының баспа бетін көргеніне, сөзінің тасқа түскеніне ғана шүкіршілік айтып отыратын халге душар болды. Қаламақының қарасын көруден қалды.

Алайда күндердің бір күні билік пен қоғам тарапынан қаламгерлер ауылына қарай оқыс бұрылыс болатынын ішіміз сезетін. Соның анық белгісін Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның кітап басу ісіне қатысты ұсынған тың тәсілінен аңғардық. Министр ханым кітапты сапалы, мазмұнды етіп шығарудың ережелерін ескерте келіп, қолжазба бірнеше сүзгіден өтіп барып оқырман ортасына жол тартатынын айтты. Демек, алдағы уақытта қазақ оқырманы мазмұны бай, тілі көркем, ойы кемел шығармаларды оқитын болады. Бәрекелді! Кітабы 160 бетті қамтитын қаламгер 4 млн теңгенің көлеміндегі грантты иеленбек. Ал авторлық құқық автордың өзінде қалады. Бұл ережені ақын-жазушылар қуана қоштап, желпініп отыр. Ендеше, «Ай да, Пушкин, ай да, сукин сын!» — демекші, айда, жаз, төгіл, төпелет, құрметті қалам иесі!

Алмасбек ӘБСАДЫҚ,
профессор

ТЫҢ БАСТАМА!

Мәдениет және ақпарат саласының жұмысына жетекшілік жасайтын министрліктің бірінші басшысының жаңа бастаманы жұрт алдында өзі жариялап, оның мән-жайын жалпақ тілмен түсіндіруге ұмтылуы — көңіл қуантарлық құбылыс. Ал жариялаған бастаманың мазмұны тіптен бөлек. Ол — баспа ісінде күрделі бетбұрыстың басталғанынан хабар береді, қонырау соғады. Соғылған қонырау — шығармашылық тұлғаларды шынайы нарыққа бейімделуге шақыру.

Шығармашылық тұлғаларға грант беру арқылы оларды нарық бесігіне төселдіруге жұмысы ертеден қолға алынуға тиіс еді. Кеңес дәуірінде «әлпеш пен әлдиге» үйреніп қалған шығармашыл тұлғаларға нарықтың қатты ағысында «жүзу» аса қиын болатын. Оны мемлекеттік қолдау тетіктері арқылы бірте-бірте жүргізу қажет еді. Өкінішке қарай, Қазақстан тәуелсіздік алып нарыққа бет қойған кезде кітап бастыру ісі де өте күрделі жағдайға тап болды. Мұндай жағдайдың салдары ауыр болатынын түсінген Үкімет кейін қайтадан оны түрлі жолдар арқылы мемлекет қамқорлығына алды. Бұл ұзаққа бармайтын үрдіс болатын.

Шығармашылық тұлғалардың туындыларын гранттық жүйе арқылы нарықтың талабына қарай икемдеу ерте ме, кеш пе, жүйелі түрде қолға алу қажет іс болатын. Себебі әлеуметтен сұраныс жоқ туындылар, мейлі, ол он жерден керемет ақын-жазушы болсын, жұртшылықтың ықыласы болмаса, босқа қалады.

Гранттық жүйе кімнің кім екен анықтайтын индикатордың бірі болары сөзсіз. Бұрынғы кітап етіп жазғандарын «таңдамалы» деп қайта шығарып, селт еткізер ойы, идеясы жоқ туындыларын баспадан шығаратындарға тосқауыл қойылады деп ойлаймыз.

Дамыған шетелдерде ақын немесе жазушы — кәсіп иелері. Бізде ғана кеңес заманындағыдай мемлекеттік қолдауға ие. Ол қолдау — нарықтық сипатта емес, тікелей қамқорлық мазмұнында болып келеді. Мұндай менталитеттен арылу қажет. Дамыған елдерде шығармашылық тұлғалардың туындыларын нарықтық бәсекелестікке жетектейтін агенттіктер жұмыс істейді. Біздің шығармашыл тұлғалар өз оқырманымен жұмыс істеуге бейімделмеген. Гранттық жүйе осындай кемшіліктерді жоюға қызмет істейтін тетіктің бірі болары сөзсіз.

«Ештен кеш жақсы» дегендей, жаңа тетіктерді ұсынып жатқан Мәдениет және ақпарат министрлігінің тың бастамасына сәттілік тілейміз!



Жаңылхан МӘМЕЖАНҚЫЗЫ,
ф.ф.к., ақын, тележурналист

ҚАЛАМГЕРЛЕРГЕ ҚАНАТ БАЙЛАП БЕРГЕНДЕЙ БОЛДЫ

Өзіміз кітап оқып өскен ұрпақтың санатында болғанымызға мақтанамын. Ол кезде ақын-жазушылардың мәртебесі де биік болатын. Көпшілік кітаптарын іздеп жүріп, сұрап жүріп оқитын. Олар үшін барлық жағдай жасалатын. Ел бара бермейтін Қара теңізге барып демалып жазатындар да, арнайы жазушылардың шығармашылық үйінде жатып жазатындар да әдебиетке айтулы үлес қосты. Кейінірек шығармашылық иелері бұл үрдіс бағытынан жаңылғандай, жазылған кітаптар да іздеусіз-сұраусыз қалғандай күйді кешті. Атағы дардай ақын-жазушыларымыз туралы бағдарлама дайындау барысында үйіне бара қалсақ, дәлізде, балқондарында үйіліп тұрған буда-буда кітаптарын көретінбіз. «Жазуын жазамын, бірақ сата алмаймын, көзін тауып тарата да алмаймын», — дейді саудаға икемі жоқ шығармашылық адам. Қаншама қаламгер күнкөріс үшін шығармашылығын шегеріп, «екі қолға — бір күрек» іздеп кетті. «Ұра берсең, Құдай да өледі» демекші, бұл жағдайға жазушы да оқырман да көндіккендей күйді кешіп жүрген кезеңде күні кеше ғана Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның «Кітап басып шығару» туралы айтқандары көңіл түбінде жатқан ойды дөп басқандай болды. Қанатын қырқып тастап, «енді қалай ұшсаң да ұш» деп қоя берген қауқарсыз құстарға қайтадан қанат байлап бергендей болды. Ендігі кезекте кітап басып шығаруды мемлекет өз назарына алмақ. Әрине, мемлекетте шашылып жатқан ақша жоқ. Жеті рет өлшеп, бір рет кесіп қана, түрлі-түрлі комиссиядан, сараптамадан өткеннен кейін ғана сіздің жазғандарыңызды кітап қылып шығарады. Жазғаныңыз жақсы болса, оқырманыңыз көп болса, ол кітапты қайта басып шығарады. Сөйте тұра автордың өз құқығы сақталады. Аударма ісіне де үлкен қамқорлық көрсетілетін болыпты. Ендігі кезекте осы айтылғандардың бәрі де жүзеге асын деп тілейік. Жазушының мәртебесін биіктетін мұндай өзгеріске қалай риза болмайсың?! Іске сәт!



Ділдар МАМЫРБАЕВА, жазушы

ФАДАЦАЙЛЫҚ ҚАСИЕТІ ЖОҚТАР ҚАЙТПЕК?



Кітап басып шығарудың жаңа ережесімен танысып шықтық. Жеке тұлғаның, жалпы ұлттың санасына сәуле түсіретін басты негіз — кітап десек, онда кітап шығаруға деген жаңашыл ойдың айтылуы орынды, құптаймыз. Құжат тексеру, қоғамдық талқылау, тәуелсіз комиссия, сарапшылар қорытындысы туралы тоқсан есіктен өтуі де орынды. Комиссия мүшелерінің, сарапшылардың қаншалықты әдебиетті

— ардың ісі деп бағалайтындарын да бір Аллаға тапсырайық.

Енді осының бәрінен өтіп, бағы жанған шығармаларға қаламақы емес, сараптама комиссиясы шешімімен грант беріледі дейді. Жаңалыққа қуандық. Дегенмен министрдің іле-шала: «Кітапты басып шығару және сатылымға шығару құқығы автордың өзінде қалады», — дегені ойландырып қойды. Жазасын, жүгіріп жүріп шығарасын, содан кейін сатасын. Бұл үшін сенің фадацайлық қасиетін болу керек, табиғатында бұл мінез жоқ болса, не болғаны? «Кітабы өтпейтін жазушы» атанасың ба? Екіншіден, 10 баспа табақ емес, 4-5 баспа табақ кітабына аздаған ақша алсаң, оны сол ақшаға шығаруға қазіргі баспалар шығынын өтей ала ма?

Сондықтан Абайдың: «Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес», — дегенін қанағат ете тұрайық.

Ұларбек НҰРҒАЛЫМ, жазушы

ҒЫЛЫМИ КІТАПТАРҒА БӨЛЕК БАҒДАРЛАМА ӘЗІРЛЕГЕН ДҰРЫС

Мемлекеттік тапсырыспен кітапты басып шығару ісі жылдан-жылға жетілдіріліп келеді. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Ғалымқызы жариялаған бұл жолғы ережеде бірқатар жақсы өзгерістер бар екен. Авторлық құқық автордың өзінде қалып, сатылымнан түскен пайда да автордың үлесіне тисе, ол — өте құптарлық жағдай.

Десе де, менің айтқым келетіні, шығарылатын кітаптарды қарастырғанда: «әдеби кітаптар», «танымдық

кітаптар», «ғылыми кітаптар» деп бөліп-саралаған дұрыс. Өйткені танымдық, ғылыми кітаптарды базаға салғанда олардың сондай үлкен көрсеткішпен сатылуы екіталай. Егер іріктеу кезінде өтілім санына мән берілетін болса, ғылыми-танымдық еңбектер ысырылып қалады да, әдеби, публицистикалық жинақтар алға шығып кетері анық. Сондықтан ғылыми кітаптарға бөлек бағдарлама әзірлеген дұрыс деп ойлаймын.



Алпамыс ФАЙЗОЛЛА, жас ақын

МӘСЕЛЕНІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН АВТОРЛАРҒА ТИІМДІ ЖАҒЫН ДА ҚАРАСТЫРСА...

Жуырда Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның әлеуметтік желіде кітап шығару ісіне қатысты тараған үндеуі қаламгер қауымды елен еткізгені рас. Онда сала министрі енді мемлекеттік тапсырыспен шығарылатын кітаптар саны артатынын және өтініштер жылына екі рет қабылданатынын айтып қуантты. Алайда енді бұрынғыдай әдеби туындылар үшін авторларға қаламақы беріліп, кітапты шығару және республикаға тарату мәселесін министрлік жүргізбейді. Жаңа ереже бойынша, әдеби шығарманың көлеміне қарай ақын-жазушыларға грант беріледі. Мысалы, 10 баспа табақ, яғни, 160 бет кітапқа 4 миллион теңгеден астам қаржы бөлінеді. Ал кітапты шығарып, сату қаламгердің мойнында болмақ. Авторлық құқық та өзінде қалады. Бұл қазір әлемдік бестселлерлердің авторлық құқығын сатып алып, аудартып, өз бетімен сатып жатқан баспалар үшін өте тиім-

ді. Себебі мемлекеттен грант, қаржылай қолдау алуының арқасында шығыны азаяды, жұмысы ілгерілейді. Одан әрі кітапты басып шығарып, республиканың әр түкпірінде сату баспаларға айтарлықтай қиын шаруа емес. Өйткені облыстарда бәрінің дерлік өкілдіктері бар. Дегенмен жекелеген авторларға бұл қиындау. 160 бет кітабы үшін 4 миллион теңге грант алып, өзіне сай келетін баспа табу, мұқабасын, дизайнын жасату, баспадан шыққан жүздеген не мыңдаған кітапты қоятын қойма іздеу, оны сату үшін елдің өзге аймақтарына жеткізу, ұдайы жарнамасын жүргізу, т.б. шаруалар шығармашылық адамының қыруар қуаты мен уақытын алады. Дамыған елдерде бұл істердің бәрін әдеби агенттер атқарады, ал ақын-жазушылар кітабын жазудан артық дүниеге басын қатырмайды. Десе де біздің елде әлі әдеби агенттіктер жоқтың қасы. Сондықтан жауапты министрлік мәселенің жекелеген авторларға тиімді жағын да қарастырса деген ұсынысымыз бар.



Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
жазушы, Қазақстан Жазушылар
одағының Басқарма төрағасы

Менің бұрыннан әдетім қазақтар өмір сүріп жатқан шетелге барарда қатты толғанып, буырқанған сезімге бөленемін. Әуелі: «Алыста, жат елде (жат жерде емес, әрине) өзгетілді халықпен қалай тіл табысып, өмір сүріп жатыр екен бауырларым», – деп уайымдаймын, сосын: «Қандай кәсіппен айналысып, жат елде өздерінің қарым-қабілетін көрсетіп мойындатып жүр екен», – деп толғанысқа түсемін.

Қытайға мен сонау тоқсаныншы жылдардың аяғында ҚХР өкіметінің ресми шақыруымен Жазушылар одағының арнайы делегациясы құрамында барғанмын. Бізді ресми қабылдаулардан кейінгі уақытта үнемі қытайдағы қандас ақын-жазушылар қоршап жүрді. Қытай өкіметінің қатаң бақылауын сезсек те, ағайындарымыздың ыстық ықыласы мен махаббатына бөлендік. Сонда менің жүрегіммен сезінгенім, мына іргемізде тұрса да, Қазақстандағы бауырларына жете алмай арманда жүрген мұнылықтардың мөлдіреген көзіндегі елге деген сағынышы еді. Кейін шекара ашылып ағайындарымызбен қуана қауыштық кой.

Соңыра Ұлттық кітапханамыздың бір топ кітапханашыларымен бірге Ресейдің Орынбор облысына қазақ кітаптарына насихаттауға барғанда да осындай алабұртқан сезімде болғанмын. Мұнда да бізді мөлдіреген қара көздегі түп-тұнық сезім қарсы алды. Сол жақтағы менің бір байқағаным – Ресей қазақтарының ұлттық салт-дәстүрімізді сақтағанымен бояулы, құнарлы тілінен айырылып бара жатқаны болатын. Өйткені орыс өкіметі дәрегейіндегі аз халықты орыстандыруды тым әріден – патша өкіметінің тұсынан бастады ғой. Орынбор қазақтарының ақсақалдарының өзі бір сөзіне бірнеше орыс сөзін қосып айтуды әдетке айналдырған. Ал жастары ана тілін мүлде ұмытуға айналған, «ана тілім – орыс тілі» деп есептейді. Көп көптігін істейтіні ақиқат кой. Сол кездің өзінде мен: «Апыр-ай, мына алып елдің ішіндегі азғантай қазақтың дінін, салт-дәстүрін, тілін сақтап қалу үшін біздің Қазақстан Республикасы неге кешенді бағдарлама жасамайды екен?» – деп толғанатынмын. Мысалға, Ресейде қазақтар қалын отырған

елді мекендердегі қазақ мектептерін жаптырмауға Қазақстан үкіметі араласса болар еді ғой. Жок, үнсіз, тіпті бізге қатысы жоқ жат мәселе сияқты немқұрайды. Қазір Ресейде әлдеқашан жүзеге асқан қазақ мектептерін жабу үрдісі Қытайда да қарқынды жүріп жатыр. Ал біз қазақ қоғамы үнсізбіз, алыстағы қандастардың жағдайына мүлде аландаудан қалдық.

Моңғолияға іссапарға шығардың алдында мені осындай ойлар әбден мазалады. Ағымнан жарылып сөйлесем Моңғолияны аралап, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк бабаларымыздың басына арнайы ат басын тіреп, тәу ету, Баян-Өлгейдегі ағайындарға сәлем беріп, алқақотан отырып, сырласу көптен көкейде жүрген арман еді. Сәті енді түсіп отыр. Бұл сапарымызға себепші әрі демеуші болған қазақ мәдениетінің үлкен жанашыры, ірі кәсіпкер ініміз – Қанат Зейноллаұлы Сәнік. Қашан көрсен де жүзінен иманы тәгіліп, көзі мейірім шашып тұратын інімнің әдебиет пен өнерге деген кіршіксіз тазалығы мен мейірімі мені ылғи да тәнті етеді.

Әкесі Зейнолла Сәнік ағамыз арғы беттен келген жазушылардың ішіндегі ең бекзатының бірі еді. Ол – бірнеше роман-повесть, пьесаларымен, этнографиялық сәтті туындыларымен елге көлікті де көрікті көшімен оралған жазушы. Анасы Шәмшабану апай да – қазақ поэзиясына олжа салған, ондаған поэзиялық жинақтың авторы.

Ал осы екі қадірліміздің жат жерден бізге алып келген ерекше асыл жәдігерлері бар. Ол – өз бауырларынан өрген тәрбиелі ұл-қыздары. Соның жарқын айғағы – мына біз білетін, қадірлейтін Қанат бауырымыз. Соңғы отыз жылдың көлемінде әкеден туып, әке жолын қуған жастарымыз баршылық, әрине. Алайда сол әкешешенің бар ғұмырын арнаған қазақ

әдебиетіне камқор, қайырымдылық қолын созған ұлдар аз, тіпті жоқтың қасы.

Соңғы 10-15 жылдың бағдарында Қанат Зейноллаұлының қазақ әдебиеті мен өнерінің өсіп-өркендеуіне сіңірген еңбегіне ойша көз жүгіртсем, жаным сүйсінеді. Ол қазақ айтысының, жыршы, жыраулардың, әнші-күйшілердің халықпен тығыз байланыста болуына қанша қаржы жұмсады десеңізші. Ал қазақ әдебиетінің ондаған көрнекті өкілінің жаңа кітаптарының дер кезінде жарық көріп, оқырманын табуға тікелей демеуші болғанын қалай айтпай тұра аламыз. Қанат Сәнік – шын мәнінде, қазақ әдебиетінің Атымтай Жомарты. Мәдениет меценаты.

біз бұған қарапайым халықтың өкілі ретінде жайбарақат қарай алмаймыз. Менің ойымша, Қазақстан Мемлекеті шетелдерде тұратын қандастарымызға қатысты бағдарламаларын қайта қарау керек сияқты. Рас, бұған дейін Мемлекет тарапынан сырттағы қандастарымызды қолдау жөнінде ешқандай шара қолданылмады десек, өте кателесеміз. Басқаны айтпағанның өзінде «Көші қон туралы» қабылданған заңның өзі не тұрады?! Дейтұрғанмен, қазіргі таңда сол заңға елеулі толықтырулар керек-ақ. Ең бастысы – шетелде өмір сүріп жатқан ағайындарымыздың өздері туып-өскен жерлерінде тамырын тереңге жіберіп, жапырағын жаюға жағдай жасау. Алдымен, шетелдегі қазақтардың

СҮТТЕЙ

Келесі сапарласымыз – қазақтың көрнекті ақыны, Баян-Өлгейдің тумасы, қазір Астанада тұратын Сұраған Рахмет. Ол біздің қоржынымыздағы «Қобданың қоңыр желі» атты екі томның құрастырушысы. Бұған қоса Сұраған Моңғолияның көрнекті ақындарының өлеңдерін қазақшаға аударып «Қазақ әдебиетіне» жариялаған. Газеттің 50 данасы да – біздің қоржынымызда.

Біздің үшінші сапарласымыз – талантты ақын, Зейнолла Сәнік атындағы қайырымдылық қорының атқарушы директоры Серік Қалиев бауырымыз.

Төртінші жолаушымыз – Моңғолия сапарын ұйымдастыруға қатысып, «Қобданың қоңыр желі» екі томын жарыққа шығарған «Әдебиет» баспасының директоры, Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары, талантты ақын Ғалым Қалибек.

Делегацияның құрамында Моңғолияға барып көрмеген екі адам бар. Ол – мен және көрнекті қоғам қайраткері Әміржан Қосанов. Талантты публицист, тамаша ақын Әміржан жақында Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылданды. Өзінің іскерлік қабілетімен де ол бізге қоғамдық кеңесші болып жүрген жайы бар.

Сонымен, қыркүйектің жаймашуақ төртінші жаңасында Алматы әуежайына келдік. Бізді «Хүннү-Эйр» деген моңғол авиакомпаниясының АТР72-500 ұшағы қарсы алды. Орташа көлемдегі ұшақтың экипажы көпұлтты екен. Моңғолдар мен ағылшындар және өзіміздің Баян-Өлгейдің тумасы, қарындасымыз жүр жайрандап. Иә, біз қалайық-қаламайық жаһандану идеясының күннен-күнге өршіп келе жатқанын амалсыз мойындауға тура келеді. Сұрағанның айтуынша, бұрын «Баян-Өлгий – Өскемен – Алматы» бағытымен ұшақ қатынаған екен. Осы рейс Өскеменнен Баян-Өлгейге бір-ақ сағат ұшыпты. Біз бүгін Ұланбатырға төрт сағаттан астам уақыт ұшады екенбіз. Ал Ұланбатырдан Баян-Өлгейге дейін тағы бір жарым сағат ұшуымызға тура келеді. Басқаша айтқанда, соңғы кезде Баян-Өлгейге жету қазақтарға кәдімгідей қиындық туғызып тұр. Автокөлікпен қатынасудың да осындай машақаты мол. Егер Ресей арқылы автокөлікпен тура жүрсе, шекара дәлізі бар болғаны 50 шақырым екен. Әрине, бұл зәру мәселе мемлекеттік деңгейде шешілуге тиіс кой. Алайда

әлеуметтік жағдайының жақсы болуына, сонымен бірге мәдениеті мен салт-дәстүрін, тілін сақтап қалуға мүмкіндік беру Қазақстан Мемлекетінің қасиетті борышы емес пе? Менің байқауымша, шетелде өмір сүріп жатқан жастардың Қазақстанмен байланысы өте жақсы. Олардың көпшілігі еліміздегі жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Ал бизнеспен, сауда-саттықпен айналысып жүрген жастардың дені Қазақстан сауда-саттығын әжептәуір игеріп алған, яғни бүгінгі таңда білім алу мен бизнес саласында алға жылжу бар деп сеніммен айта аламыз. Біздің айтпағымыз, бұның бәрі жабайы түрде емес, Қазақстан мемлекеті тарапынан жасалған арнайы бағдарламалар арқылы жүзеге асса ғой, шіркін.

Осылайша, ұзын-сонар ой құшағында отырғанымызда біз отырған ұшақтың борт серіктері Ұланбатыр қаласының «Шыңғыс қаған» халықаралық әуежайына қонуға бет алғанымызды хабарлады.

Бұдан бір-екі ай бұрын біз Моңғолияға сапар шегетінімізді Қазақстанның Моңғолиядағы елшілігіне де, Моңғолия Жазушылар одағына да хабарлағанбыз. Алайда әуежайда бізді Моңғолияның халық әдебиетшісі, романист-жазушы Сұлтан Тәукейұлы, Моңғолияның ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы МЖО және ҚЖО-ның мүшесі, белгілі ақын Зүлкәпіл Мәулітұлы «Гомбын сэр-Од» атындағы сыйлықтың иегері, ақын Аманжол Бәденұлы және кәсіпкер бауырымыз Аскар Өсерханұлы (Сұрағанның айтуынша, Моңғолия «Қодары» атанған марқұм актер Өсерхан Рахымның баласы екен) қарсы алғаннан кейін Қазақстанның Моңғолиядағы елшілігінен де, Моңғолия Жазушылар одағынан да ешкім келмегенін түсіндік. Түсіндік те сапарымыздың емін-еркін болатынына қуандық.

Сонымен, қасиетті моңғол топырағына табанымыз тиді. Ертеректе, біздің жас кезімізде бір журналист яки жазушы ағамыздың (аты-жөні есімде жоқ) «Мынау тұрған Моңғолия» деген жолжазбасын оқып, Моңғолиядан әжептәуір хабарлар болғанбыз.

Біз білетін Моңғолия – Шығыс және Орталық Азияның кең-байтақ жерін жайлап жатқан Тәуелсіз мемлекет, Батыс бөлігі түгелдей дерлік Ресей мемлекетімен (3543 шақырым) Шығыс

түстігі – Қытай елімен (4677 шақырым) шектесіп жатқан, жер көлемі 1.564116 шаршы метр байтақ ел. Моңғолияда 3.398 миллионға жуық халық тұрады. Бүгінгі Моңғолия жері есте жоқ ескі заманда көшпенді тайпалардың атамекені болғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Осы сайын дала ежелгі ғұндар мен көк түріктер, ұйғыр хандығы мен қидандар еркін жайлаған қасиетті мекен. Шыңғыс қаған 1206 жылы ұлы Моңғол империясын құрып, Еуразияны түгел уысында ұстағанын бүгінде бүкіл әлем мойындап болған. Ал тарих өз дегенін істейді. 1271-1368 жылдар аралығында, бір ғасырдан астам уақыт бойына Шыңғыс қағанның немересі Құбылай Қытайды түгел

ғана толық тәуелсіздігін алған еді. Енді, міне, біз Моңғол Халық Республикасының астанасында тұрмыз.

Бүгін «Баянгол» мейманханасына түнеп шығып, таңертең Баян-Өлгейге ұшамыз.

Айтқандай, «Шыңғыс қаған» әуежайынан «Баянгол» мейманханасына дейін 30-40 шақырым екен. Кешкі асты Анадолы үлгісіндегі «Гүрем сұлтан» дәмханасынан іштік. Иесі түрік, араб, моңғол тілінде еркін сөйлейтін бауырымыз Амангелді Қуанышұлы деген азамат екен. Дәмхана домбыра, кобыз ілінген нағыз казаки дәмхана екен. Қазақтың иісі аңқып тұр.

Ертесіне таң ата көтеріңкі көңілмен Баян-Өлгейге ұштық. Ақ шарбы



жок. Көрермендер залы да – 500-600 орындық, сахнасы кең.

«Қобданың қоңыр желі» деген атпен жарық көрген екі томдық кітаптың тұсаукесері осы өнер ордасында өтетініне іштей қуанғанбыз. Алайда ауқымды залдың әр жерінде бытырай орналасқан азғантай халықты көргенде көңіліміз су сепкендей басылды. Демек, бұл елдің әкім-қараларына біздің жеке сапарымыз, екі кітапты өз қаржысына шығарған «Зейнолла Сәнік атындағы қайырымдылық қорының» ақ-адал еңбегі онша әсер етпеген сияқты. Әйтпесе, бір театрдың көрермендер залын оқырмандарға толтырып қою жергілікті әкімдікке не тұрады? Тіпті жартылай бос залды толтыру мәселесін былай қойғанда, өздерінің – әкімшілік қызметкерлерінің төбе көрсетпегені жанымызды жабырқатты. Сонда қалай Баян-Өлгейден мындаған шақырым жерде тұратын Қазақстанның Жазушылар одағы мен Қанат Сәнік сияқты кәсіпкерлер қос кітапты арқалап еріккеннен жүр ме, әлде атын шығармақшы ма? Обалы қане, жергілікті акын-жазушылар құрақ ұшып елпілдеп, қолдарынан келген құрметін көрсетіп-ақ жатыр. Алайда қалың оқырман қайда, мектеп оқушылары қайда? Мені аландататын осы мәселе. Біз мойындайық-мойындамайық, шындығы сол, көркем әдебиет пен қарапайым халықтың арасы алшақтап барады. Әйтпесе, акын Сұраған Рахмет жыл жарым уақытын сарп етіп, инемен құдық қазғандай болып жинаған 36 қаламгердің роман, хикаят, әңгіме, драма, сценарийлері, 84 ақынның өлең-жырларын оқитын оқырманның саны қанша?! Міне, бұл – үлкен мәселе. Ең аландататыны, Алматыдағы осы екі томдық антологияның жарық көруіне атсалысқан адамдардың еңбегін кім бағалайды? Сұрақ көп, жауап жоқ.

Баян-Өлгей қазақтарына айтсақ, жә, қуанатындар – қуанды, бағалайтындар – бағалады. Осы сапарымызда Баян-Өлгейдің үш қаламгері – Марат Бәкейді, Костер Тұмсыханды және Азатхан Мұқанұлын Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылдап, мүшелік билеттерін тапсырдық. МДТ-ның әншілері жергілікті сазгерлердің әнін шырқап, жас ақындар өлеңдерін оқып жатыр. Айтылған әндер мен оқылған өлеңдерден сағыныш сарыны мен нәзік сезім лебі сезіледі.

Қазақ қайда жүрсе де – қазақ, Баян-Өлгейдегі ағайындар – ерекше қонақжай. Сонымен бірге сырбаз, ойлары көңілге қонады. Біз театрдағы кездесуден кейінгі дастарқанда Баян-Өлгей аймағының қаржы саласын басқарған Моңғолияның экономикасына еңбегі сіңген қайраткер Бекен Қабденовпен кең отырып сөйлестік. Бұл ағайынның айтуынша, Моңғолияның ауыл шаруашылығының дамуына Баян-Өлгей қазақтарының қосқан үлесі мол көрінді. Алайда соңғы кезде ауыл шаруашылығының да зәру мәселесі көбейіп келеді. Әсіресе ағайындарды ауыл шаруашылығы саласына тарту күннен-күнге қиындап барады екен. Расын айту керек, Моңғолиядағы қазақтар мал бағу саласында аянбай еңбек етіп жатыр. Сол еңбектің арқасында Баян-Өлгей қазақтары бақуатты тұрады. Ересек балалары Ұланбатырда, Астана мен Алматыда, одан әрі алыс шетелдерде білім алуда. Алысқа білім қуып кеткен балалардың елге, ауылға оралуы екі талай. Сондықтан алыста оқып жатқан ұл-қыздардың ата-аналары қамкөңіл, үнемі ұл-қызының соңынан аландайды да отырады...

(Жалғасы бар)

ҰЙЫҒАН БАЯН-ӨЛГЕЙ



бағындырып, көне Дайду мен бағзы Қарабалық – Бейжінді өзінің бас қаласына айналдырды.

Ғасырдан-ғасыр ауысып, дүниені дүр сілкіндіріп, 1917 жылғы Қазан революциясы болған кезде қытай шенгелінен жаңа ғана құтылған Моңғолия еркін ел қатарында еді. Алайда жаңа ғана туын көтерген Қызыл империя Моңғолияны назарынан тыс қалдырмай, өз «қамқорлығына» алды. Сөйтіп, 1924 жылы қазақтың жалынды революционері Тұрар Рысқұловты арнайы тапсырмамен Моңғолияға іс сапарға жіберді.

Тұрар ағамыз Коммунистік Партия мен Совет өкіметінің тапсырмасын бұлжытпай орындау үшін Моңғолияда 9 ай жатып, ресми Мәскеудің айтқанынан шықпайтын Моңғолия Халық Республикасын құруға ықпал етіп, тіпті астанасының атын орталықпен келісе отырып «Ұланбатыр» деп қойып та берді. Мен сол кездегі Тұрар Рысқұловтың іс-әрекетін сүйсінерлік не күйінерлік іс деп айтуға аузым бармайды.

Моңғолия Халық Республикасы Кеңес Одағының ресми емес он алтыншы Одақтас Республикасы болғаны тарихтан белгілі.

Моңғол Халық Республикасы да дәл біз сияқты Кеңестер Одағы ыдыраған соң

бұлттардың арасымен қалықтап келе жатып тағы да Баян-Өлгей қазақтарын ойлады. Сұрағанның айтуынша, бұл жердің қазақтары – тілін, дінін, салт-дәстүрін сақтап, сүттей ұйып отырған мамыражай ел.

Қобданың қоңыр желі баяу ескен қоңыр таулардың арасындағы ауыл-аймақпен аман-есен қауышып жатырмыз. Баян-Өлгейлік барша руханият өкілдері түгел келіпті. Бұрынағы жылдардағы аймақтың басшысы, бүгінгі Қазақ қаламгерлерінің жетекшісі Қабсаттар Омар, «Шұғыла» журналының бас редакторы, ақын Рысбек Зұрғанбай, «Монстрой-Эра» компаниясының директоры, белгілі кәсіпкер, саясаткер Ғажайып Рахмет, ақындар Костер Тұмсыхан, Марат Бәкей, Қазақ қаламгерлер бөлімшесінің қасындағы «Шамшырақ» әдеби бірлестігінің мүшелері Алаш Кеңшілік, Тілектес Ақылбек, Жандос Аманжол, Шынарбек Жомарт, Заңғар Еркебек, Шамшырақ Қаутай және Журналистер одағының басшысы Еркінбек Бөден, БАҚ-тың жетекшісі Оспан Нәби, журналистер қауымынан Нұрмұқан Аятхан, Қуат Уатқан, Қайрат Далайхан қатарлы азаматтар сайма-сай сап түзепті. Баян-Өлгей

өзге аймақтардан сәл ілгері өркендеп келеді. Оның көрінісі – 10 қабатты «Достық» қонақүйі. Қазақтың үш азаматы бірлесіп тұрғызған ғимараттың егелігі мен менеджменті де осындағы Мұрат Дәкей, Жанғабыл Қажекбер, Саясат Қақтанұлы қатарлы арқалы тұлғалардың қолдарында. Баян-Өлгейде «Құсбегілердің мерекесі» дәстүрлі түрде жыл сайын өтеді екен. Ғаламды таңғалдырар «қыран мерекесіне» дүниенің төрт бұрышынан ағылып келетін жиһанкездердің тоқтайтын жері – осы он қабатты «Достықтағы» тамаша жайлы орындар.

Қонақүйге жайғасқан соң бізді Аймақ мәслихатының басшысы Қабыл Шәріпұлы қонаққа шақырып дәм татқызды. Бұл өзі қазақтың және Моңғолдың арғы-бергі тарихын, мәдениетін бір кісідей білетін көшелі азамат екен. Әсіресе қазақ жазушыларының шығармаларын таратып айтқаны бізге ұнап қалды. «Баян-Өлгейде, негізінен, қазақ мектептері балаларға дәріс береді, – дейді ол. – Алайда соңғы уақытта мектеп бағдарламасына көне моңғол тілін енгізуіміз біраз қиындықтар туғызып жатыр. Иә, Моңғолия үкіметінің бұл саясатына ешкім қарсы келмейді. Тек оқыту методикасын басқа ұлт өкілдеріне лайықты етіп дайындаған дұрыс-ау».

Біз ойланып қалдық, шынында да, көне моңғол тілін үйренгеннен қазақ баласының ештеңесі кете қоймас-ау, тек Моңғолиядағы қазақ мектептерінің оқу бағдарламасы мен оқу құралдары Қазақстандағыдан әжептәуір өзгешеуле. Міне, бұл – біз үшін ойланатын зәру мәселе. Қазақстан оқу министрлігінің де Баян-Өлгейдегі қазақ мектептерін мықтап қолға алатын уақыты жеткен сияқты.

Баян-Өлгейде Құрманхан Мұхамәдіұлы атындағы аймақтық мемлекеттік драма театры бар екен. Көнелеу ғимарат болғанымен осы аймақ қазақтарының мандайына басқан жалғыз өнер ордасы екенінде күмән



Береке ЖҰМАҚАЕВА

— Сіз менің бұл қадамға қалай барғанымды білмейсіз ғой, — деді дауысы құмығып. Қараңғы бөлмеде керует үстінде жүгініп отырған келіншектің сұлбасы кішірейіп қусырыла түскендей. Қыстығып жылағаны естілді.

— «Енді не істесем екен» деп аласұрғанда тапқан айламы осы болды. Ол екеуміз ұзақ жүргеніміз жоқ. Бірақ оны мен құлай сүйдім. Мойнына асылсам, аяғым жерге тиместей тұлғалы, ұзын жігіт еді. Аппак, кең мандайы, қара көзі жарқырап өзгеден ерекше болып көрінетін. Онымен құрбымның туған күніне келгенде өзге қыздардың оған қызығып, менен қызғанып қарағанын көрдім. Кеудемді мақтаным сезімі биледі. Сол түні ол үйіне шақырды.

— Үйде ешкім жоқ. Мамам қала сыртына кеткен. Бізге қона сал, жатақханаң алыс қой. Ертең сонша жерден келіп жүресің бе?! — деді. Ол шақырса, жер түбіне кетуге де даяр едім. Қонып қалдым. Сол түні ол дегеніне жетті. Қарсылық қылар менде дәрімен де, ынта да жоқ еді. Өмірімді одан бөліп қараған емеспін. «Біз қосыламыз» деген сенімім зор еді. Содан былай бірге болуымыз жиілей түсті. Көп ұзамай екеуміз оның шешесіне тұтылды. Ол шешесінен қатты састы, не айтып, не қойғанын білмей абдырады. Ал шешесі болса: «Уходи немедленно, шалава», — деп мені қуып шықты. Маған оның қорлау сөздері қатты соққы болды. Өз-өзіме әрең келдім. Қайткенде бір амал қылуым керек қой. Шешесіне барып бір-бірімізді сүйетінімізді айтып, барынша жалбарындым. Еркек мінезді кесек әйел екен. Түксиіп, жүдә, түсін жылытпады. Көз жасымды да елемеді. «Нам таких непутовых не надо, уходи!» — деді. Келіншектің солқылдап жылағаны естілді. Үнсіз тыңдағаным болмаса, не айтып жұбату керегін білмедім. «Құдай-ау, мұның бәрін маған неге айтып отыр?» — деп ойладым.

Қалалық инфекция бөліміне кеше түнде түскен болатыным. Екі кештің арасында әбігерге түсе қалдым. Перзентханадан шығып келгеніме бір ай да толмаған еді. Алакеугімде ыңырситып жылаған нәрестенің дауысынан секем алып бесіктен шешіп алғанымда, демінен ыстық ұрып тұр екен. Қызуын өлшеместен дереу телефонға жармастым.

Сөйтіп, бірінші қабаттағы балалар бөлімінің уақытша «тұрғыны» болып шыға келдік. Бөлме іші қараңғы. Тек дәлізден түскен жарықпен ғана бөлме ішін байқадым. Есіктің оң жағындағы төсекке жайғастық. Бір жастықтың көлеміндей ғана темірден құрсап жасалған бала төсегі де керуеттің жанына қойылыпты. Бір палатада төрт-бес бала жатқан сияқты. Сол жақ терезенің алдында мен сияқты баласымен жатқан әйелді байқадым. Содан ем-шара бөлмесіне біраз сабылып, екпе салып келіп тыныштанғандай болдық.

Санитардың палата ішіндегі тықырынан ояндым. Таң да атып қалыпты. Бөлме іші айқыңдала бастады. Дәрі-дәрмек салынған арбасын

сүйреп медбике де жетті. Балама түнде салынған дәрі әсер етті ме, тыншып ұйықтап қалыпты. Енді аңғардым, бөлмедегі кішкентай бала саны — үшеу. Үшінші керуетте жатқан сәбидің біз сияқты қосшысы жоқ. Ояңған күйі өзімен-өзі үйдеп керует басындағы темірмен ойнап жатыр. Сәбидің ересек жандай байсалды қалпына таңырқап жанына жақындадым. Маған көз тоқтата қарап, езу тартты. Қандай сүйкімді?! Көзі қап-қара, мойылдай, өңі аппак, монтаны кейпі адамды еріксіз баурайды. Қол-аяғы ғана тым әлсіз көрінді.

— Тастанды балалардың жаны сірі. Көрдіңіз бе, жыламайды да.

Палаталас келіншектің жаныма келгенін аңғармаппын. Ортадан кіші, бәкене бойлы, талдырмаш келген ақсары келіншек екен. Дөңгелек жүзі,

— Жігітім шешесінен аса алмайды екен. Содан қайтып ол маған төбесін көрсетпеді. Ең сорақысы — одан құрсақ көтергенім. Бір айға толмаса да әйел адам сезеді ғой. Сол күндері қалай жүріп-тұрғаным есімде жоқ. Көшені кезіп, сенделіп бөлмеге келсем, құрбым отыр. Әбден жайғасып алған, менің опа-далабым мен духимды жаққан. Иісі мұңкіп тұр. Біреудің өз затыма тиіскенін жеккөремін. Ұнатпадым, бірақ сыр бермей, шай қойдым. Мені қыдыруға шақыра келіпті. Құрбымның әлдебір кластасы бар болатын. Алдында бір таныстырғанда оған аса ыңғай бермегенмін. Содан мен жоқта бір рет келіп кеткенін естідім. Құрбыма шай беріп отырып әңгіме ауанында оны ауызға алдым. Аты Айдын болатын.

— Ой, Балзия, айтпақшы, білесің бе? Бүгін Қанаттармен бірге Айдын да

да қатарынан емеспін. Тек барлығы бо-саға аттаған соң болғанын қалаймын», — дедім. Содан көп ұзамай, «отбасын құрайық» дегенді айтты-ау! Біздің жақтың жігіті еді. Үйіне келін қылып түсіретін болды. Сөйтіп, апалаң-топаланмен күйеуге тиетін болдым.

Сол күні шарқ ұрып дәрігер іздедім. Бұл сырымды ешкім білмейтін. Құрбым да бейхабар болатын. Сіңліме айтуға тура келді. Ол ауруханада медбике еді. Қаладағы дәрігерлердің көбін таниды. Сіңліммен ақылдасып, дәрігерге бардым. Оның да белгілі бір уақыты болады екен. Егер сол күні онымен бірге болмасам, тіктірген перденің де еш пайдасы болмағаны.

Қуғыншылармен сіңлім де келді артымнан. Келгеннен екі көзі менде. Екеуміз көпшіліктен сытылып әрең дегенде оңашаландық.

«ШОЛПАНЫҢ» СІҢЛІЛЕРІ



қазақ қыздарына тән дөңгелей біткен кішкентай мұрны, қой көзі жұмсақ қарасты, жылы көрінді.

— Кеше қатты қызумен түскен. Балалар үйінде бұларға кім қарайды дейсіз?! Бұнда да жылап қатты. Кешеден бері көтерген адам болмады. Санитарлар тамақ беріп жүрген. Мен де баламмен әуре болып отырып жаныма келмеппін, енді көріп тұрмын, — деді.

Бір бөлмеде ересек екеуміз болғаннан ба, келіншекпен тез тіл табысып кеттік. Өзі сөзуар екен. Сөйлегенде кішкене мұрны пүштиіп, ішкі сезім-күйі бет құбылысына шығады да, тыңдаушысын әңгімесімен еліте түсетіндей. Сөзді де шапшаңдау айтып, соның созынқырай түседі. Балзия есімді бұл келіншектің Балқия есімді егіз сыңары бар көрінеді. Бөлмеде бір өзі болған соң іші пысып қалған болуы керек, ана-мынаны айтып, кешке дейін талай әңгіменің басын қайырды. Баламның сырқатының беті қайтып көңілім жайланған соң әңгімеге мен де кетері емес едім. Енді, міне, әңгіменің жеткізген жері. Түн жарымында қараңғы бөлмеде екеуміз де төсектерімізде суырлар сияқты шоқиып отырмыз. Ол әңгімесін жалғады.

алаңға келеді ғой, — деді.

Олармен алаң ортасында жолықтық. Дәл осы кездесуді ұзақ күткендей менімен сонша ықыластан амандасты.

— Қалыңыз қалай? Содан бері мені бір іздемедіңіз ғой, — дедім өкпелеген сынаймен. Не дерін білмей тосылып қалды. Алаңға қыдыруға бет алғанда да өзгелерден озып алдыңғы жаққа кетіп қалдым. Құрбым қатарласып келіп:

— Айдынды қинай бермесенші. Қипақтап, саған қалай жақындарын білмей жүр, — деді.

— Қинала түссін, жүдә, жаны шықпайды, — деп күлдім.

Келесі күні Айдын мені киноға шақырды. Кино басталғанда маған оның көз алмай қарап отырғанын сездім. Шынтақ қойғышқа сүйенген болып оған қарай бейімделіп отырдым. Осыны жақсылыққа жорыды ма, ол еңкейіп сүйемек болды. Бірден бетімді бұрып әкеттім. Кинодан шыққан соң ол өз қылығы үшін кешірім сұрады. «Айдын, сен мені түсін, мен бұндайға аса жауапты қараймын. Рас, бүгін танысып отырғанымыз жоқ. Бір-бірімізді біраздан білеміз. Күн өткізбекке бекер салпылдап жүретін қыздардың

— Қалай болды?

— Ух, аман өттім, — деп жылап жібердім. Сіңлім де естігелі жанын шүберекке түйіп жүр екен. Екеуміз ағыл-тегіл болдық. Иә, апай, менің басымнан осындай күй өтті ғой. Қазір ойлап қарасам, менің емес, әлдекімнің басынан өткендей. Біздің жақта мұндайға қатты қарайды. Әке-шешем менен безіп кетер еді, жүдә. Солай зар жылап қалар едім. Мен неге жылап өмір сүруім керек? Менің де бақытты болуға қақым бар...

Мұқағали бір өлеңінде:

«Адамға ең оңайы — ойнап-қулу,

Ең қиыны — адамның сырын білу», — деген екен. Міне, алдымда бар сыр ақтара салған жас келіншекке не айтарымды білмей үнсіз қалдым.

Біздің палатамыз бірінші қабатта еді. Терезесі шағын паркке қараған. Үйден келгендер терезеден әкелгендерін беріп, сөйлесіп қайтатын. Келесі күні Балзияның күйеуі келді. Орта бойлы, дөңгелек жүзді, сары жігіт көрінеді. Балажан екен. Әкелген ойыншықтарын терезеден беріп, балаға емініп біраз айналды. Балзия баласына:

— Әне, папаң сені сағынып қалыпты, — деп жадырай түсті. Күйеуіне еркіндігі көрініп тұр. Ана-мынаны айтып, тапсырма беріп жатыр.

Кешкі шайда Балзия түндегі әңгімеге қайта оралды.

— «Бұл неге барлық сыр ақтарды» деп отырған шығарсыз.

— Түсінемін. Мен — бейтарап адаммын. Енді мені қайтып көрмеуің де мүмкін. Сосын айттың ғой, иә?!

— Шынымды айтсам, ішіме сыймай кетті, — деді.

— Баяғыда өзіндей бір әйел сыр айттар жан таппай ауыл сыртындағы құдыққа барып айғайлап әңгімесін айтады екен. Содан құдық желмен жаңғырығып шөпке жеткізеді, шөп малға жеткізеді, мал адамға жеткізеді екен дейтін тәмсіл бар.

— Қалай түсінсем болады? Сырынды жаяым дегеніңіз бе?

— Жок, оған алаң болма.

— Негізі өзін нағыз Шолпанның сіңлісі екенсің, — дедім.

— Ол кім?

— Мағжан ақынның Шолпан деген кейпкері болған. Шолпан жұлдызындай суық. Атын да әдейі солай қойған ғой. Ол да сендей бақыт іздеген. Өзі ғана бақытты болуды көксіп, бар әрекетті аянбай жасаған.

— Әрине, кім де болса бақытты болғысы келеді ғой.

— Иә, барлығымыз — адамбыз, пен-

деміз. Қателесетін кездеріміз де болады. Әркім әр жолды таңдайды, түрлі әрекетке барады. Тек сол әрекеттеріміз өзгенің тағдырын тарамыстай тартып, қусырып жататынын ойлай бермейміз ғой.

— Мүмкін! Сонымен, әйел бақытты болып па?

— Жок. Соның қисыны келмепті.
— Неге?

Ең негізгі дүниені жоғалтып алыпты. Қазақ әйеліне тән болмыстан ада өзгеше мінез танытыпты. Ата-ана, кейуаналардан қалған сара жол, алтын өзек болған. Қазақ әйелі өз бақытын ғана көксемеген ғой.

— Ой, апай, ол — жай сөз ғой, жүдә. Ұзатылған қыздарға «Жаңа жұртыңа бақытты боламын деп барма, бақытты қыламын деп бар», — деп жатады. Осы сөзден құсқым келеді. Нағыз өтірік қой.

— Мүмкін, оның рас та шығар. Қазір айта-айта талай сөзді жауыр қылғанбыз. Дегенмен бақыт дегенді қате түсініп жүрміз-ау осы. Менің енемнің айтатын бір сөзі бар: «Ит екеш иттің де көлеңкесі болады. Біреуге пайдасын тигізеді. Ит құрлы жок па екен?!» — дейтін. Бәрі де өзіміздіктен туындап жатады ғой.

Балзия үнсіз қалды.

— Ата-енең бар ма? — деп сұрадым.

— Иә, бар.

— Қиын екен.

— Нені айтасыз?

Олар баланды «өз тұқымымыз», ал күйеуің «өз балам» деп жүр ғой.

Енді осымен қарап қалмаспыз. Алла қаласа, тағы да бала болады ғой.

— Иә, Тәңір бергенінен жаңыл-масын!

— Апай, мені бір безбүйрек деп ойлайтын шығарсыз, жүдә. Бірақ қараңызшы, мендей қыздар аз ба?! Әне, бір дәлелі... Көз алдыңызда жатыр ғой тастанды бала. Оның шешесінен менің айламан асқан шығар. Осы күні талай қыз жүр орамалға оранып. Түнімен «тик-тоқта» аузына келгенін құсып отырғандар да бар. Желіде сәтті некеге тұрғысы келетін «иманды» қыздардың жарнамасы толып жүр. Оларда қайдағы иман?! Бар мақсаты — ақ-адал болып көрініп күйеуге тию. Біздің ауылда бір қыз болатын. Әбден бұзылғанын бәрі білетін. Сол қалаға келгеннен хиджап киіп, бір діндарға күйеуге тиіп алыпты деп естідім.

— Орамал салғанның бәріне күйе жағуға болмас, шын иман келтірген адал жандар да бар ғой.

— Иә, апай, мүмкін ниеті дұрыстары да бар шығар. Бірақ қараңызшы, қазір кім көп?! Хиджаб киетіндер жауыннан кейінгі санырауқұлақтай қаптап келеді. Тіпті кейбірі қара жамылып алады. Біздің бір құрбымыз: «Маған қара жарасады. Қара кисем, бетім аппақ, өзім арық көрінемін», — дейтін. Сол сияқты онысын сән көріп жүретіндер де бар. Так что, апай, өз бақытым үшін істеген ісімді қате демеймін, — деді.

Тағы да үнсіз қалдым. Айтарым жоқтығынан емес, айтқаныммен пайдасы жоғын білдім. Иә, қазақ әйелін бақытты қыламыз деген ұранмен келіп, ұлттық болмысымызды өзгерткен, ал бұлтыңде: «Өзіңді ойла! Өзің үшін өмір сүр», — дейтін насихат қан-ділімізге әбден сіңіп кеткен соң, бірдене деу қиын.

Палата бұрышындағы сәби кереуетіне жақындап, тастанды баланың бетіне үңілдім. Жата-жата басы да жалпая түскендей. Маған қарап күліп қояды тағы. Қандай сүйкімді бала! Қара көзі, момақан жүзі жүректі елжіретеді. «Ендігі тағдырың не болар?! Байғұс-ай, сенің шешен неден жазып, неден жаңылды екен?! Қазіргі күні қандай екен?! Бірақ сенің анаң әлдеқайда адал болар, аярлыққа жетпеген шығар» деген ой келді.

Мендеп алған сағыныш құстың көзін...



Қуаныш АУҒАНБАЕВ

Элегия

Мені сүйген өмірдегі жаны ізгім,
Ып-ыстықсың күндеріндей тамыздың.
Нендей күштің тиді саған салқыны?
Үлбіреген аппақ мақта тәріздім.

Көңіліңе кетті неге күз құлап?
Ұғынбайды ниетіңді ізгі жат.
Күйіңді баса алмай қиналам,
Бір тал жалғыз шылымымды мығжылап.

Нәзік болмыс... сүйрік саусақ, аялым,
Мені сүйген тағдырыңды аядым.
Мені бұлай қадірлемес басқа жан,
Сол ғой сені биігірек қоярым.

Біліп жүрмін кінә тағып сөкпесін,
Тілеудемін гүлдің азап шекпесін.
Жыламышы, жыламышы, өтінем,
Көзіндегі бояу ағып кетпесін...

Жалғыз жапырақ

Жапырақтар арасымен келемін,
Сәтті іздеп көктемдегі көк өрім.

Жалғыз ғана жапырақ түр ілініп,
Сырын ашып, білгім келді себебін.

Бойындағы тасаланбас еш мінің,
Ұйқысыздық асыра ма кеш құнын?
Тал ұшында тұрған әлгі жапырақ,
Жазға ғашық екендігін естідім.

Сағынады алыстағы біреуін,
Көріп тұрмын сағыныштан жүдеуін.
Оның жанын түсінбейді адамзат,
Соған менің ауырады жүрегім.

Толып жатыр оң мен солым, айналам,
Мен де өзімше онашада ой бағам.
Мінезіңе қайран қалам, қоңыр күз,
Жапырақты жерге шашып ойнаған.

Жапырақтың бағы ма әлде соры ма,
Отыр едім құстың қарап тобына.
Жалғыздығы маған егіз деді ме,
Бұтағынан түсті үзіліп қолыма...

Құс көзіндегі сағыныш

Бермесе де бақытын келілеген,
Алшақ емес сезімнің төрі менен.
Қия-құзға қонғанда ұлар келіп,
Ақ қағазға отырам төгіп өлен.

Таңырқадым қараумен қыстың кезін,
Елжіреген сезімге түстім де өзім.
Ыстығымен мені де шарпып өтті,
Мендеп алған сағыныш құстың көзін.

Туған жерден кеткенмен жырақталып,
Көктем келсе жетеді құлап-талып.
Туған жердің көгінде қалықтайды,
Кер далаға сағыныш сыр ақтарып.

Басылмайды көңілдің желігі сап,
Көз біткенді сұлудың мені тұсап.

Құстарменен кетеді дала жайнап,
Тақуа бәйбішенің төрі құсап.

Арылмайтын сезімді келіп құштым,
Таңғы шықтай мөлдіреп, еріп түстім.
Таңғалғаным есімде көпке дейін,
Сағынышың көзіммен көріп құстың.

Нұрын шашып мендегі жарық ішкі,
Орман ойға бір сәтке алып ұшты.
Туған жерден үдере көшпес адам —
Құс көзінен

көре алса сағынышты.

Айналайын...

Байқалды ма бағымның баста кемі,
Дос та кетті қалдырып қасқа мені.
Мына менің көңілім о басында,
Барлығына мөп-мөлдір аспан еді.

Айқара ашып бәріне есігімді,
Тигізбеуге бел будым кесірімді.
Бірақ маған барлығы қайта келіп,
Қоймады ғой, қоймады өшігуді.

Талғамымда талас жоқ, биік мүлде,
Нұр шашақты тұратын тиіп күнге.
Жүрегімнің ішіне жақын тұтқан —
Сатып кеткен баяғы сүйіктім де.

Айтқан кезде қынай бел, үр күз кесім,
Жылап қалған аядым жұлдыз көшін.
Не бітірдім, білмеймін, не бітірем,
Жаптық енді бір жылдың күнтізбесін.

Тағдырымды сөз қылмай таңдамаған,
Қара түгіл, қол берген хан да маған.
Бәрі алдап ішінде адамдардың,
Өлең ғана сатпаған, алдамаған.
Айналайын...

Есімде менің сол күндер...



Еркебұлан ЗАҒЫПАРОВ

Атамның ағаш таяғы

Жаныма болған саялы —
Ескі үйге барсам баяғы,
Көзіме оттай басылар
Атамның ағаш таяғы.

Уысына толса — аялы,
Шым-шымдап сырын жаяды.
Бағасын сонда сездірер
Атамның ағаш таяғы.

Бастырмай қалса аяғы,
Қапталдан келіп таяды.
Есімде менің сол күндер...
Атамның ағаш таяғы.

Сен едің — кайың баяғы,
Мен едім — адам саяғы.
Төбеден құртты әперген —
Атамның ағаш таяғы.

Қорғасын болып ой әлі...
Көңілімді қозғап қояды.

Ат болдың бүлдіршіндерге.
Атамның ағаш таяғы.

Өмірі өтті жай ағып,
Өзіңді ғана таянып.
Көзіндей болып қалдың-ау,
Атамның ағаш таяғы...

Сарытолағай

Сақтардың сарбазындай сан қарағай,
Бойында сап түзеген Сарытолағай.
Құдайдың бере салған құт мекені,
Тамсанып өтпес, сірә, жан қарамай.

Кезсе де табиғатты күз аралай,
Солдырмас сұлу жүзін Сарытолағай.
Самал жел екпінімен тербеледі,
Арудай мың бұралған қыз қарағай.

Бұл жерде кие жүрер таң аралай,
Саясы шипа берер жан жарама-ай.
Жарықтық, құшаққа алсаң, қуат берген,
Діні зор, демі жұпар — балқарағай.

Талпынсаң Сарытолағай заңғарына,
Жетерсің жан қалаған арманына.
Қоржынбай, Жабай мөлдір бұлағы да
Меккенің тең емес пе зәмзәмына!

Қызырдан кие қалған байлауында,
Киелі аң-құс жортқан қойнауында.
Жұмақтың қақпасындай жанға сая,
Шыбынсыз жаз өткерген қойлы ауылға.

Болмаса табиғаттың тұғырындай,
Ақынның төгілер ме жыры бұлай!
Бойынан мін табылмас Сарытолағай,
Шеберсің неткен, шіркін,
ұлы Құдай!..

Жеменейім

Бойында күнде жүріп елемеймін,
Жаныма шипа берген, Жеменейім.
Күндерім зулап менің өтіп жатыр,
Аңырап ағытылған жебедейін.

Кеудеме соқса сарай сары уайымды,
Жағаңнан жаным табар жағдайымды.
Қауып ішіп кеудемнің отын басқан,
Жібітер балдай суың таңдайымды.

Жалғаннан кейде сен де жабығасың,
Тамшы су бермей арнаң тарыласың.
«Аялай алмады ма, — деп, — мына көп?»
Қаңсыған қарап саған қамығамын.

Ажал жетіп, татқызса тамшы уын,
Әзірейіл тосқанда жан шығуын,
Денем от боп жанғанда, тәнім кеуіп,
Ерініме тисе екен тамшы суын.

Мен емеспін болымсыз, ебедейің,
Қасиетінді қалайша елемейін!
Дүниеден көшсек те сені тастап,
Қияметке дейін бол, Жеменейім.

Ә, дегенде «әдебиет» деп сөз бастап, артынша «Абай» деп атойлап атқа қонған, «өнер» деп парасат-пайымын танытып, өршіл рухы мұқалмай өмір кешкен Төкен Ибрагимов – мұқым мейір-махаббатымен, шабыт-шапағатымен барша қазақ баласының бас тірейтін танымал тұлғасы. Жалған-кеңістікті тік тұрып, тірі басып жүрмесе де, қазақ ғылымындағы, айталық, әдебиеттану, өнертану, абайтану, театртану салаларында сара жолы сайрап жатыр.

Өзі ғұмыр кешкен 79 жыл ғұмырында қазақ руханиятының қазынасын толтырып, Алаш болмысты жандардың білімін байытып кеткен айтулы жандардың бірі болатын. Ол араласқан тірлік – толымды, айтқан сөзі – қонымды, алдын көріп, тәлімін алған шәкірті болымды екені біз сөз сатпасак та, бізге дейін сапталып қойған сөз ләмі болып шықпақ.

Көсемсөз көрігі (I)

Төкен Ибрагимов – өнер өлкесіне қаламы жүрдек журналист, тілі шешен тілші болып келді. Алғашқы мақалалары, көсемсөзден тұратын көлдей еңбектері студенттік жылдары-ақ «Лениншіл жас» газеті мен «Жұлдыз» журналында жарияға шықты. Жұртшылықтың жақсы ықыласына кенеліп, көпшіліктің көңілінен орын алды. Алматыны қимаса да, жүрегіндегі арман-ансары қинаса да, ауылына ат басын бұрды. Бірақ жүрек отын маздатып, көңіл қылын шерткен, сезімін қытықтап маза бермеген сөз-сиқырға, өлең дейтін құдіретке дуаланып, дауасын іздеді.

1964 жылы Алматыдағы ҚазПИ-дің тарих-филология факультетін бітіріп, 1971-1975 жылдары аспирантураны аяқтағаннан кейін еңбек жолын ауыл жұмысшысы ретінде бастады. Кіндік қаны тамған мекендегі сегіз жылдық мектепте тәрбиеші, қазақ тілі мен әдебиет және тарих пәндерінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет етті. Бес жыл бойы өз бойындағы қажыр-қайратын безбенге салып бала оқытты, сом тұлғаларды тоқытты. Шығармашылық шыңына мойын созып, қайтадан қаламына жармасты. Қалам-қуаты алға сүйреп, Семейге – ұлт қайнарының қазаны болған қалаға қарай ойысты. Семей облыстық телеарнасында әдебиет-драма, музыкалық ақпараттар редакциясының редакторы, аға редакторы қызметтерін атқара жүріп өнер өлкесінде өзгеше қалыптанған, аймаққа мәлім мәдениет пен әдебиет саласындағы аймандай ардагерлерді насихат етті.

Оның зер салып, зейін қойған әр хабары, қысқа қалыптағы репортаждары реңін жоғалтпай, өзіне тән мазмұн-мағына үстеп, күн сайын көп көңілдің пернесін басып, жыл сайын жұртқа жаға берді. Міне, осы кезеңдерден бастап талай жылғы оқу мен ізденіс ізгі жолға бастады. Ғылымға біржола бет бұрып әдебиеттану дейтін асыл өнердің өзегіне, «әдебиет сыны» аталатын салмақты саланың саңлағы болуға талпынды. Сын-садағын қолына алғанда шекті уақытта тыныштық тауып дамылдамай, көсемсөздің көрігін қыздыра беріпті, сөз иесіне қызыға беріпті.

Сана сөзі (II)

Төкен Ибрагимовтің әдебиетте елең еткізген елеулі дүниесі 1979 жылы басылған «Өлең өрісі» кітабы. Алғашқы бөлімі – жанр мәселесін нысанаға алған Қалижан Бекхожин шығармашылығы. Мұнда қазақ өлеңіне тән ерекшеліктерді, дәстүр мен жаңашыл идеяны және көркемдік шешімдерді талқыға салады. «Дәуір және дәстүр», «Жаңа лек – соны леп», «Эпикадан – лирикаға», «Сезім мен



Төлеужар ағылымы

(Жазушы, абайтанушы Т.Ибрагимовтің туғанына 85 жыл)

серпіліс» аталатын тарауларда Бекхожин бағындырған белестерді бағдар етіп бағамдап береді.

Осы кітаптың «Сырласу» деп аталатын екінші бөлімінде тұтастарының әдеби портреттерін жасауға зер салды. «Табысу» деп мақала жазып Сағи Жиенбаев сезімінің буырқанысын сезіндірсе, «Жыр мен сыр» деп Т.Молдағалиев туындылары мен тағдыр сырына үңілді. «Ой мен образ» деп Қ.Мырзалиев жырларының қуатын өлшеп, ойлы сөзге ерік берді. «Жүмекеннің көзімен» деген зерттеуінде акын Ж.Нәжімеденовтің «Өз көзіммен» деп аталатын жинағын талдап, «Өлең өрісінде» акын Ө.Нұрғалиевтің өлең-өлкесіне еніп, балладалары арқылы жаңа тыныс тапқан туындыгердің әлеміне бойлады.

Бұл еңбегі қатарластарын бастан-аяқ мақтау-мадақтау емес, қатарының алды болғандарға өзінше баға берумен бірге, ақыл сөзін алға тартып, әдебиет зерделеші, сыншы ретінде санасында туған сөзін осылай паш етіп, өз көзжиек кеңістігінен хабар берді. Оның сыртында қаншама әдебиетке қатысты пікірлері әдеби ортаны елдетіп қойды.

Төкен Ибрагимовтің өнертанушы қатарындағы еңбегі – 2000 жылы жарық көрген «Толқын толғау» аллитерациялық эсселер жинағы. Жұртшылыққа Абай мұрасы, жалпы қазақ поэзиясы, мәдениеті жайында зерттеу еңбектері арқылы кеңінен танылған, белгілі әдебиетшінің «Күй әлемі», «Ән өлкесі» дейтін қос бөлімнен тұратын кітабы халқымыздың кешегі мен бүгінгі ән-күй қазынасы мен күйшілік, әншілік орындаушылық шеберлікті сөз етті. Күй өнерінің корифейлері Нұрғиса Тілендиев, Төлеген Момбеков, Мағауия Хамзин, әнші-музыканттар Теміржан Базарбаев, Тұрсынғазы Рахимов туралы толғанды.

Автор өзі зерделеп, қағыс қалдырмай қадағалап, бойына сіңірген бірқатар өнер иелері мен өнерпаз тұлғалардың ерекшеліктерін, халықтық қайнар бастау-бұлақтарын жүрек сүзгісінен өткізді. Мұны ән асылы мен күй парқын біліп, се-

зіне білетін жанның тебіреніс-толғанысы десе де болғандай. Т.Ибрагимов – әдебиеттанушы, сыншы, өнертанушы ғана емес өзі де ақын-жазушы. Бұл сөзімізге оның «Оймен онаша» кітабын оқыған әрбір жанның куә боларына сенгіміз келеді. Жинақта автордың әр кезде туындаған өлеңдері мен орайлы ой-толғаныстары орын алған. Уақыт, орта, адамдар көңіл күйі мен сезім сәттері туралы оқырманмен сыр бөліседі. Ол сырларда өзіндік және замандас, тұтас тұрғыластарының жан толқыныс қалпы, бейне-кескіні көрініс тартады. «Оймен онаша» еңбегі сөз зергері болып қалыптасқан акын Төкеннің тағы бір қырын ашты.

Ұлағат ұясы (III)

Қазақ мәдениетінің ауыспалы да тура мағынасындағы да қара нары болған Төкен аға тәлімі, өнегесі ерекше еске алатын тұс. Оның қамқорлығын көріп, әкелік әлпештеуі мен ағалық аялы алақанының лебін сезінген қаншама тау тұлғаларды атап шығуға болады. Бұл – тізім толтыру емес, шын мәнінде, бүгінде толысып, өздері де қарасан көз сүйсінетін, кісілік келбет-кейпі келіскен аяулы жандар. Абай десе арқаланып, өнерге бейім Төкен Ибрагимов өзінен кейінгі буынға бар ықылас-пейілін, шуақ-мейірін аямай төкті.

Алдыңғы буын ағалары Қайым Мұхамедханов, Кәмен Оразалиннің алдына түспей барынша інілік ізет танытып, ақылшы тұтты. Өз тұрғыластары Асқар Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Зейнолла Серікқалиев, Фариза Оңғарсынова, Акселу Сейдімбек, Қабдеш Жұмаділов пен Мұхтар Мағауин, Өтежан Нұрғалиев, Мұрат Әуезов сияқты ақын-жазушылармен қарым-қатынасын үзбей, достық-жолдастық желісін жалғады. Олар да ескі қала Семейдің илеуінде қалған «провинциядағы» парасат-пошымы бөлек Төкенмен санасып, ішкі сарайын ашып, төбесіне көтермесе де көңіл төрінен орын сайлады. «Ой-ниет жарастығы үшін, мақсат-мұраттың бір жерден табылғаны

үшін рақмет. Сіз бастаған соны үн, салмақты еңбек», – депті Акселу Сейдімбек Т.Ибрагимовтің кезекті бір кітабын оқып болып «Келісу бар, кетісу бар. Жаным шықсын, келіскен жерім жоқ. Жаным екі рет шығып кетсін, кетіскен де кезім жоқ. Сөз тануда, өуен ұғуда, өуезге сіңуде сендей кісі болмасына өз басым кәміл сенемін», – депті Асқар Сүлейменов Төкен досына жүрегін ұсынып.

Төкен Смайылұлы тарихи қалада тірлік жалғаған замандастары Мәдениет Ешекеев, Болат Сыбанов, Санақ

Әбеуов, Мұрат Сұлтанбеков, Сейітжан Тәбәріков, Ақылбек Манабаев, Ырысқан Мұсаұлы, Мерғали Ыбыраев, Дауыл Хайруллин, Теміржан Базарбаев, театр мен тарихи сөздің тарлағы қос Бекен – Бекен Имаханов, Бекен Исабаев сынды сырбаз өнер иелерінің жоғын жоқтап, барын түгендеуге жанын салды.

Кейінгі толқында ән дүлдүлдері, талант-танымы терең Тұрсынғазы Рахимов, әнге салсаң әріден сөз қаузайттын кеудесі кен Келденбай Өлмесекөв, баянды бақытын әннен тапқан Баян Сағымбаева, сол кездегі поэзияның жас перілері Айбек Сапышев, ғалым-зерттеуші Амантай Исин, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Әбубәкір Қайран, Еділ Асылбеков, Алмақан Мұхаметқалиқызы, мүмкіндігі жеткенше еркелеп, айтқанын істетіп, дегеніне көндірген, қолынан келсе жұмсаған Тұрсын Жұртбай да Төкен шайырдың шарапатын сезініп, мейіріне молынан мелдектеді. Жастық жалыны жүрек өртеген кенжелеу буында Толғанбай Сембаев, Қайрат Камидолдин, Нұриден Иманбаев, Берік Омаров, Еркін Шүкіман қатарлы жандар Төкен ақсақал тіктеген ұлағат ордасының оғыландары болып орын сайлады.

Төкен Ибрагимов өзі қызметке араласып жүргенде Семей қаласында құрылған мәдениет және өнер мекемелерінің басы-қасында жүрді. Театр саласына араласып, Абайдың жұмбақ-сырына «Жаза-Наза» деп үңілді. Жаңадан тұсауы кесілетін пьесалардың премьерасынан қалыс қалмай пайымын білдірді. Театр шебері Дариға Тұранқұлова мен режиссер Ақбарәлі Айтибаевтармен де тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеді. Елімізде тұңғыш құрылған «Дариға-ай» жаздар театрын да бірінші күннен қамқорлығына алды. Театр алғашқы баспалдағын осы Төкен аға басқаратын музейден бастады. Сол руханият ордасынан өнер өлкесіне сенімді түрде нық қадам басты.

Бұлар, бір қарағанда, ағасына еркелеп жүретіндей көрінгенімен, ақиқатында ағасының алқауына зәру болғандар деу-

ге де болатын еді. Өйткені оны-мұныға елпілдей жөнелмейтін жөні бөлек Төкен аға сыны, соны бағасы соңында тұратын. Бос мақтау емес, көбіне даттау болмаса да осы ағасынан барлығы дерлік бірі кісідей именетін-ді. Бұл білместікке салынған санасыздық емес, қайта ағасын одан әрі аспандата түсетін биік талғам мен жоғары бағалаудан құралған дүние деп ұқсақ жарар. Бір-бір өнер майталманына айналған осынау жандар қай кезде де өзіне ізгілік-ілтисатын арнаған ағаға қарыздар екенін естен еш уақытта шығарған емес. Өзі тізбелеп, тұғырға қондырып кеткен өнер адамдары ретінде қазақ мәдениеті мен әдебиетіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан жолында Төкен Ибрагимов сына-лаған сорап айқын аңдалады.

Абай арқауы (IV)

Өзі айтпақшы, оның жұмысы – таңертеннен кешке дейін болмағанда Абайдың бір сөзін оқып қалу. Сол жалғыз сөзге басын иіп қызмет жасау. Сол жалғыз сөздің ығымен жұмыс жүргізу. «Абайды оқығаннан кейін маймыл болмаса бір нәрсе ұғасың емес пе?!» – деген ол Абай сөзін жай ғана ұғып қойған жоқ, ұқтыруға да күш салды. Күнін батырып, таңын атырып, қала шетіндегі саяжайында Абайын айналдырып, өзіне керегін, сөз сөйлеп айтар дерегін іздей берді.

Қазақ болып қалыптанған соң, айналдырғаның ала кешке дейін ала қағаз болған соң кез келген сөз иесі Абайға соқпай өтпес. Осы тұрғыдан алғанда Төкен Смайылұлының шығармашылық арқауы Абайдан басталғанын бағамдаған жөн. «Махаббатсыз дүние – дос» деп Абаймен мұңдасып, «ойы мен жүрегінде имани махаббаты жоқ адамның дүниеге дос болатынын айтқанда бүгін тоқтап-тосырма-сы кәміл еді. «Қазақтың өзінен сөзі ұзын» ғадетіне құмарлық емес, сенің қауашағыңды ашып, соның ішіне Абай сәулесін шашуы екенін еріксіз екшейсің.

Төкен ақсақал ұзын сөзден іске бейім болды. Абай оның бар өмірінің мәні мен мағынасы, сәнін кіргізіп сорабынан адас-тырмас даңғыл жолы еді. Әр сөзін әспеттеп, Абайдың «адамды тірдей өлтіретінін, жаның шықпай тұрып жүрегінді суырып аларын» алдыңызға тосса, «Абайды оқи-оқи кәдімгідей уланып қалған пенденің» пошымын көз алдыңызға елестетеді. Бәлкім, Абайға деген құштарлық, Абайды ардақтау тек тамснудан тұрмасын да ісімен жалғады. Жазып қалдырған Абайға қатысты ғылыми-зерттеу еңбектері мен мақалалары «жұмбақ Абай» сырына бас-тайды. «Жер әңгімеші» деп кітап басып шығарып, Абайдың немесе оның туыстық айналасына қатысты тарихи-деректі нысандарды ғана таныстыру емес, қастерлі мекеннің туризм саласына да жан бітіру, Абай арқылы адамзат баласының ортақ қазынасын түгендегені сол. Абайтану шеңберін шиырлағандай болып Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Мұхтар жайындағы мағлұматтарды назарына іліктірді. Сол үшін де біз оны абайтану ғылымының асқан білгіріне, асқар биігіне баласақ балалық деп қабылдай көрмеңіз.

Абайтану ғылымы оның жолын ашты: «Мен – жолды жанмын. Жол басында Ахат бата берді. Ниязбек, Қабыш қол жайып тілек етті. Сәбилік тазалыққа иек сүйеген еркелікке қақылы «балағатының» өзі балдай тәтті Шәкір дос-құрдастай шындықтың шынайы шежіресі, ғұламам еді», – деп ішкі жан-дүниесіне үнілсең сөйлей жөнеледі.

Оған Әнет баба, Кеңгірбай, Мамай, Тоқтамыс, Қарамеде, Ағашаяқ, Шәкәрім, Көкбайлар сыр-қақпасын ашты, тарихат үн қатты. Қабыш Керімқұлов пен Ниязбек Алдажаров бағыттаған, бас болып көрсеткен: Шыңғыстағы жондар мен жолдар, Доғалаң, Шұнай, Орда, Өртең, Ақшоқы – оның өмір сапарында бел шешіп, аяқ

суытар тарихқа құлаш сермейтін қастерлі мекенінде жүрегінде сақтады. Тауын асып, тасын табанына басып, аралап жүріп оқыды. Аққан қан, төгілген жас, күрестер мен күрсіністер құлағына сыбырлады, кеудесінде күмбірледі.

Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Мұқа, Әлмағамбет, Мұқаметжан мен Тұрағұл, Зере мен Ұлжан, Ағашаяқ пен мұхит Мұхтар, Мекайыл мен Ізқайыл, Гүллар (Шәкәрімнің қызы. Өте зерделі болған жан – Қ.К) мен Қабыш, Зият пен Ғапур, Базаралы мен Қиясбай санатындағы көп-көп аяулы, ардақты есімдер мен жандар бір өзекте туған өзектес асылдарына айналды.

Музей мекнаты (V)

Ибрагимов Төкен Смайылұлының 1976 жылдан 2010 жылға дейінгі өмірі музей ісімен, музейтану саласымен тікелей байланысты. Соның ішінде Абай музейі тарихынан оның алар орны орасан. Ұлт руханиятының аяулылары іргетасын қалап, қабырғасын тұрғызған Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығының сексен төрт жылдық тарихының отыз төрт жылының жылнамасында Төкен аға қолтаңбасы қалды. «Директор» деп доқ көрсетіп, «басшы» деп бас әріппен жазылатыны болмаса, бізге – белгілі, басқаға белгісіз сөзден ұққанымыз оның осы жолда жан аямай жанкештілікпен қызмет еткені мәлім. «Абай» деп сөйлеу бар да – оған терең үнілу бар, «бастықпын» деп бәлсіну бар да, шынтуайтында, қол астындағыларды жұмылдыру бар емес пе? Қай істі қалай, неден бастау керек екенін бағдарлау басты міндет қой.

Музей қонақты қабылдап, жәдігер тарихын айтумен ғана шектелмейді. Оның өзіне тән методикасы, педагогикасы бар. Бұл – ең алдымен, ғылым ордасы. Ал жасы өсіп, санасы толысқан сәтте Төкен Ибрагимовтің музей саласына араласуы – болат-темірдің қызған дер шағы. Бойындағы білімі алға сүйреп, қайраткерлік күш-жігерін жұмсап, музей ісін жандандыруда жан аяған жоқ.

Қазақстанда ашылған алғашқы әдеби-мемориалдық музейді Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейіне айналдыру ісінде, Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойын атап өту барысында Төкен Ибрагимов тұлғасы анық айшықтала түсті. Бұл ел азаттық алып, елдің еңсе тіктеген сәтіндегі алғашқы айтулы той еді. Мұнда да Алматы мен Алаш қаласы арасын жалғаған ақ жағалылар басқосуында білікті басшы білгенінен жаңылмай, керекті дүниенің барлығын жіпке тізіп, есеп-қисаптың барлығына басын қатырды. Сондағы мақсат-міндеті – музей ісін ілгерілету мен Абайды айдай әлемге таныту машақаты.

Абай музейінде Төкен Ибрагимов басшылық еткен жылдары Бас ғимарат Семейдегі орталық төрт көшенің қиылысында орнын ұлғайтып, 1997 жылы Семейде «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» музейінің, Абай білім алған Ахмет Риза мешіт-медресесінің, Жидебайдағы – Абайдың, Мақаншыдағы – Әсет Найманбайұлының, Бөрілідегі – Мұхтар Әуезовтің, Тақыр өзенінің бойындағы – Көкбай Жанатайұлының, Құндызды елді мекеніндегі Шәкір Әбенұлының музей-үйлерін, Жидебайдағы – «Шәкәрімнің саят қорасы» экспозициясының жасалу-жанаруына жанталасты.

Шетелдердің ірі мұрағаттарындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі ұлғайып, үлкен ауқымда жұмыс істеді. Тікелей жетекшілігімен музей қызметкері Б.Исабайұлының «Ұлылар мекені», зерттеуші С.Тәбәріковтың «Тауқымет» кітаптары жарық көрді. 2008 жылы Парижде Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдығына арналған «Шәкәрім әлемі» көрмесі өтті. Музей ісінің дамуына қосқан

үлесі үшін Төкен Смайылұлы 1996 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері» атанды.

Түйін – толғаныс (VI)

Ата мен бала, уақыт-мезгіл талаптарына сай ұрпақ буындарын тілдестіріп, сөйлестіріп, сырластыратын «Индираға хат» кітабы – ес байытып, болмыс бекітін дүние. Шығыстан жол салған эпистолярлық жанрлы жыр, әңгіме, сұхбат кітаптары аз емес. Автордың еңбегі де қазақ әдебиетінде жаңа бір қырымен – оқушыларымен сырласар хаттық үлгідегі тыңнан түрен салған бітімдісі. «Кітап арналған Индира – деректі есім» делік, алайда қазақ хат үлгісіндегі жаңаша түрленген оқшау шығарма. Ата ақылы мен өсиеті, кенесінің мұраты келер буындармен сыр ақтарады. Өткен елес күннен естелік, үміті басым келешекке кеңес. Өмір-ғұмырдан ғибрат тартып, ұсына қайта айналып түспес уақыт бедерінде Индираға бағытталған хаты – барша оқырманын ойландырып, қалам иесінің биігіне бас қоятын, тұңғыық-тереңіндегі қайнарын қанып ішуге талпындырар туынды.

Сөзден дауасын тауып, дуалы сөзге душар болған шығармашылық адамына өмірлік серік болатын жары қай кезде де қолдаушы болуға керек. Олай болмағанда тұяғы кетілген тұлпардай тұралап, қанаты қайырылған құстай жер сабауы кәдік. Бейнелемей, бейім сөзін айтсақ, қос қапталынан жел саулап, тұл жетімдей зар-күйін шертері хак. Аяулы жары Нұрилла Садуақасқызымен, қызы Айман апаймен аға өмірден озғаннан кейін оны-мұны кітаптарын баспаға әзірлеу, ағаны еске алуға арналған кештер барысында етене-жакын аралас болдық. Сондағы бажайлағанымыз Нүкен апамыз өте көшелі кісінің бірі болатын, әр сөзін тиянақтап тапсырғанда ағамыздың деңгейі еді. Ағамыз бақи кешкеннен кейін артындағы біраз дүниесін басып шығарсақ деген асыл арманына жетпей кетті. Жалғанның жазмышына бой ұсындық. Нүкен апаның қазасы әлемді шарпыған тәжтажалмен қатар келді. Енді еңсе тіктегенде ұлы Руслан қайтты...

Бірақ артында бар оналардың кебімен жакын-жуығы Төкен Ибрагимов мұрасын мансұқ етпей, насихаттауға ниеттеніп келеді. Лайым шырағы сөнбей, сәуле шашуын жалғасын деген тілектеміз.

Төкен ағамыздың қаладағы қауырт тірлігі түгесілгенде саяжайына жылыстай жөнелетіні бар-ды. Сол бекер емес. Қамыс-қурай шауып, бау-бақшасына бағбандық қылғаннан кейін көп еңбек еткені кәміл. Демек, сая болған саяжайында әлі де біз ашпаған, сөз ұстаған қауымды ынтықтырар, қолға ұстап, көзбен көргенше асық қылар қаншама дүние бары анық. Соны жарыққа, жарияға шығарып, мерзімді баспасөз бетінде басылған еңбектерінің бас-аяғын жинастыру, көптомдық шығармалар жинағын басу – келер күннің еншісі.

Мен – бақытты пендемін – депті «Индираға хат» кітабының қорытынды сөзінде, – ...Абай шарапатының сыйы. Бақытым жүрегіме ұйған Абайлық рух, ең зор атақ – Абай, абайтану шырақшысымын. Абай әлемінен жұққан нұр жұқанасы, үн күбірі, сезім жарықтың аз сәулесі... Абай – әлем тауыспас мол теңіз-дүние. ...Мен біраз бірденелер білгендей болсам: даналығым, данышпандығым емес, әлгі аруақтар жолы мен ізінен кезіктіргенім».

Абайды ұғып, ұлағатын бар жұлын-жүйкесімен сезінген бақытты адамның өткенін шолып, бүгінге жалғадық. Тұлға тағғылымын танып, таныта берсек болғаны. «Семей – бар ойдың, ойлының ұлы ұясы», – деп Төлеужар (Т.Ибрагимовтің азан шақырып қойған аты) ойлана тіл қатып тұрғандай.

Қуат ҚИЫҚБАЙ,
жазушы,
Абай облысы,
Семей қаласы



«АБАЙ ЖОЛЫ» КІТАПХАНАСЫ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖАРЫҚ КӨРГЕН КІТАПТАР

Абай облысында «Абай жолы» кітапханасы жобасы аясында жарық көрген кітаптар топтамасының тұсауы кесілді. «Абай жолы» кітапханасы жобасы Жазушылар одағының Семей филиалының ұсынысымен, облыс әкімі Нұрлан Ұранхаевтың қолдауымен жарық көріп отыр.

Кітаптар топтамасы жобасын құру Қазақстанның мәдениеті мен әдебиетінің дамуына ықпал етуге, туған өлкемізден шыққан ұлы тұлғаларымыз бен ақын-жазушыларымыздың туындыларын қайта жаңғыртып шығаруға, қаламгерлеріміздің атын әйгілеуге, көркем әдебиет арқылы жастарды рухани әлемге тәрбиелеуге бағытталған. Жинақтарды оқуға қызығушылық танытқан оқырман қауым алдағы уақытта бұл кітаптарды Семей өңірі кітапханаларынан және цифрлы нұсқасын ҚР ҰӘК қорынан тауып оқи алады.

Топтаманың алғашқы басылымы ретінде Астана қаласындағы «Филиант» баспасынан әрқайсысы 500 данадан 16 кітап (*жалпы жиыны – 8000 дана*) жарыққа шықты. «Шығармалардың жарық көруі жолында аянбай еңбек еткен Арап Сіләмұлы бастаған редакция алқасына рақмет айтамыз» – дейді аймақ қаламгерлері.

Шараға кітап авторлары Бауыржан Жақып, Тұрсын Жұртбай, Айгүл Кемелбаева, Думан Рамазан, Толымбек Әбдірайым қатысты. Ұйымдастырушылар тұсаукесер жиынының жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан Абай облысының Мәдениет басқармасына, Абай атындағы кітапхана ұжымына, Абай облыстық Семей театрына, «Дариға-ай» жастар театры ұжымына, Әміре Қашаубаев атындағы мемлекеттік филармониясына алғыс білдірді.



Төрехан МАЙБАС

**БӨРИСЫРҒАҚ
ДЕГЕНІМІЗ НЕ?**

Әуелі осы бөрімізді анықтап алайық. Әрине, ол — қасқыр. Әрине, ол — қасқырдың арланы. Әрине, ол — арлан болғанда жалы. Әрине, ол — жал болғанда бөрісі. «Жал» деп қасқырдың арланын айтамыз. Қаншығы — шулан.

Қасқырдың үйірін «әуек» дейміз. Осы әуекте шамамен жиырма-отыз қасқыр болады. Орманды һәм қасқырлы орыс жұрты әуекті «стая» дейді. Әуекті бас-таушыны «вожак» дейді. Қалай екенін қайдам, біз осы «вожак» сөзінің калькасын жасап «көсем», «көшбасшы» деп жүрміз. Кешегі үлкендер оны «әуекбасы» деуші еді. Сондықтан алдағы уақытта осы сөзге назар аударсақ деймін. Осы жерде көзіқарақты оқырманнан: «Сонда абаданымыз не?» — деуі әбден мүмкін. Абадан дегеніміз де — «әуекбасы» деген сөз. Алайда...

Аңға қасқырлар әуек болып шықпайды. Олардың да қартайғаны, түрлі жарақаттан мүгедек болып қалғандары, аң қауға жарамайтын көксеректері болады. Сондықтан күш кемістігі білінгенде олар бірігеді. Әуектер күш біріктіреді. Бірнеше әуек топтасып, үлкен бір әуекті құрайды. Соны басқаратын әуекбасыны «абадан» дейді.

Көкейімізге келіп тірелген сауал «әуек қайтіп көбейеді» деген сауал болса керек. Шынымен, қайтіп? Жұптасып, әрине. Жұптасып деп текке айтып отырғанымыз жоқ. Қасқырлар бір-ақ рет жұп құрады және әуекте бір-ақ жұп болады! Міне, мәселе қайда? Жұпқа түсетін қасқырдың арланын «бөрі» дейді. Арланның «жал» екенін білеміз, қарап отырсақ, жалдың барлығы бірдей бөрі бола алмайды екен. Әуектегі қасқырлардың тұқым шашатыны біреу болады, сол біреуді «бөрі» дейді.

Тілімізде жиілігі жоғары «бөрікөз», «бөрімінез», басқа да бөрі сөзімен қатысты сөз тіркестері жеткілікті. Осы тіркестерден-ақ бөріде сакральдық қасиеттердің барлығы білінеді. Ол не қылған қасиеттер? Ол — ең алдымен әуектің иесі. Бүгін де! Ертен де! Ол әуекті құрайтын қасқырлардың аналығын тандай білуі керек. Ол қаритын қаншығын жазбай тануы керек. Тандау жеткілікті. Мың емес, жүз емес, алайда жеткілікті.

Тандау жасалғанда оны «бөрте» дейді. Осы жерде естеріңізге ештеңе түспей ме? Бөрте деген түп апамыз бар емес пе еді? Ол апамыз жаһанды тітіреткен Темужиннің тандауы емес пе еді? Кешегі — Абылай, кешегі Кенесарының мамасы емес пе еді? «Мама» сөзіне де шекеден қарап жүрген жайымыз бар.

Қазақ баласы әжеден кейінгі әжемізді «мама» деген. Салыстырыңыз, «мамабие», «мамаказ», «мамаказық». Үйші қауымдар жалпы ағаштын ұрғашысын «мама» деген. Содан барып ағаштың барша ұрғашысын «мамаағаш» дейді.

Бөрінің бөртені тандауы өте маңызды. Өйткені әуектің одан әрмен өсіп-өнуі осы бөртеге байланысты. Әуектің ертеңін осы бөрте шешеді.

Қандай жағдайда болсын бөрте «қысыр» қалмайды. Бір жағдайда — тоғыз, енді бір жағдайда жалқы табуы мүмкін. Неге? Қасқырлар қоғамдасып өмір сүретін мақұлықтар. Қоғам болған соң-ақ онда да кемістіктер болады. Кемел қоғам ешқашан да болған емес, болмайды да. Соның жарқын көрінісін осы әуектің мысалынан көруге болады.

Аңға топтасып шығады, түсірген олжаларын өзара бөліседі. Ол олжадан ешкім де сырт қалмайды. Әлі аңға жарамайтын қарақұлақтарын еш уақытта аш қалдырмайды. Әуек, ең алдымен, соларды қоректендіреді. Содан кейін аңға шығуға жарамайтындарды... Сол «аңға шығамын» деп жарақат алып, мүгедек болып қалғандардың кезегі қарақұлақтардан кейін тұрады. Осыдан кейін қасқырларды текті демей көріңіз!

Уау, сонда аңшылардың өздері қайда қалады? Олар өздерін де ұмытпайды. Соны бөрте шешеді. Айналадағы қорек жеткілікті болғанда тоғыз табады!

Қорек мардымсыз болғанда жалқы табады! Бірақ ешқашан да, жоғарыда айтқанымыздай, қысыр қалмайды! Қасқыр еш уақытта құтын босқа шашпайды! Сондықтан да бабаларымыз оны «тәңірқұт» деген. Әңгімемізге қайтып

сырт киім. Оны үлкен де, кіші де кие береді. Бөрітонның жөні — басқа. Оны кез келген адам кие бермейді. Қазақ бөрітонды қырыққа дейінгі ер-азаматына кигізбеген. Қандай жағдайда болсын. Сөбеп біреу — еркек шауқатын жасытқан...

Бөрітонды азамат серігін суыққа алдырғанда, болмаса, боранды күнде жолда қалдырғанда оған кесікті құн белгілеген. Оның айбанасына толық құн төлеген.

мен басқарады... Әуектегі әрбір ақылды қасқырдың ұраны — «Бірі бөрі үшін!»

Әуекті құру қиындықпен өтеді. Есе-сіне, оның ұйымшылдығы, топшылдығы кемел болады. Олар селбесіп өмір сүруді игереді. Оның ең бастысы — ауызбіршілігі. Әуектің өміршеңдігін жалғыздың да ақылы, көптің де ақылы шешеді. Олардың ұстанымы жаға ұстатады. Бөрі бірі үшін!

Бізге осы ұстаным жетпей жатыр-ау...

**БӨРИСЫРҒАҚ**

оралайық. Қасқырдың тектілігіне көзіңіз енді жетеді!

Бөрі мен бөрте мойнына алған шаруаларын басқа мақұлықтар сынды ашық, кез келген жерде жасамайды. Олар бұл жауапкершіліктерін жасырын өткереді! Әуектен бөлініп, көзден таса жерде. Бір жаратушы ақпанның ақырған боранын осы бөрі мен бөрте үшін әдейі жіберген сынды көрінеді. Әуектің қалған көзінен жасырынуы үшін... Осы амалды бабаларымыз «бөрісырғақ» деген. Бұл амал ақпан айының 17-25 аралығында өтеді.

Қасқыр баласын 63 күн көтереді. Содан барып қарақұлақтарын сәуір айының аяғында әкеледі. «Қыс ішінде қасқыр (бөрте) күшіктеді» деген әңгімені естімедік.

БӨРІТОН

Тілімізде «бөрітон/ды» деген сөз бар. Мәшекең Жидебай батырды суреттегенде «бөрітонды» деп жазады. Осы сөзді де алғаусыз қолданатынымыз байқалады. Оны өзіміз аңғара бермейміз. Содан да барып қасқыр ішік мағынасында түсініп, сол мағынада қолданып жүрміз.

Шын мәнінде, бөрітон да — қазақтың тонына, оның ішінде сыртына (сырттон) жатады. «Бөрітон» деген сөз — «бөрі киім» деген сөз. Қасқыр ішік те — қазақ баласының сырты. Қасқыр ішікті екінің бірі киді десек те, бөрітон жөнінде олай деп айта алмаймыз. Бөрітонды екінің бірі кимеген. Ондай мүмкіндік бола да бермеген. Өйткені қасқырдың бөрі бөрі емес.

Бөрі дегеніміз — жұпқа түсетін қасқырдың жалы. Ал қазақ аңшылары ешқашан да бөрі соқпаған.

Сонда қазақ баласы қайтіп бөрітон киіп жүр? Бір әуекте жалы бар, шуланы бар отызға тарта қасқыр болады. Соның біреуі ғана — бөрі. Жұпқа түсетіні.

«Қасқыр ішік» деп сөйлейтін қазақ баласы «қасқыртон» деп сөйлемейді және керісінше, «бөрітон» деп сөйлейтін бабаларымыз «бөрі ішік» деп айтпаған.

Демек, бұл жерде де бір кілтпанның болғаны.

Қасқыр ішік — ең алдымен, сыртан,

БҰРАЛҚЫ

Жалдың барлығы да — бөріден үміткерлер. Сол жалдарың бөрі болуы мүмкін бе? Мүмкін болса ол қалай өтеді? Бөріден үміткер жал өзінің шешесімен (бөрте), қарындасымен (шулан), не апасымен (шулан) еш уақытта жұпқа түспейді. Қасқыр баласының тектілігін осыдан-ақ аңдауға болар. Олай болса, бөріден үміткер әуектен шығуға мәжбүр болады. «Бөріден үміткер» деген сөз — «өз алдына әуек құрушы» деген сөз. Әуек құру үшін бөрте керек. Оны қайдан алады? Басқа әуектен! Жалпы, тіршілік дүниесінде нәпсісін қанағаттандыруға келгенде еркегі ұрғашысына қарағанда осал келеді. Бұл адам баласына да қатысты. Бұл қасқыр баласына да қатысты. Содан барып әуектегі жалдың барлығы бірдей болмаса да, өз алдына әуек құруға ұмтылатындар ішінара болады. Мұндай жағдайда әуектің қатал заңы бойынша ол әуектен шығып қалады.

Неге бұралқы? Әуектен шығып қалған бұралқылар да бірігеді. Бірақ бұларға әуек заңы жүрмейді. Содан барып олардың бөріге ұмтылған ғұмыры ұзаққа бара бермейді. Әуектегі жалдар ешқашан да бірін-бірі тастап кетпейді. Ал бұралқыларға бұл заң жүрмейді. Сондықтан да олар қилы жайттарға ұшырап жатады. Қорек қамымен бас қосқан бұралқылар қауіп төнгенде өз бастарын сауғалайды. Осыдан барып олардың ғұмыры қиылып жатады.

Бөрітонымыздың шикізаты, тоны — осы бұралқылар, бөрі болам деп талпынған жалдар. «Бұралқыға бар өлім бөріге жоқ» деген сөз содан қалған.

ӘУЕК ЗАҢЫ

Ақыл... Көптің ақылы... Аздың ақылы... Жалғыздың ақылы... Мына әлем құламай тұрса, ақылға сүйеніп тұр! Қасқыр — ақылды жаратылыс. Ол жалғыз жүргенінде де, көптің ішінде жүргенінде де ақылынан ажырамайды, алжаспайды. Ол не нәрсені болсын ақылмен шешеді. Олар әуекті де ақылмен құрады. Ақыл-

**КІМ АБАДАН БОЛА
АЛАДЫ?**

Осы да сөз болып па? Әрине, ең аздысы, ең күштісі, ең сіңірлісі! Солайы солай-ау, алайда табиғатқа қарасан бұл ойыңыздан қайтар едіңіз... Табиғи сұрыптау деген бар. Әуекті жалдың ең ақылдысы, ең айлалысы басқарады. Айла дегеніміз — ақылдың туындысы.

Әуектегі отыз қасқырдың қорегін тауып беру, оларды басқа әуектерден қорғауды ұйымдастыру, жер аумағына ие болу, ең бастысы, өздерін басқа әуектерге мойындату — оңай шаруа емес. Осының бәрінен аман шығу үшін, әрине, күш емес, ақыл керек, айла керек, амал керек.

ТӘҢІРҚҰТ

Ұлы табиғаттың жаратқаннан салып қойған инстинкт (түйсік) бар. Ол қандай жағдайда болсын — көбею! Табиғатта бөрі кездеседі. Аталығы болмай-ақ көбею бар... Аналығы болмай-ақ көбею бар... Сол жаратылыстың «средний род» болуы мүмкін емес! Біздің түсінігімізде. Жок, болады екен! Бөрісырғақта бөрі мен бөрте ғана өз табиғатынан аумайды! Қалғаны өз табиғатынан бас тартады. Мұның бөрі — көктер! Одан кейін де аяғына жетпейді мүмкін. Қысыр қалуы мүмкін... Алайда қасқыр емес! Жалқы да болса әкеледі. Бөрте дүниеге өзі тектесті әкеледі! Бұл — көктің тандауы! Мұны «тәңірқұт» дейді!

**БҰЛ ЖАЗБАМЫЗДЫҢ
ТҰЗДЫҒЫ**

Қазір қасқыр аулауға бізде тыйым салынған. Соған орай қасқырдың етіне, ішек құрылысына, өтіне, тұяғына деген сұраныс аспандап тұр. Әлемде адам саудасы жүріп жатқанда, тәйірі, бұл сауда болып па?! Дегенмен бұл да — соған бара-бар сауда. Осыдан екі жыл бұрын қасқырдың ұшасы бір мың доллар тұрды. Қазір екі мыңға жеткен болар. Өйткені... Бұл есірткі саудасымен байланысты. Есірткіге пышақ ұшы қасқыр өтін қосып жіберсеңіз, із алғыш итіңіз, иіс алғыш итіңіз оған аяқ баспайды. Айналып өтеді...

Балалар әдебиеті дегеніміз – жас ұрпақ тәрбиесі. Ұрпақ тәрбиесі дегеніміз – балалар әдебиеті. Демек, балаларға арналған кітап. Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының сөзіне жүгінсек, кітап – тәрбиенің бас құралы. Ендеше, бұл үш ұғымды бір-бірінен бөліп қарай алмайсыз. Өзара үйлесім тапқан біртұтас ұғым.

Пікіріміз дәлелді болу үшін белгілі жазушы Қанат Қайымның әлі баспаханна бояуы кеуіп үлгермеген «Патшалар алқабына саяхат» кітабын талдап, таразылап көрейік. Балаларға арналған танымдық романның «тарих», «археология», «этнография» деген қосымша анықтамалары тағы бар. Бұл атаулар да бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар екені айдан анық. Әйтсе де, бұрын-соңды балалар әдебиетінде көп қозғала бермейтін археология тақырыбы жас оқырмандарымызға қалай жеткізілді екен деген қызығушылықпен кітап бетін ашқан едік.

«Аттандық сапарға» деп аталатын алғашқы бөлім бізді де сапарлас етіп еліте жөнелді. Алматыдан шыққан лексус жеңіл көлігінде – бас кейіпкер Берен бала мен Әбдеш, Епеке есімді қазыналы қос қарт ғалым. Білмейтіндері жер астында екі атасы Алматыдан Ақсуатқа дейінгі осы ұзақ сапарда жол-жөнекей кезіккен әр ауыл мен әр асу белдердің қилы атауларын және неге олай аталу тарихын майын тамыза баяндаумен болады.

Диалогқа құрылған әңгіме-дүкен тұсындағы әр кейіпкердің өзіне тән сөз саптасы нанымды берілген. «Екі қарттың ортасындағы бала дана болады» дегендей, аталарының сөзіне ден қойған Берен тыңдаудан жалығар емес. Себебі олардың әр сөзі бала үшін тосын, тың жаңалық, кейбірінің шет жағасын естігенімен, толық білмейді екен. Мысалы, Дарабоз батыр – Қабанбайдың ерлігі жайлы біраз жайттарды естіп келе жатқанымен оның ұрыс тәсілдерін жетік білген шебер қолбасшы болғанынан хабары жоқ-ты. Тіпті барлаушылар тобы – «ертауыл», үлкен аттаныстағы «оң қол», «сол қол», «тұтқауыл», «тосқауыл», «бақауыл» дейтін жасақ топтарын естімеген де еді.

«Қазақ батырларының соғыс тәсілдері айрықша болған. Жай ғана былай тізбектеп шықсан, сан жетпейді. Олар «Үш тоғыс соғысы», «Қаша ұрыс салу», «Екі аша соғысы», «Күре соғысы», «Жекпе-жек соғысы», «Үлкер жәрік соғысы», «Ошақ соғысы», «Қоян-қолтық соғысы», «Ай қораланды соғысы», «Қоян қашты жасау», «Шұбыртпалы соғысы», «Аламан соғысы», «Хилар соғысы», «Дода соғысы», «Күйрық жеу соғысы», «Ұры соғыс» сияқты тағы да толып жатқан соғыс тактикасын, соғыс тәсілдерін пайдалана білген», – деумен қатар Әбдеш атасы әр тәсілді тәптіштей таратып, бүге-шігесіне дейін Береннің зердесіне құйып беруде.

– Бас сардар әр ұрыстың, әр шайқастың әдісін үнемі қадағалап, бақылап отырған, – дейді Епеке атасы. – Мысалы, «Күйрық жеу» әдісін алайық. Бұл әдіс бойынша, ұрыс кетіп бара жатқан ең артқы қосынның соңынан, екі бүйірінен тиеді. Жаудың алдыңғы қолының беті – алда, сондықтан тыныштықпен өткен жерден ұрыс күтпейді. Ал арттағылардың алдыңғы қолға баруына мұршасы болмайды.



«ПАТШАЛАР АЛҚАБЫНДАҒЫ» ЖАУҒАР ЖӘДІГЕРЛЕР

Енді «Ай қораланды» ұрысына келсек, ол – жауды айналдыра сыртынан қоршап алып, содан соң біртіндеп қыса түсу екен. Бірақ мұндай тәсіл әскер саны жаудың қолынан аз дегенде бір жарым есе көп болғанда ғана қолданылатын көрінеді. Берен бала сонымен қатар «ер қаруы – бес қару» туралы білетіндерін толықтыра түсті. Сөйтсе, найзаның өзінің үш түрі болады екен. Әбдеш атасының айтуынша, олардың біріншісі – бетпе-бет айқаста сауыт кимеген жауға қарсы қолданылатын, сауытты дұшпанға қарсы қолданылатын – сүңгі, үшіншісі – жыда дейді. Сүңгінің жөбесі үшкідей үшкір, үш-төрт қырлы болып келеді екен. Жыда найзаға ұқсас болғанымен сабы қысқалау болып келеді. Оны жауға лақтырып қолданған.

– Найза мен сүңгінің басына шашақты әдейі байлаған. Ол найзаның ұшынан аққан қанды сабына жібермеу үшін және қарсыласына найзаның ұшын байқатпау үшін қажет болған. «Шашақты найзаны – сардар, ал қоңыраулы найзаны ұраншылар ұстаған. Найза қолдың қарына ілінеді. Бес қаруға кіретін семсер, қылыш, селебе кесу құралына жатады екен.

– Қылыш дегеніміз – қоян-қолтық айқаста жауды шауып, кесу үшін қолданылатын қару. Оның қолға ұстайтын бөлігін – сап, қолға іліп жүру үшін сабына тағылған қайысты – бүлдірге, қылыштың түзу бөлігін – алқымы, кесуге қолданатын бөлігін – басы, кесетін жері – жылан немесе жүзі, жүзінің қарсы жағы – сырты, түйрейдін жері, ұшы – жебе, қылыштың сапқа кіргізілетін бөлігі – жете, қолдың тіреліп тұратын темірі – «балдақ» деп аталады.

– Оу, айналайын-ау, сен әрбір қарудың «ішек-қарнын» ақтарып айта берсең, мына қалпыңда Үшарал, Қарақол, тұрмақ Шолпан ауылына да жетіп қалатын шығармыз, – деп қояды Епекен. – Осының бәрін қалай жаттап алғансың, мынаның бәрін бірдей есте сақтап қалудың өзі қалай болар екен?

– Ата, айта беріңізші, қызық қой! – дейді Берен.

– Айтсам, қылыштың жасалған теміріне қарай «Ақ алмас», «Ақ балдақ», «Ақ берен», «Көк берен» деп те аталады. Әне, сенің есімің де осындай кесіп түсетін керемет қылыштың атауымен байланысты қойылған, – деді де, Әбдеш атасы замандас құрдасының ескертпесін елеусіз қалдырмағандай: – Езе берсек, Епекейден ыңғайсыз болар. Бес қарудың екеуін айттық па? Қалған

үшеуіне қысқартыпқырап тоқталып өтейін, – деді.

Сөйтіп, бұл әңгіме барысында Берен бала өз атының түп-төркінінен хабардар болып, көңілі марқайып қалады. Сөзге араласқан Епекей атасының айтуынша, «Берен сауыт – беренгі» деген де бар көрінеді көнеден. Берен сауыт кеудеше түрінде тұтас жасалынып, бастан сыпыра шешіліп, киілетін, баумен байланатын сауыт екен. Етекпен шегенделгендіктен болат тақталардың жігі ашылмай, денеге оқ, қару дарытпайтын көрінеді.

Әңгіме арқауы ату қаруына ойысты. Аңшы мылтығынан бастап, әскери қарулардың біразын Берен кинолардан көріп, кітаптардан оқып, біліп жүргені болмаса, бұрынғы өткен замандағы садақтың түрлері мен құрылысынан бейхабар болатын. Сондықтан Әбдеш атасының ол жайлы айтқандарын барынты-шынынмен тыңдауға кірісті.

– Садақ деген – қатты, берік ағаштан иіп жасалған ертеден келе жатқан ату құралы, – деп бастады атасы. – Ол жасалған ағаш түрлеріне қарай «Қайың садақ», «Қарағай садақ», «Үйенкі садақ», алтынмен аптап жасалған «Алтын садақ» деп аталады.

Бұдан басқа садақтың «батпан» деп аталатын кішкене түрі де қолданылыпты. Қайыңның қабығымен қапталып, сүйекпен әшекейленген сәнді садақты «саржа» дейді екен. Бұхар үлгісінде жасалып, елге сатып әкелінген садақ «бұхаржа» аталыпты. Татар үлгісіндегі садақты «санай» деген. Осылай садақ атаулары жалғаса береді.

Жебелердің де сан алуан түрі болыпты. Жалпақ жебе дегені сауытсыз жауға қарсы қолданылған екен. Оның аты – «қозыжауырын» дейді. Сауыт киген жауға қарсы басы үшкір, қырлы жебе «сауытбұзарды», «көбебұзарды» пайдаланыпты бабалары. Адамды, аңды жараламай ұрып құлатуға арналған ағаштан, сүйектен немесе мүйізден жасалған жебелер де болыпты. Ол «доғал оқ» деп аталған екен.

– Ату қаруы неге садақ қана болсын, – дейді Әбдеш атасы. – Садақты отты қару – мылтық алмастырған. Оны «отты қару» деп жүрген арабтар он үшінші ғасырда тапқан көрінеді. Тарихи деректер XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында Қазақ хандығының құрылу кезеңінен бастап пайдалана бастағанын көрсетеді. Осы кезде өмір сүрген Шалкиіз жырау «Ер Шобан» атты қара найман Жақан батырдың мылтықпен қаруланғанын айтады.

Он екі құрсау жезайыр,
Қара мылтық жұмсаған.
Бұл жиынның ішінде
Қара найман Жақан бар, – дейді.

Осылайша, ер қаруы бес қару жайлы жан-жақты түсіндіріп берген атасы енді жол-жөнекей өздері басып өтіп келе жатқан жер, су, асу, белдердің атауларына қатысты ел аузындағы аңыз әңгімелерге де жетік болып шықты. Жағалбайлы тауы, Аягөз өзені хақын дағы айтқандары да бала Береннің

көкейіне қонып, зердесіне құйыла түсуде. Қос қарияның сөзіне қараса, бұл аймақтың әр төбесі, әр қолаты тұнған тарих қой жатқан! Даңқты қолбасшы Қабанбай қатыспаған бірде-бір ірі шайқас болмаған дейді. Дарабоз батыр сансыз сұрапыл соғыстарға қатысып, басшылық жасап қана қоймай, 103 рет жекпе-жек айқасқа шығып, барлығында ата жауын жер жастандырған екен.

Жол үстінде Берен Шынқожа, Боранбай сынды батырлардың жорық жолдары мен ерліктеріне қанығып, ой үстіне ой қоса түскен сайын баба-

ларының ұлылығы мен жаужүректігіне тәнті болумен келеді.

Ер есімі – ел есінде. Шынқожа ауылы, Шынқожа батыр ескерткіші осы нақылдың айғағындай. Биік жота басындағы айбынды батыр ескерткішін көрген Берен кейіпкеріміз айрықша рухтана түседі.

«Оң аяғымен жер тарпыған тұлпар жаужүрек жанның тақымында жүргенін біліп, қос құлағын қайшылап, екі танауы еліре желп-желп етіп, оқырынып тұрғандай. Ереуіл аттың омырауындағы оюланған өмілдірігінің өзі қандай десеңші, паһ-паһ!»

Қызықтың көкесі Берен үшін «Қайдасың, патшалар алқабы?!» аталатын екінші бөлімнен басталады. Далалық зерттеулерді жаны сүйетін Әбдеш атасының әңгіме төркіні енді кіл археологиялық барлау, қазба жұмыстары мен ұстаздары Әбдіманап Медеуұлы, ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан, Есік өзені маңынан ең алғашқы «Алтын адамды тапқан археолог Кемел Ақышев, «Атыраудың Алтын адамы» атауына ие болған Аралтөбе қорығындағы екінші ескерткішті тапқан экспедиция жетекшісі Зейнолла Самашев жайында өрбиді. Ал 2003 жылы Шіліктідегі үшінші «Алтын адамды» Береннің осы Әбдеш атасы тауыпты. Оны ойласа, бала Береннің бойын ерекше бір мақтаныш сезімі билейді. Жазғы демалысын атасының қасында, экспедиция құрамында жүріп өткізген алғыр да зерделі бала археологиялық қазба жұмыстарының «қызығы мен шыжығына», қолмен ұстап, көзбен көріп дегендей, тереңірек қаныға түседі. Ал мұндағы кеудесі алтын сандық қазыналы қарттардан үйренері де аз болмайды.

Кітаптың негізгі айтпақ ойы, лейтмотиві де – осы. Ол мақсаттың орындалуы сәтсіз де емес. Олай дейтініміз, сонау сақ, ғұн дәуірінен бастау алатын шежірелі тарихымыз да, ел қорғаған батырлар ерлігін паш ететін жыр, дастан да, ұлттық салт-дәстүріміз бен көкпар, құнан жарыс, тай жарыс, аламан бәйге сынды ұлттық спорт жарыстары да, түрлі ырым-сырымдарымызға дейін – бәрі-бәрі осында. Алайда оның бәрін бір шолу аясына сыйғызып баяндап шығу мүмкін емес, әрине. Сондықтан кітапты тек оқу керек! Себебі бұл – жас ұрпақ үшін, жалпы қалың оқырман қауым үшін танымдық, тағылымдық ғибраты мол, «Алтын адам» мұрасындай жауһарлы жәдігерлерге толы кітап!

Арасанбай ЕСТЕН,
жазушы, Сайын Мұратбеков
атындағы әдеби сыйлықтың иегері

Қобыздың үнін осы күні
Келіміздің әр түкпірінен
тыңдауға болады.

60-жылдардың аяғында Алматы консерваториясы қабырғасынан ашылған қылқобыз мектебі жүздеген шәкірт тәрбиеледі. Қобыздың тағдыры қыл ұшында тұрған кезеңді де бастан өткергендер болды. Сол себепті де қобыз өнерін бар тереңдігімен, сұлулығымен, бұрынғы өткен шын шеберлерден қалған үлгі мен әдіс-тәсілдерімен толық сақтап қала алдық деп айта алмаймыз.

Өнертанушылар қобыз өнерінің түп-төркіні бақсылықта жатқанын айтады. Академик А.Қ.Жұбанов өзінің «Ғасырлар пернесі» атты еңбегінде: «Дүкенұлы Ықыластың қазақ музыкасы тарихында алатын орны, ең алдымен, бақсы-балгерлердің қолынан қобыз сияқты тамаша аспапты жұлып алып, оны халықтың қуанышы мен сүйінішін, қайғысы мен күйінішін жырлайтын аспапқа айналдырды», — дейді. Жалпы алғанда, академик А.Қ.Жұбановтың қазақ музыкасына сіңірген еңбегі шексіз екені рас. Бірақ біз Совет заманында жазылған еңбектердің бәріне де сақтықпен қарауымыз керек. Совет заманында — проза, поэзия, драматургия, кино, музыка, жалпы айтқанда, өнердің де, ғылымның да бар саласы советтік идеологияның ықпалында болды. Осы жағдайда А.Қ.Жұбановтың қобыздың қазақ үшін әрі киелі, әрі рухани рәсімдік мәні бар аспап екенін ашып жазбай, тек эстетикалық, суреткерлік мәнісі басым деген ойына кейінгі ұрпақ түсіністікпен қарауы керек.

Қобыз — бақсы аспабы. Қазіргі зерттеулер де «қобыз» бақсы аспабы екенін бұлтартпайды. Рахымжан Нұрлыхан атты магистріміздің «Қазақ бақсыларының қобыздары: Зерттеу тәжірибесі» атты диссертациясында бұрынғы өткен бақсылар мен осы замандағы бақсылар және олар ұстаған қобыз аспабы жайында көптеген тың мәліметке куә болдық.

XXI ғасырдың 20-жылдарынан аттап басқан біз қобызшылық дәстүр мен қобыз өнеріне деген қоғамдық көзқарастың әр белестен өткенін байқаймыз. Тіпті қайшылықты пікірлер де кездесіп жатады. Өткен ғасырдың 20-жылдарында А.В.Затаевич қобызды жан-тәріпті әрі функционалды құбылыс ретінде бағалап, қобыздың рәсімдік, бақсылық аспап екеніне қайшылықты бір ауыз сөз жазбаған.

Қылышынан қан тамған Совет өкіметі XX ғасырдың 90-жылдарына дейін дәстүрлі қобызшылық өнерді қудалаумен болды. Бірақ халық жүрегінің қыл пернесіндей болған көне аспапты бір-жола жою қолдарынан келмеді.

60-жылдардың аяғында Болат Шамғалиұлы Сарыбаевтың қазақтың көне аспаптарын жинаушы ретінде есімі кең тарала бастайды. 1968 жылы Алматы консерваториясының ректоры Е.Р.Рахмадиев қылқобыз сыныбын ашады да Жаппас Қаламбаевты ұстаз ретінде шақырады. Дәл сол кездерде де Е.Р.Рахмадиевтің үстінен «бір парақ дипломы жоқ адамды консерваторияға жұмысқа алды» деген желеумен Мәскеуге домалақ арыз түсіреді. Е.Р.Рахмадиевтің: «Сендер балалайканы отқа тастасандар, біз де домбыра мен қобыз-



ҚАҒАЖУ КӨРГЕН

Әлқуат Қазақбаевтың шығармашылығы хақында

ды бірдене қылармыз», — деген сөзі сол кезде айтылған.

Өкінішке қарай, Жаппас Қаламбаев жарты жыл ғана ұстаздық етеді де өмірден өтеді. «Қайтсе де қылқобызды аман алып қаламын» деген ниеттегі консерватория ректоры Е.Р.Рахмадиев Дәулет Мықтыбаевты ауылынан алдырады. Осылайша, консерваторияда қылқобыз мектебі қалыптасады. Заманында Шоқан Уәлиханов тамсана, тебірене жазған қобыздың үзілмей бүгінгі күнге жетуіне Болат Сарыбаев пен Еркеғали Рахмадиевтің қосқан үлесі зор. Әйтпесе, 1675-1768 жылдары өмір кешкен Ақтамберді жырау «Қайрауықтың ащы күйіндей, қайырып тартып күйленгі» деп толғағаны белгілі. Дәл осы жырдың екі жолына қарап-ақ қобыздың өнер ретінде қандай деңгейде болғанын, халықтың мәдени, рухани тұрмысында қаншалықты маңызға ие екенін бағалауға болады. Қайрауықтың (Айрауық) зарлы күйін жырға қосумен қатар Ақтамберді жырау күйдің формасын «қайырып тартып толғауы» деп метафора ретінде қолданып отыр. Бұл — жыраулар дәуірінде қобыз аспап ретінде басты рөлге шыққанымен қоса, қобыз күйлерінің халық арасына кең тарағанының айғағы.

Мақаланың басында айтып өткеніміздей, қобыз қағажуды көп көрді. Сол себепті өнер ретінде дамуында тежелу бар. Ол осы күні анық байқалады. Күні кеше өмірден өткен Сматай Үмбетбаевтай қобызды күнірентіп, аныратып тартатын күйшілер сирек. Дәстүр үзілуге шақ қалды. Қобызшыларымыз сахна төрінде отырып, жалған сезімге беріліп ырғалып, жайқалып тартуды шығарды. Құлқанды тыңдайтын аспапты, көзбен қабылдайтын әсер қалдыратындары баршылық. Киелі аспап шынайылықтан алыстап кетті. Совет дәуірі қобыздың ысқышымен қоса саусақ басу тәсілін де өзгеріске түсірген еді. Қобыздың садақша иілген ысқышының орнын скрипканың смычогі басса, саусақтың көбесімен басатын қылын тырнақпен

тарту қалыптасты. Репертуар түрленді. Қоңыр үнді қылқобыз бен кара домбыраны фортепьяноға қосып, шетел классиктерінің шығармаларын тарту әдетке айналды. Опера, симфония музыканың атасына баланып, қазақтың дәстүрлі өнері шетқақпайланып, кембағалдың күйін кеше бастады. Ол замандағы дәстүрлі өнердің жалпы сипаты — осы.

Дейтұрғанмен, Сматай Үмбетбаевтай дала күйшісінен үлгі алған — Сәрсенғали Жүзбаев, Саян Ақмолда, қара шанырақ консерваториядан өнер баптаған Әбдіманап Жұмабеков пен Базархан Қосбасаровтың төл шәкірті, Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаевтың немере шәкірті Әлқуат Дотаұлы Қазақбаев сынды саусақпен санарлық қобызшыларымыз қадары-халінше дәстүрді жалғастырып отыр.

Сахнагер Әлқуат қобызды шынайы әрі қарапайым, таза тартады. Қарапайым, бірақ қарабайыр емес. Оның қобызшылығында ұстаз көрген сауаты анық көрінеді. Пафостан ада. Кәнігі кәсіби қобызшы. Күйдің музыкалық мәніне жауапкершілікпен қарайды. Репертуары бай. Осы күнге жеткен қобыз күйлерімен қоса, бақсылардан қалған қысқаша сарындарды түгесіп тартады. Ізденісті үзбеген музыкант. Әлқуаттың әр кездерде орындаған аудио, видеотаспалары, ноталық жазбалары осы сөзімізге дәлел бола алады.

Қазақ ән күйлерінің хатталуы (нотография) жеке зерттелетін уақыт болған сияқты. Өйткені ән-күйлерімізді хатқа түсіріп жүрген қазіргі заман нотографтарының еңбегі де елеусіз қалмауы керек. Нота — музыкалық мәтін. Демек, бұл ғалымдар мен өнерпаздар үшін аса құнды болып есептелмек. Бұл салада А.В.Затаевич еңбегі айрықша мәнге ие екені рас. Десе де, ғылыми негізде А.В.Затаевич нотографиясын сапасына қарай жіктеп қарастырғанымыз жөн. Өйткені А.В.Затаевич түсірген кейбір күйлердің күмән туғызатыны бар. Неге? Біріншіден, А.В.Затаевичке қазақ аспап

музыкасы тансық еді, беймәлім әлем-тұғын. Екіншіден, А.В.Затаевичке күй орындағандардың ішінде кәсіби өнерпаздар аз болды. Ол «Қазақтың 1000 әні» деген еңбегінің алғысөзінде: «Тоғыздағы баладан тоқсандағы қарияға дейін жаздым», — дейді. Жинаққа ән берген Жаппас Айтбаев, Қали Байжанов, Майра Шамсутдинова, Әміре Қашаубаев сынды музыканттарды ғана «кәсіби өнерпаз» деп айта аламыз. Тағы бір ерекше мән беретін жайт — дәл осы музыканттардан жазылған әндердің сапасының жоғары болуы. Демек, нотограф үшін ән-күй орындаушының кәсібилігі де үлкен маңызға ие. XX ғасыр басында ән-күйлерімізді жинау фольклористердің, зерттеушілердің еншісінде болса, 50-60-жылдардан бастап бұл салаға өнерпаздар да ден қоя бастады. Аға буын Жаппас Қаламбаев, Мағауия Хамзин, Тмат Мерғалиев сынды өнер тарландары бастаған қажырлы еңбекті Абдулхамит Райымбергенов, Қаршыға Ахмедияров, Біләл Ысқақов, Айтқали Жайымов, Базархан Қосбасаров, Дүйсен Орынбай, Жанғали Жүзбай сынды орта толқын жалғастырып әкетті. Орта буынды үлгі тұтып нотография саласына Әлқуат Қазақбаев, Еділ Басығараев, Мұрат Әбуғазы, Еркін Шүкіман, Жұмабек Қадырқұлов, Батырлан Әбенев сынды жастар келді. Өнер адамының ән-күй-

дің хатталуын қолға алуы — қуантарлық мәселе. Дегенмен бұл жерде де тереңірек үңілетін мәселе бар. Мысалға, Сүгір күйлерін хатқа түсірген Жанғали Жүзбай кітабынан мін таппайсыз. «Неге» деген сұрақ тағы да алдымыздан шығады. Біріншіден, Қаратау күйлері Жанғалиға әбден сіңген, музыкалық мәтінді толық игерген. Екіншіден, ол өзі — күйші, яғни күйді қай деңгейде түсінсе, сол деңгейде қағазға түсіреді деген сөз. Әлбетте нотографтың музыкалық сауатын естен шығармау қажет. Кейде өзіне бейтаныс өңірдің танымайтын, толық түсінбейтін стильдегі күйлерді хатқа түсіретіндер болады. Ондай кітаптардың пайдасы мен зияны бірдей болады. Себебі тек кітапқа жазылған нотаға ғана сенетін музыканттар да көп. Ал қобыз күйлерінің ноталық сапасының бір белеске көтерілуі Әлқуатқа байланысты болды. «Сыр өңірі — жыр өңірі» дегендей, Әлқуаттың туған жері қобыз қонған Шу бойы ғой. Өзі — күйші. Әлқуатқа дейінгі жазылған қобыз күйлерінің нотасын жоққа шығармаймыз, Олжас Сүлейменов: «Тауларды аласартпай даланы биіктетейік», — деуші еді ғой, бірақ қобыз нотографиясы жетілдіруге мұқтаж еді. Әлқуаттың нотограф ретінде сауатты екені — өз алдына, ол — штрих, яғни «деташе», «сонфиле», «портато», «маркато» мәселесіне терең бойлаған алғаш маман. Мысалы, «Адай» күйінің жоғарғы қағысын — төмен, төмен қағысын жоғары жазып қойсақ, жас орындаушыны қаншалықты адастырады едік. Осы тұрғыдан келгенде Әлқуат күйдің жалаң нотасын жазбай, «штрихқа» баса мән беруін ағартушылық деп түсінер едік. Дәл қазіргі күнде қобыз ұстаушы консерватория, коллежд студенттері Әлқуаттың ноталық жазбаларының бағасын біледі.

Ел ішін аралап Қорқыт, Қойлыбай бақсы, Түктібай бақсы, Зақария бақсы, Көтен тәуіп, Тілеп бақсы, Шолақ бақсы, «бала бақсы» атанған Кернебай Сүтемгенұлы күйлері мен сарындарын орындаушы қобызшылар

Нышан Шәменұлы, Тілештің Әшір-бегі, Жайнақ бақсы, қобызшы Әбинов туралы деректер жинап, Нұрғазы Жиенханұлы мен Әшірбектің шәкірті Шәмши Еренбекпен, Қорқыт ата күйлерін алғаш ұнтаспаға жазып алған Ахат Жанаевпен кездесіп, Қорқыт күйлері мен аңыздарын жазып алған. Жинаған материалдардың құндылығына дау жоқ. Дәстүрлі өнер өкілін іздеп барып қасынан тыңдап көру — өнер жалағастығы үшін баға жетпес дүние. Мысалы, Арқа күй өнерінде Дәулетбек Сәдуақасов деген дәстүрлі күйші болды. Сол Дәулетбектің саусағынан ерекше нәрлі дыбыстар шығатын. Саусақ басу (пальцовка) тәсілі де өзгеше еді. Неге дыбыс «өзгеше», «нәрлі» болды? Себебі Дәулетбек қаймағы бұзылмаған Шет өңірінің дәстүрлі күйшілігінің жарқын өкілі еді. Оның қолымен Қыздарбек, Сенбек күйшілердің мәнері, стилі жетті. Жалаң күй ғана емес, күйшілік мәдениетін қоса арқалаған. Сондықтан Әлқуаттың жер-жерді аралап ескі күйшілерді көзбен көріп жазып алуы өнерге деген үлкен жанашырлық және адалдық деп түсінеміз. Біз ғылыми еңбектер, мақала, сұхбаттарымыз арқылы дәстүрлі музыкамыздағы көкейтесті мәселелерді қалың оқырманнан билік басында отырғандарға дейін жеткізуге тырысамыз, ал, ақиқатын айтсақ, дәстүрлі

дың ыстық ықыласына бөленді. Әлекең — қобыздан қол үзіп қалған кара-нөгір тыңдарман назарын аудару мақсатында көптеген экспериментке барған білікті маман. Халық күйі «Қасқырды» бірнеше қобызшымен сахналағаны Астана жұртшылығына мәлім. Өте сәтті шыққан болатын. Әлқуат «Қасқыр» күйін қалай өндегенін былайша суреттейді: «Күйді бір қысқаша оқиға ретінде елестеттім. Ен далада жатқан қазақ ауылы. Бірде үй иесі маздап жанған отқа қарап әндетіп отырса, есікті сықырлата ашып үстіне тұлып киген көршісі келеді. Көршісі қылышын сүйреткен қыстың ұзап кеткеніне кейіп, ол аздай қасқырдың ауыл маңына келіп ойран сала бастағанына налиды. Екеуара әңгімені алты қанат ақ орданы шайқардай желдің үлі мен қасқырдың ұлуы бұзады. Арланы бар, құртқасы мен бөлтүрігі, бөрісі бар ауыл маңын азан-қазан қылады. Әсіресе арлан қасқырдың озбырлығы анық байқалады. Осы бір сюжетті бірнеше қобызда тартса деген ойға келдім», — дейді. Ал енді күйге құлақ түрсек, расында, қазақы қоңыр тірліктен хабар бергендей алыстан орағытып сөйлейтін абыздай кара қобыз «әнге» салады. Салған ән екеуара әңгімеге ұласқандай болады да, кілт үзіледі. Алыстан даланың үлі естіледі. Үлді қасқырдың ұлуы басады. Бір қасқырдың ұлуына екінші, үшінші қасқыр қосылып бір

көне заманнан қалыптасқан дәстүр болуы да мүмкін. Қобыз күйлерін домбыраға түсіру немесе керісінше домбыра аспабына тән ән-күйлерді қобызға аударуды екі түрге бөліп қарауға болады. Біріншісі — әннің де, күйдің де музыкалық текстінен барынша ажырамай тарту. Бұл жерде дәстүрлі өнерпаздың еркіндігін естен шығармау керек. Дала музыканты кез келген туындыға өз пікірін білдіреді. Кей тұстарын өзінше тартуы заңдылық. Түпнұсқадан алыс кетпейді. Екінші түріне ән-күйлерге жасаған фантазияны жатқызуға болады. «Инжу-маржан» — Әсет Найманбаевтың, «Жас қазақ» Рамазан Елебаевтың әндеріне М.Хамзин жасаған фантазиясын осы топқа жатқызамыз. Заманға қарай — қоғам, қоғамға қарай адам өзгереді. Бәлкім, М.Хамзин сүрген орта мен уақыттың әсері болған шығар, қорыта айтқанда, бұл да дәстүрден туған дәстүр іспетті. Жаппас Қаламбаевтың халық композиторлары әндерін қобызда шалқытуы, М.Хамзинның Ықыластың «Жез киік» күйін домбырада тартқаны сынды Әлқуат та — Нұрғиса Тілендиевтің «Акку» күйін домбырадан қобызға көшірген алғаш қобызшы. Әлқуаттың бұл қадамында да ескі өнерді жаңғырту жатыр. Бір айта кететін жайт, Әлқуаттың өз орындауындағы Нұрғисаның «Акку» күйі мейлінше қобыз спецификасына жақын еді. Демек, Әлқуат домбыра күйін қобызға қотарғанда үлкен зерттеу жасап, ескі күйшілердің амал-тәсілдеріне иек артқан. Көшірме жасамаған. Кейінгі қобызшылар «деташе» әдісін жөнсіз қолданып, «Аккудың» мәнін кетіре бастады. Тура домбырадағыдай зырылдата жөнелетіндері де бар. Ол дәстүр емес. Әрбірден соң туындыны алғаш өндеп тартқан күйшінің негізгі идеясына зиян келтіруге болмайды ғой. Әлқуат домбыра күйін қобызда тартудың дәстүрлі жолын көрсетіп беріп отыр.

Әлқуаттың ғылыми жұмыстары да аса маңызға ие. Ол туралы Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, танымал түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков: «Қазір менің қасымда жүрген атақты қобызшы Әлқуат Қазакбаев — Шу өңірінің перзенті. Қазақ музыка мәдениеті мен ақындар туралы айтатын әңгімелерімді жиырма жылдан аса құлағына құйып жүрген қобызшы көп ізденген екен. Қобыз қонады, домбыра дариды. Әлқуатқа қобыз қонған. Менің пірім Жамбыл туралы опера да жазды. Ғылыми еңбектері де қуантарлықтай. «Қорқыт атаның аңыздары мен күйлері» атты кітабы қазақ және түрік тілдерінде жарыққа шықты. Қорқыт атаның жиырмаға жуық күйін нотаға түсіріп жарыққа шығарған ғалым. Туған топырағының ақын-жыраулары мен қазақ қобызшыларының өміріне қатысты архивтен тың деректер тауып үлкен олжаға ие болып, Кенекен айтып кеткен аманатты да орындап жүр.

«Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дейді халық даналығы. Атасы Қазақбай туралы да көп ізденді. Ел аралады, көнекөздерді жазып алды, архивтерден шықпай көнерген сары қағаздарға көз тікті. Туған топырағынан шыққан ақындар туралы архив сөрелеріндегі шаң басқан, сандық түбінде ұмыт қалған қолжазбаларды тауып алып, құнды мұраларды бізге жеткізді», — деп жазған (Жолдасбеков М., «Ашаның алты салы». «Егемен Қазақстан» газеті, 2023 ж. 17 ақпан; 19 ақпан;).

Кез келген өнерпаздың қалыптасуына туып-өскен ортасы әсер етеді. Атасы Қазақбай Ергөбекұлы Қарашев (1880-1937) өз замандастары Сауытбек, Әтібек, Жидебай сынды ақындармен замандас, пікірлес ақын болған. Сауықшыл ақын, өнерпаздардың есімдері Жетісу, Шу бойына кен тараған деседі. Өкінішке қарай, Совет өкіметінің қудалау нәтижесінде Сауытбек, Жидебай, Әтібек, Қа-

зақбай ақындарды 1922 жылы Әулиеата абақтысына жабады. 1929 жылы сәуір айында атасы Қазақбайдың мал-мүлкін кәмпескелеп, қамауға алған екен.

Бір біз емес, боп жатыр барша жұртқа, Анасын ажыратып құлын-тайдан. Төңкеріс боп, келіпті ойдан-қырдан, Күнідей ғаззауаттың болды майдан. Орыс, жәйт, персиан, түрк, араб, Әрқайсысы келіп жатыр әрбір жайдан. Қытай, дунген, тараншы, қырғыз, тәжік, Бұларды дейтін емес келдің қайдан. Адам атын білмейтін әртүрлі жан, Кеп жатыр төңкеріс боп осындаймен. Алматыда бас қостық Үш жүз түгел, Орта жүз — Қоңырат, Қыпшақ,

Арғын, Найман. Ескі Аша, аман болғын, қайран елім, Тройске, Қорағаты қайран жерім. Күнту, Қыпшақ, Сарыүйсін,

әм Боққайнат, Бестерек, Шымырдағы барлық бегім. Ерлерім ел ішінде жолдас болған, Басқаша өзгелерден бөлек жөнің: Сауытбек, Әтібекпен төңкеріс боп, Бұл жерде көзім көрді жөнелгенін... Керімқұл, Қожаберген бірге кеткен, Білмедім пешенеден не көргенін. Досеке, не болды екен, қайран құтым, Ертерек бас қамының білген жөнін...



Әлқуаттың туған ағасы Қанат Қазакбаев — саусақпен санарлықтай ғана қалған қобыз жасаушы шебердің бірі әрі бірегейі. Академик А.Қ.Жұбанов «Ғасырлар пернесі» атты кітабының Ықыласқа арнаған тарауында «Дүкеннің шаңырағында қобыз орындау әдеп-деңгейінде еді» дейді. Әлқуаттың атасы — ақын, ағасы мен інісі — қобыз жасаушы шеберлер, өзі күйші болуы да көп мәселелен хабар беретіндей. Демек, қобыз Қазакбаевтар шаңырағында да ерекше мәнге ие деп түйуге болады.

Әлекеңнің өз жанынан шығарған «Жаппас қобыз-домбыра», «Әбдіманап абыз», «Абылай хан жорығы», «Ықылас ата», «Жерұйық», «Құрманғазы төлке», «Тәттібеттің сарыны», «Нұрғиса — аңыз құс», «Қобыз сарыны», «Қойлыбайдың қобызы», «Шабыт», «Бақсы», «Толғау», «Аллам жар», «Мырзатайдың сарыны», күйлері мен «Әкетайым», «Көзім — жас, көңілім — қайғы, жаным — жалын», әндері «Жүрегім менің», «Фатима сарыны», «Наз», «Аңыз қыз», «Ұлы дала сарыны», «Ақсақ қыз», «Фуга», «Ашаның алты салы», «Қазақ сарындары»: 1. Прелюдия; 2. Фуга; 3. Скерцо; 4. Токката. «Тараз шеруі», «Тәуекел» сынды шығармалары осы күні көптеген музыкалық оқу орны мен шетелдік концерт залдарында орындалып жүр.

Саида ЕЛЕМАНОВА,
опертану ғылымының докторы,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры
Ару ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының магистранты.
Қайрат АЙТБАЕВ,
орыс тілінен аударған күйші,
өнертанушы

ҚЫЛҚОБЫЗ



өнердің жалғасуы дәстүрлі өнерпаздарға тікелей байланысты.

Әлқуаттың ізденімпаздығы, осы жасқа жеткенше жинаған қоры төл туындыларынан да анық байқалады. Біздің дәуірімізде қобыз аспабында өз жанынан күй шығарып жүрген композиторлар аз, тіпті жоқтың қасы. Бабадан қалған асыл мұраны жалғап жүрген жампоз. «Қобыз сарыны» атты күйі сахналы жайлағанына ширек ғасырдың көлемі болды. Жүмекенше айтқанда, «ауырлығы табыттай, жеңілдігі көбіктей» болған соқталы шығарма, әсіресе жас қобызшылардың репертуарына еніп, көптеген концертте орындалып жатыр. Расында, қобыз жайында ескі жырларымызда, ғалымдарымыз бен ақын-жазушыларымыздың шығармашылығында аз кездеспейді. Бірақ біздің заманға жеткен күй аз. Қобыздың аңызы да, күйі де бұлдырап сағымға сіңіп кеткендей. Бұл — қобызшыларымызды, бақсыларымызды тынымсыз қудалағанның белгісі.

Әлқуаттың қазіргі таңда елімізге аты мәлім. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қоңырлатып қобыз күйлерінен бастап опера жанрына дейін қол сермеген белгілі композитор. Либреттосын белгілі ғалымдарымыз Дархан Қыдырәлі мен Акеділ Тойшан ұжымдасып жазған «Жамбыл жырау» операсы Алматының Абай атындағы Опера және балет театрында сахналанып, ұлттық опера ретінде музкатанушыларымыз-

кезде үйірімен ойнақ салады. Арасында жуан да ызбарлы арлан қасқырдың ырылы басым түсіп отырады. Желдің үлі мен қасқырдың ұлуын флажолет, глиссандо әдістері арқылы жасайды Әлекең. Әр қобызшының өз атқарар міндеті бар. Бір қобыз желдің үлін салса, екінші қобыз — құртқаның ашы дауысын, үшінші қобыз жас бөрінің қаймыққан үнін берсе, төртінші қобыз батыл да айбарлы арлан қасқырдың ызбарын төгеді және төртеуі бір мезетте шалқығанда флажолеттер полифониясын тыңдайсыз. Өзінің ойша жасаған сюжетін музыка тілімен дәл беріп отыр. Әрине, дәстүрлі өнер үшін қылқобызды жеке тартқан дұрыс, десек те, белгілі дәрежеде, қобыз күйін насихаттау мақсатында бұл соны жаңалық болатын.

Әрісі — Сүгір Әлиұлы, берісі — Жаппас Қаламбаев, Дәулет Мықтыбаев, Мағауия Хамзиндерден қалған бір дәстүр бар еді. Ол қобыз күйлерін домбыраға аудару немесе домбырада шыққан ән-күйлерді қобыз аспабына түсіру еді. Бұл да өткен ғасырдың еншісінде қалған немесе ескі күйшілерге ғана тән «Нәзира» (поэзиядағы ескі ақындардың өзінше жырлау тәсілі) дәстүрі сияқты еді. Арқа әндерін күйге айналдырып шерткен Әбікен Хасенов пен Мағауия Хамзиннан кейін бұл дәстүр де жойылған болатын. Бәлкім, әнге кара шертіс кіріспе жасаған Қ.Байжанов, Б.Жылқыбаев, М.Ержанов сынды әншілерімізден қалған үлгінің түбіне үнілсек, әнді күй қылып тарту

Алғаш Алла Пугачева Филипп Киркоровқа тұрмысқа шыққанда басқа – басқа алаш баласы жаға ұстарлық жағдайда болғаны хақ. Қазір ондайға ешкім таңғалмайды. Тіпті селт етпейді де. Себебі бір-бір «балаларын» қолтықтаған өз «Аллалары» жетіп, артылады.

«Соңғы кездері сәнқойлық пен сыланып-сипануда қыздарды жолда қалдырған жігіттерге қарап: «Осынша сәнденіп не керек? Жігітке тым кербездік жараспайды ғой», – деп таңғалушы едім. Бір жағдай менің көзімді ашып берді. Тұрақты клиенттерімнің бірі, жасы жиырмаға жаңа шыққан бір жігітті осында үнемі мамасы бірге алып келіп, процедуралар біткенше күтіп отырып, алып кететін. Киген киім мен мінген көлігіне қарағанда әлгі әйел өте бай болатын. Әдетте, ондай отбасындағы әйелдер

ер адамның рөлін тамаша ойнайды. Ал біртіндеп әйелдің нәзік жүрегіне жеткен ол ондағы құпия сырларды суыртпақтай отырып, өміріне қанығып алады. Сосын оны өзіне тәуелді етіп алады да, содан кеп ақшаны «сорады». Ондайда ол адамның жүрегі ауыратын оқиғалар мен көзге жас үйретін небір жағдайларды айтады деңізші. Жүрегі жұмсақ байғұс әйелдің бойында аналық мейірім оянып, оны қандай жағдайдан болсын құтқарып қалу үшін барын аямайды. Тамақ пен киім-кешек, сыйлықтар былай тұрсын, үй, автокөлік сыйлайтын да жомарт әйелдер жүр



«АСЫРАНДАДЫ КҮЙЕУ»

ержеткен ұлы түгілі кішкентай баласына сонша қамқор болмаушы еді, сондықтан: «Қандай қамқор, ғажап ана?!» – деп бір шетінен таңырқай әрі тамсанып жүрдім. Бәлкім, жалғыз ұлы шығар деп те ойладым. Сөйтіп ем, оның сыры көп ұзамай ашылды. Бір күні әлгі жігіт пен «мамасы» ұрсысып қалды. Сол ұрыс барысында барып менің тұрақты клиентімнің әлгі әйелдің баласы емес, күйеуі екені айқындалды да шыға келді», – дейді сұлулық салонында жұмыс істейтін құрбым.

ЖАЛҒЫЗБАСТЫ ӘЙЕЛДЕРДІ БАУРАП АЛАДЫ

Әйелдің жүрегіне жол таба отырып, қалтасына қармақ салу «өнері» өз тамырын тарихтың сонау тұңғыығынан алады. Ондайлар нәзік жандылардың өз махаббатына адалдығын, сол үшін тіпті қандай да қатерге басын тігіп, соңғы тиынына дейін беруге әзір екенін жақсы біліп, соны ұялмай пайдаланатын арамзалар деуге әбден болады. Психологияда ондай адамдардың өз аты бар – «альфонс». Алдымен құрбандығын дәл тапқан әлгіндей арамза бір окпен «екі қоянды», яғни жүректі дәлдеп, қазынанан есігіндегі құлыпты қоса атып түсіреді. Әсіресе бұл қармаққа күйеуінен ажырасқан, табысқа өз күшімен қол жеткізіп, ұл-қызын ешкімнен кем қылмай өсіріп жетілдірген жалғызбасты әйелдер ұшырайды екен. Әрине, қалталы. Сырт келбеті көрікті әйелге «ғашық» болған кейіп танытатын альфонс-жігіт алғашында оған қамқорсып, жылы-жылы сөздер айтып, қайда барса, қасынан қалмай, солайша, оның өмірінде жоқ

НЕМЕСЕ АЛАШ ДАЛАСЫН АЛЬФОНС ДЕРТІ КЕЗІП ЖҮР

арамызда. Тіпті шоу-бизнесе жүрген ханымдарға қол созатындары да бар көрінеді.

– Қазір қазақтың жігіттерінде намыс қалмай барады. Менен жас шамасы әлдеқайда кіші жігіттер (10-15 жас – автор): «Мені алыңызшы, қасыңызда жүре берем, өзіңіз үйретіп аласыз ғой бәріне», – деп арланбай ашық айтады. «Сені бала қылам ба, не істеймін?» – деп ұрыссам да, ұялу былай тұрсын, қытықтарына да тимейді ол сөз. Сонда олардың көздегені – жайлы тұрмыс. Жұмыс істеп ақша тапқылары келмейді, бәрі дайын қыздарға үйленіп, дәлірек айтқанда, «тиіп» алса, бар мәселе шешіледі. Қит етсе, «қазір қыздар көп, біз жігіттер азбыз» деген статистиканы алға тартып шыға келеді. Осындай боркемік, жасық жігіттер өздерінің табиғи қалыптарын бұлдауда статистиканы қалай шебер пайдаланады деңізші?.. Оңай өмір сүрудің жақсы тәсілін осыдан тауып алды. Қазір бірақ қыздар мықты: оқуды оқып, жұмысты істеп, әлеуметтік жағдайын жасап алады. Ал жігіт деп жүргендеріміздің көбі жаңа мен айтып тұрғандай... Еркек деген атына бола үйіне кіргізіп, еркелетіп отырған құрбыларым да жоқ емес. Мен соларды еш түсіне алмаймын... Жігіттің өзін емес, ақшасын, атағын «сүйетінін» қалай көрмейді? Күні ертең-ақ беттің ажары кеткен

соң, онысы бұдан әлдеқайда жас қызға үйленіп, мұны әрі сезімдік тұрғыдан қасірет шектіріп, әрі пайдаланып кете бармасына кім кепіл? Жақсы азаматтар бар ғой, қыздар, соларды тани білейік те, – дейді белгілі әнші Ақбота Керімбекова.

18 ЖАС КІШІ ЖІГІТКЕ АЛДАНЫП ҚАЛҒАН

Отызға толмай жесір қалған Жанар үш ұлын асырау үшін ертелі-кеш тек жұмыстың жетегінде жүріп, өзіне күтім жасауды ұмытады. Сөйтіп жүргенде бір күні әлеуметтік желіден «өміріннің қожасы өзін, сондықтан өзіндік жақсы көр» деген психологтардың кеңесін қалады. Қарап отырса, осы 50 жасына дейін тек «балаларым», «ел» деп өмір сүріпті. Сондықтан бұдан былайғы өмірін басқаша сүруге, өзін аялап күтуге жұмсауды ұйғарады. Сөйтіп, сырт келбетіне көңіл бөліп, әдемі киініп, құлпырып шыға келеді. Сол – сол-ақ екен, күндердің күнінде өзінен 18 жас кіші азаматпен танысады. Күйеуі көз жұмғалы ер-азамат тарапынан жылы сөз естімеген Жанар сезімге әбден шөлдесе керек, кенеттен келген махаббат оны масайтып, сүйіктісінің жолына қолдағы барын шашып тастайды. Үйіне кіргізіп, қымбат көлік сыйлап, тіпті жеке кәсіп те ашып береді. «Әй, күйеуінді

сонша еркелеткенің не» деген туған-туыс, дос-бауыр, тіпті балаларының сөзін тыңдамай, біртіндеп олардың бәрінен қол үзіп кетуге дейін барады.

Алайда араға бірер жыл салып жас күйеу күрт өзгереді. Баяғы жылы сөздердің бірі жоқ, қала берді жұмыстан кеш келіп, сүйіктісіне көңіл бөлуден қалыпты. Тіпті кей күндері үстінен әйелдердің иісуы бұрқырап тұратын болады. Төзімі таусылған келіншек бір күні артынан андиды. Көлік қонақұйдің алдына тоқтап, жап-жас қызды қолтықтап ішке кіре бергенде үстінен түскен Жанар айғай-шу шығарады. Сол сәтті күтіп жүргендей күйеу жігіт үндеместен үйіне келеді де, киімдерін жинап, үйден кетеді де қалады. Бірақ оған дейін үй, көлік, қызмет бәріне қол жеткізіп үлгерген еді...


«Альфонс қашанда әдемі киініп, сән-салтанатты жүріп, өзін қалталы адам сияқты ұстайды. Құрбандығын ол кезінде бай болғанын айтып: «Кенет бір қиянатшыл жандардың кесірінен қолдағы барымнан айырылдым», – деп алдайды көбінде. Мықты манипулятор көбіне ер-азаматы жоқ әйелдерді төсек қатынасы жайлы «сауаттылығымен» баурап алады. Түрлі психолог, сексолог, тренерлерге жазылған ол, тіпті әлеуметтік желіде бүркеншік есіммен отырады. Әйелдер де көбіне солай танысады. Сөйтіп, оларға не жетіспейтінін біліп алып, сол бір осал тұсын тап басады. Тәтті сөздер айтады, тәтті үміт береді. Тіпті күдік тудырмас үшін бастапқыда мейрамхана, т.б шығындарын өзі жауып отырады. Біртіндеп әйелді әбден өзіне қаратып алғанда толығымен оның мойнына отырады», – дейді психолог маман.

АСЫРАНДЫ КҮЙЕУ ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

Ең бірінші себеп – жартыкеш отбасынан шыққан болуы мүмкін. Әсіресе анасы жалғыз өзі өсірген балалар кішкентайынан әйел адамның қамқорлығына үйреніп қалады. Дәл сол секілді «басынан сипап, құшағына басатын» тағы бір адам керек болған соң, осы жолға түсетін көрінеді. Екіншіден, әкесі бола тұра анасы билік жүргізген отбасында өскен бала әлемді солай қабылдайды екен, яғни дәрменсіз әкеден дәрменсіз ұл туады. Сырт келбетіне қатты сену де жігітті осындай жолға итермелейтін көрінеді. Құрдастары тұрмақ, өзінен үлкен әйелдер көз салған соң «неге осылардың сезімін пайдаланбасқа» деген ой туады екен. Алайда көңілі қалайтын адамнан да қол үзбей, былайша айтқанда жасы үлкен әйелдің ақшасын алып, жас қызға «демеуші» болады. Осылайша, бір окпен екі қоян атағын еркексымақтар, өкінішке қарай, уақыт өте көбейіп келеді.

Мәриям ӘБСАТТАР,
Түркістан облысы

Барлық нәрсеге қызығушылықтың әуестіктен басталатынын ескерсек, адам баласының бойындағы көрмекке, білмекке деген құмарлық өмір бойы жалғасады. Шығармаларын оқып, өлеңін жаттап өскен ақын-жазушыларымыз да қаламгерлікке балаң әуестікпен келген болар. Жазушылардың ғұмыр тарихына қарап отырсақ, көбі шығармашылықтан бөлек сүйікті істерімен



ӨМІРДІҢ БІР ҚЫЗЫҒЫ – ХОББИ ДЕГЕН...

шұғылданып, шабыт алып отырған. Халықаралық тілде «хобби» деп аталатын ұғым ой бөліп, жан сергітер бір кәсіптің құрамдас бөлігі ретінде үлкен туындылардың жарық көруіне себеп болды.

Орыстың атакты жазушысы Лев Толстой 67 жасында велосипед тебуді үйренген. Мұндай деректен орыс классигінің спортқа құмар болғанын байқаймыз. Тіпті вегетариандық өмір салтын ұстанған Лев Толстой аңға шығып, саят құрғанды жақсы көріпті. Ал 1887-1907 жылдар аралығында аты әлемге әйгілі Шерлок Холмстың шытырман оқиғаларын оқырманға жеткізіп, детектив жанрының классигіне айналған Артур Конан Дойл атакты «Портсмут» футбол командасында қақпашы болған. Бір қызығы, Конан Дойл футболшы ретінде кәсіби мансапты армандамаған. Бала кезінен әдебиетке жаны құмар бала футболды тек әуесқойлық деңгейде жақсы көрген. Жазушы оқырманы танып қоймасын деп, Смит деген лақап атпен ойнапты. «Байрондық» кейіпкерлердің тұтас бір түрі мен эгоистік романтизмнің негізін қалаған, еркіндік пен әділдікті сүйген ағылшындардың данқты ақыны әрі жазушысы Джордж Байронның да өзгелерге ұқсамайтын ерекше хоббиі болған екен. Өзі оқыған мектептің жарғысына сәйкес сыныпта ит ұстауға тыйым салынғандықтан ол мектепке аюдың баласын әкелген көрінеді. Жарғыда аю туралы айтылмағандықтан ақынға шектеу қоюдың заңды жолы болмаған. Мектепте оқып жүргенде болашақ жазушы аюдың баласын ғана емес, қолтырауын, құтан, борсық, бүркіт және түлкі асыраған екен.

Жазушы, ақын, драматург Баянғали Әлімжанов: «Өнер адамдары мен әйгілі ақын-жазушылардың өмірлерінде өздерінің қызық хоббиі болған ғой. Мысалы, Тұрсынбек Кәкішев ағамыз әмиян тігумен айналысқан. Хобби – өмірдің қызығы. Хоббимен айналысу – ақын-жазушылар үшін белсенді демалыс. Ал Абайды танытқан қазақ әдебиетінің алыбы Мұхтар Әуезов қазақ футболының қарлығашы – «Ярыш» футбол клубының жартылай қорғаушысы болғанын біреу білсе, біреу біле бермейді», – дейді. Қазақ аяқдоп өнерінің тарихы дәл осы кәсі-

би клубтан бастау алады. 1913 жылы құрылған «Ярыштың» алғашқы матчында гол соғып команданы жеңіске жетелеген де – Әуезов екен. Ал көрнекті ақын Жүмекен Нәжімеденовтің кәсіби күйші болғанын білесіздер ме? Тіпті замандастары оған: «Солақайдың күдіретті күйшісі», – деген баға беріпті. Шәмші Қалдаяқов, Бақыт Әшімовалармен бірге кәсіби музыкалық деңгейде білім алған.

Екі ішек: бірі – бостау,

бірі – қатты,

Бес саусақ беретіндей ат дүбірін, – деп жырлаған Жүмекен Нәжімеденов – күй күдіретін тереңнен түсініп, қос ішектің қасиетін тани білген талантты ақын.

Домбыраны серік еткен жандардың тағы бірі – қазақтың Фаризасы. Ақынның көзін көргендер оның дәулескер күйші екенін алға тартады. Бұл туралы Бибігүл Төлегенова: «Фариза екеуіміз Қытайға іссапармен бардық. Жолда қай әнді шырқасам да, Фариза қосыла жөнеледі. Дауысы қандай! Мен Фаризаға: «Сенің ішінде бір әнші өліп жатыр ғой», – дедім. Ол болса: «Сендердің нандарыңды тартып алмайын деп өлең жазып кеттім ғой», – деп әзілдеді», – деп Фариза Оңғарсынованың Атыраудағы жыр кешінде айтыпты. Ал ақынды «Фариза! Фаризажан, Фариза қыз!» – деп өлеңіне қосқан Мұқағали бокспен шұғылданыпты. Өкінішке қарай, ақиық ақынның былғары қолғап киген суреті еш жерде сақталмаған.

Ағартушы-ұстаз, ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы да қолына фотокамера ұстап, өз дәуірінің қайталанбас тылсым сәтін қаз-қалпында түсіруді сүйікті ісіне айналдырған. Ана тілінің асқақ рухын паш еткен Ахмет Байтұрсынұлы тұңғыш рет төл емлемізбен жарық көрген ұлттық мерзімді баспасөз «Қазақ» газетін шығарған тұста оны фотосуретпен безендіріп, оның дерекке қосымша күш екенін, эстетикалық әсерін тиімді қолданған. Шәкірттерге арналған төлтума мектеп оқулықтарының бірнеше басылымын толықтырып, дайындау барысында ауадай қажет фотосуреттердің жетіспеуі еңбектің келісті келбетіне нұқсан келтірді. Сондықтан ұлт ұстазы фотоаппаратқа қолы жететін мүмкіндік туа қалса, бұл әуестік өнерін ғылым-білім саласындағы ізденісіне шығармашылық таяныш етуді көздеген.

Қазақ әдебиетіндегі сөздің жілігін шағып, майын ішкен нағыз майталман, өмірде өзінің тым талғампаз-

дығымен ерекшеленген жазушылардың бірі – Ғабит Мүсірепов. Қаламгердің аңшылыққа жаны құмар болғаны туралы естеліктер көп. Жұмыс ауыртпалығынан арылу үшін табиғат аясында серуендеп, жан сергітіп, әсем табиғатқа ішкі сырын ақтарып, шабыт алса керек. Мүсірепов туралы тағы бір естелікте оның үш мылтығы болғаны айтылады. Замандастары жазушының бильярд ойынына әуестігін де ерекше атап өтеді. Шарды таяқ арқылы торға түсіретін ойын шығармашылық адамдарына өте пайдалы екен. Жазудан шаршағанда достарымен бас қосып, осы бір ерекше такта үстіндегі қызыққа кіріп кететін жазушы жайында: «Қазақстанға бильярдты әкелген – Ғабей», – деген пікірлер де айтылып жүр. Бүгінде Ғабит Мүсірепов атында республикалық турнир өткізіліп тұрады.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, танымал жазушы Дулат Исабеков: «Қарап тұрсаң, хобби дегеннің өзі мамандық деңгейіндегі жанана қасиеттің бір түрі сияқты. Кезінде әркімнің белгілі іске аңсары ауады да, кейін түрлі жағдайларға байланысты басқа салаға бұрылып кетеді. Мысалы, жазушы Анатолий Ким Мәскеуден келген бір сәтінде: «Осында жатып кезекті романымды аяқтадым. Енді проза жазбаймын. Әу баста оқуын бітірген суретшілік кәсібіме қайта ораламын. Енді қалған ғұмырымды соларды жалғастыруға арнаймын. Әдебиет, негізінде, мен үшін хобби еді», – деп қалды. Жас кезде көп нәрсеге еліктейсің ғой. Өзім тоғызыншы класта жүргенде трактор да айдап көрдім, кейінірек телеграф монтажшысы болып жұмыс істеп жүріп, бағанаға өрмелеу жарысында аудан бойынша бірінші орын алғаным да бар. Кейіннен математика құштарландырған. Өмірдің кез келген саласында математиканың қажеттігін насихаттау ниетінен шығар, «Жұлдыз» журналында жүргенде басылымға осы кәсіп иелерін көбірек тартып, бірқатар мақала, очерктер сериясын жариялаптыз. Мұның өзі прозаға да мол көмегін тигізеді. Дуниетанымды кеңейтуге, бәріне...» – деп жастық дәуреніндегі хоббиі жайлы айрықша әсерімен бөлісті.

Адам болып жаратылған соң өмірді тек ішіп-жеумен өткізу – қателік. Жоғарыда аталған атакты ақын-жазушылардың өзі шығармашылықтан бөлек сүйікті істерімен айналысқан. Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені. Олай болса, әр адам өмірдің қызығын хобби арқылы таныса керек.

Дана САДЫРҚАН

ЖАЗУШЫНЫҢ АТЫНДАҒЫ КОНФЕРЕНЦ-ЗАЛ АШЫЛДЫ



Алматы облысы, Жамбыл ауданының №4 Қарғалы орта мектебінде қазақтың белгілі жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлы атындағы конференц-залдың ашылуына арналған салтанатты жиын өтті.

Іс-шараға жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының өзі және республиканың түкпір-түкпірінен келген қаламгерлер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері қатысты.

Қарғалы ауылының тұрғындары жазушының достары мен әріптестерін жылы қарсы алды. Олардың ішінде көрнекті мемлекет қайраткері, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев, драматург Серік Асылбеков, ақын Дүкен Мәсімхан, прозашы Сәуле Досжанова, «Ана тілі» газетінің бас редакторы, ақын Ерлан Жүніс, ҚР ҰҒА академиктері Ханкелді Әбжанов пен Берекет Кәрібаев, профессорлар Қансейіт Әбдезұлы, Тахир Балықбаев, Алмасбек Мәуленов, Алматы облыстық мәслихатының депутаттары Ләззат Тұрлашев, Дәулет Жарасбаев және Меруерт Молдашева және т.б. болды.

Акт залында жазушы және қоғам қайраткерінің әдеби кеші өтті, кештің ашылуында Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының бірінші орынбасары, жазушы Нұржан Қуантайұлы, белгілі публицист Күмісжан Байжан және Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Ақниет Тұматаев сөз сөйледі. Сондай-ақ жазушының «Миллионер» атты жаңа кітабының тұсаукесері өтті.

Нағашыбек Қапалбекұлының мектеп оқушыларымен ашық диалогі қонақтарға зор әсер қалдырды. Жазушы өзінің балалық шағы, жасөспірім кезі туралы, ата-анасы жайында айтып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

Прозашы өзінің кітаптарының бірнеше жүз данасын мектеп кітапханасына сыйға тартты, сонымен бірге мемлекеттік наградаларын мектепке сақтауға тапсырды.

Өз тілшімізден

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы белгілі әдебиет сыншысы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлына інісі

Токсейіт ӘБДЕЗҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы белгілі ақын Жәниба Қарасаеваға ұлы

Нұрлан АМАНКЕЛДІҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Берік САДЫР

Анекдотпен аяқталатынын КҮНДЕЛІК

(Жалғасы. Басы өткен санда)

27 маусым, 1982 жыл

Түскі ас кезінде жазушылар Оразбек Сәрсенбаев пен Қажығали Мұханбетқалиев тәуірлеу әңгіме айтып, біздің құлақ құрышымызды қандырды.

Оразбек Толстойға Горькийдің жазған хатын оқыған екен, хаттың мазмұнын әңгімелеп бергені керемет болды. Горький Толстойдың ит терісін басына қаптап, адам ретінде кім екенін ашып берген екен. Горькийдің хат жазуына Толстойдың өзі себепкер болған көрінеді. Ол Батыс басылымдарының бірінде революцияны жоққа шығарып, «Адам баласының жетілген қоғамы – патшалық заман», – депті. Осы мезет Қажекен оны оқымағанын мойындап құлдық ұрғанда, Оркең оның табағынан бір мантины шаншып алып аузына салып жеді, біз риза болып күлдік

...Біраз ас ішіп ішке ел қонған соң әңгіме жазушы адамдардың бар болмысы, әрекеті мен оның ел-жұртқа айтар ақылы, идеясы қарама-қайшы келіп жататынына тірелді емес пе. Бұл әңгімені қозғаған, атын білмеймін, Аянның бұрынғы әйелі болды. Ол дірілдей отырып ашына сөйледі. Оразбек олардың онысын жат қылық, өнер адамына тән нәрсе емес екенін айтып қалып еді, Қажекен: «Мәселен, сіз, қыздарға қарамайсыз, көлденең жүрмейсіз, теріс қылығыңыз жоқ, бұл – сіздің үлкен кемшілігіңіз. Ал бұл әрекет өзіңізге ұнағанмен, әр адам әр басқа, оның болмыс-бітімі, құрылымы бөлек-бөлек болғаны секілді өмірді түсінуі, әр нәрсені түсінуі әр басқа. Сіз ғой жаңағыңызды қанағат тұтасыз. Мүмкін біз содан әсер алып, өмірге

тереңірек үңіліп, інжуін мол етіп теруіміз мүмкін», – деді. Қажекенде қызбалық бар, айтатынын шыр-пыр болып айтты. Оразбек те өмірдегі адалдықты, мөлдір махаббатты аялай білу керегін көп айтпай-ақ түйіндеп тастады. Ең соңында Қажығали: «Сіздің пәк жүрісіңіз – кемшілігіңіз ал біздің солшыл әрекетіміз – ерлігіміз», – деп мұртын сипап болмаған

9 тамыз, 1982 жыл

Осекене бардым. Бұл барысым – менің әңгімелеріме жазған жол-ашарын алып қайту еді. Жазып қойыпты. Сондағысы:

«Бала кезімде бір жырау қарияның өленін естіп едім. Былай дейді:

*Сәлем берген ініні «жаным»
десе болады,*



соң, Оразбек: «Сенің қыз-қырқынға қырғидай тиетінін білмейтін пенде жоқ. Ал сенің қырып-жойғаның біршама, бұның ерлік, молодец! Ал мына жаман шал тыныш жүр деймісін. Сенен асып түспесек, кем қалмаймыз. Ал мұндағы ерлік – соны ел-жұртқа білдірмей жүзеге асыруда... Көрдін бе, сенің кемшілігің қайда жатыр?» – деп тоқтады...

* **Айтылған әңгімелерге орай «ақыл әзіл» келтірейін.**

Үйленіп жатқан баласына әкесі: «Балам, саған айтар екі ақылым бар. Біріншісі – алғашқы күннен-ақ жетісіне бір түніңді жолдастарыңмен бірге өткізудің жайын жасап ал. Ал екіншісі – ол түніңді жолдастарыңмен өткізіп, есалаң болма.

Шөлдеп ішкен сусынды «балым» десе болады,


Инабатты қыздарды «сәнім» десе болады,

Ерін күткен әйелді «ханым» десе болады.

Сол қария айтқандай, сәлемін күткен, қағазын күткен, қаламын күткен, қалжыңбасын күткен, қазағын күткен қалжыңбас балаға ризамын!

Баланың мұрты бар, баяғы барымташыларға ұқсайтын тұрқы бар, Нарынқол деген жұрты бар, сықақшы болатын сұрқы бар. Болсын!

Жоғарыдағы қарияның сөзіндей, қаламын, қағазын қатты күтетін бала екен. Қағазың да, қаламың да Құлагердей жүйрік болсын! Құлагер секілді алдыңнан «ағаларың» шықпасын.



Айтқаным келсін! Әңгімелері сөзімнің соңында».

Ғажап шыққан. «Лениншіл жасқа» әңгімеммен ұсынатын болдым. Осаған газеттің бастығы Сейдахмет Бердіқұловқа өзі апарып табыстайтын болды.

«Қаламгерге» жүріңіз деп едім: «Онда барсақ, бассалады», – деп бармай қойғаны жанға жағады, үйдегі жеңгеден қаймығатын сияқты. Ақшаның жоқтығы... Әйтпесе, осындай ағаны керегінше риза ету мына біздің міндетіміз емес пе.

* **Анекдот.**

«Қаламгер» кафесінде Асқар Сүлейменов, Жарасқан Әбдірашев, Дүйсенбек Қанатбаев үшеуі кофе ішіп, өзара әңгімелесіп отырса, бір жақтан Оспанхан Әубәкіров келіп қалыпты. Өзі әжептәуір қызулау екен.

– Асқар, сен кофеге көшкенсің бе? – депті Осекең тамырдан тартып сөйлеп.

– Кешіріңіз, – депті Асқар, – талтүсте де адам танымайтын болғансыз ба? Мен Асқар емеспін, Зейнолла Серікқалиев деген сыпайы сыншымын.

Осекен бірден айтқысы келіп:

– Ей, Жарасқан! – дей берген екен, ол да сөзін бастырмалатып:

– Кешіріңіз, – депті, – мен Жарасқан емес, Шөмішбай Сариевпін.

Аң-таң болып, айыға бастаған Осекен:


– Дүйсенбек! – дей бергенде, Асқар айтыпты:

– Сіз немене, әркімді әркіммен шатастырып? Бұл кісі Дүйсенбек Қанатбаев емес, Сәкен Иманасов.

Сонда Осекен:

– Сірә, мен Сағи Жиенбаев шығармын, – деп бұрыла бергенде, үшеуінің ішек-сілесі қатып:

– Ойбай, Осеке! Келіңіз, тағы да танысайық! – депті.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы **Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

Бас редактор **Дәурен ҚУАТ**

Бас редактордың орынбасары – жауапты хатшы **Дархан БЕЙСЕНБЕК**

Шолушылар **Еркін ЖАППАСҰЛЫ, Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА**

Art-редактор **Марат СӘБДІКЕН**

Компьютер орталығының жетекшісі **Данияр ҚАБА**

Меншікті тілшілер: **Елдос ТОҚТАРБАЙ**, Түркия
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ, Жамбыл, Түркістан,
Қызылорда облыстары

Абзал СҮЛЕЙМЕН, Жетісу облысы

Терімші **Рысқұл ЖҰМАБАЕВА**

Корректорлар **Айнаш ӘЛДИБЕК**
Айгүл БОЛАТХАНҚЫЗЫ

Хатшы-референт **Айгүл БЕРДИЕВА**

Кезекші редактор Дархан БЕЙСЕНБЕК

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

(қабылдау бөлімі),

8 (727) 272-81-09,

8 (727) 272-81-10

(бөлімдер),

8 (727) 272-59-27

(компьютер орталығы).

e-mail:

Kazakh_adebiety@mail.ru

Мекенжайымыз: 050009.

Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105. 3-қабат.

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2008 жылғы 11 ақпанда №8982 – Г куәлігі берілген.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылды. С.Мұқанов, 223 «В». Офсеттік басылым.

Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Индекс 65353. Таралымы 15 000. Тапсырыс 895.